

Директорлар кеңесі мәжілісінің
2017 жылғы «20» маусымдағы
№ 06-20 хаттамасымен бекітілген

**«БАНК KASSA NOVA» АҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУ, БАНКТИК ШОТТАР ЖӘНЕ
ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫН АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ШАРТТАР**

Кіріспе	2
Клиенттің мәлімдемелері мен кепілдіктері	2
Анықтамалар	3
Клиент-субъектінің дербес мәліметтерді жинауға және дербес мәліметтерді өңдеуге келісімі	11

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ағымдағы шот ашу	11
2. Төлемдер және ақша аударымдары	12
3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	
4. Кассалық қызмет көрсету	12
5. Шетел валютасымен операциялар	13
6. Шетел валютасын сатып алу-сату	13
7. Клиенттің Банкпен көрсетілетін қызметтерге төлемі	14
8. Шот бойынша үзінді-көшірмелер/Анықтамалар/Ақпарат	14
9. Хабарламалар. Шұғыл байланыс құралдарын пайдалану	15

II. ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер	16
2. Карточканы пайдаланумен карточка шығару және карточкалық операциялар жүргізу	16
3. Техникалық овердрафт	17
4. Карточканы пайдалану ережесі	18
5. Карточкалық операциялар бойынша алаяқтық	24
6. Карточкалық операциялар бойынша санкцияланбаған төлем және өзге талаптар бойынша шағымдарды қарау	28
7. Төлем карточкасымен шотқа қызмет көрсетуді тоқтату	28
8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	29
9. Тараптардың жауапкершілігі	30

III. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

1. Электрондық банктік қызмет ұсынудың негізгі шарттары	31
2. Қауіпсіздік тәртібі	31
3. «My Kassa» жүйесіне тіркеу	32
4. Интернет-банкинг арқылы электрондық банктік қызмет ұсыну	33
5. Мобилді банкинг арқылы электрондық банктік қызмет ұсыну	33
6. Клиенттің электрондық банктік қызмет ұсынуға байланысты шағымдарын қабылдау және даулы жағдайларды шешу	34
7. Электрондық банктік қызмет ұсынуды тоқтата тұру және тоқтату	34

IV. ЖИНАҚ ШОТТАРЫ (ДЕПОЗИТТЕР)

1. Жалпы ережелер	35
2. Салым енгізу	36
3. Салым бойынша сыйақы	37
4. Банктік салым шартының әрекет ету мерзімі. Салымды қайтару.	
Жинақ шотын жабу	37
5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	38

V. ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Форс-мажор	39
2. Құпиялылық	39
3. Арнайы шарттар	40
4. Тараптардың жауаптылығы. Жауаптылықты алып тастау	41
5. Дауларды реттеу	42
6. Юрисдикция. Қолданылатын құқық	42
7. Қорытынды ережелер	43

КІРІСПЕ

Осы Жалпы Шарттар шоттарды және төлем карточкаларын ашуға, жүргізуге, жабуға, төлемдер мен аударымдарды жүргізуге, осы Жалпы Шарттарда сипатталған өзге қызметтерге байланысты туындайтын Банкпен және Клиент арасындағы қатынастарды реттейді. Жалпы Шарттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Банктің шоттарды және төлем карточкаларын ашу, жүргізу, жабу, төлемдер мен аударымдарды жүргізу, осы Жалпы Шарттарда сипатталған өзге банктік қызметтер мәселелері бойынша Банктің ішкі нормативтік құжаттары негізінде жасалған, және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар Шартқа қол қоя тұрып, Клиент төмендегілермен келіседі:

- Жалпы Шарттарды алғанына, оқығанына, ұғынғанына және толық көлемде, қандай-да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз ережелерімен келіседі, және осы Жалпы Шарттардың барлық ережесін уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді;

- өзіне Жалпы Шарттардың ережесін орындамау және/немесе тиісті орындамау бойынша барлық мүмкін жағымсыз салдарларды қабылдайды.

Клиент қажетті шоттар және/немесе қызметтер тізімін дербес белгілейді. Банк Клиенттен Клиентке нақты көрсетілетін қызметтерге ғана комиссия алады. Егер Клиент Банкпен осы Жалпы Шарттарда көзделгендерден басқа өзге қызметтер алуды қаласа, бұл жағдайда Клиентпен Банктің қатынасы Тараптармен қол қойылған тиісті қызмет көрсетуге арнайы жағдайлар мен шарттармен реттеледі.

Осы Жалпы Шарттардың ережелері, оның ішінде және Банкпен ерекше қатынастардағы тұлғалармен, қатынастарды реттейді. Және Банкпен ерекше қатынастарда байланысты тұлғамен жасасылған шот ашуға Өтініштің стандартты шарттарына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізген жағдайда осындай шарттар Банктің Директорлар кеңесімен бекітілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңының талаптарына сәйкес Банкпен ерекше қатынастарда байланысты тұлғаларға жеңілдік шарттарын ұсынуға тыйым салынады.

КЛИЕНТТИҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ МЕН КЕПІЛДІКТЕРІ

Осымен Клиент Өтінішке қол қойған күнге дұрыс және шынайы болып табылатын мәлімдемелер (бекітулер) мен кепілдіктер береді және оның әрекет ету кезеңі ішінде немесе кез келген ұзартқан, өзгерткен, толықтырған кезеңге осындай болып табылады:

Клиент қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарын сақтайды және қазіргі уақытта мемлекет сияқты оның органдарынан, үшінші тұлғалардан да оған мәлім қандай-да бір құқықтық талаптары, қуынымдары жоқ.

Клиент шотты қолданыстағы заңнамаға толық сәйкес пайдаланады.

Шот ашуға Өтінішке қол қойғанға дейін Клиент тиісті түрде қолданыстағы заңнаманы, оның ішінде валюталық бақылау реттеуші мәселелерін бұзу жауаптылығынан хабардар.

Клиент Банктің Клиент қолданыстағы заңнама ережелерін бұзған жағдайда Банктің заңнамамен көзделген барлық қажетті әрекеттерді қолдануға және осындай бұзушылық туралы құқық қорғау және өзге мемлекеттік уәкілетті органдарға хабарлауға міндеттемесі туралы хабардар.

Шот ашуға Өтінішті орындау мақсатында Клиентпен ұсынылған барлық ақпарат шынайы, толық және дәл болып табылады.

Клиент және/немесе оның уәкілетті өкілдері шот ашуға Өтінішке қол қою және орындау бойынша барлық қажетті құқықтар мен өкілеттіктерге ие.

Клиенттің шот ашуға Өтінішке қол қоюы Клиент тарабы болып табылатын қолданыстағы заңнама ережелеріне, кез келген шарттарға, уәкілетті мемлекеттік органдардың кез келген шешімдеріне немесе ұйғарымдарына қайшы емес, және қайшы болмайды.

Осы Шарттарға сәйкес Банктің және Клиенттің арасында қол қойылған кез келген Өтініш Тараптар үшін заңды, жарамды, міндетті болып табылады.

АВТОРЛАНДЫРУ

эмитенттің төлем Карточкасын пайдаланумен төлем жүргізуге рұқсаты. Авторландыруды алу тәртібі төлем карточкалары жүйесінің ішкі ережелеріне және/немесе төлем карточкалары жүйесінің Қатысушылары арасында жасасылған шарттарға сәйкес белгіленеді.

КАРТОЧКАНЫ ЖОЮ

Карточканы жарамсыз деп тану, оны айналымнан алып тастау және магнит жолағының/микропроцессордың бүтіндігін міндетті бұзумен тігінен және көлденінен төрт бөлікке қию.

СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Банкпен белгіленген қауіпсіздік тәртібін пайдалану жолымен электрондық құжатты жасаудың түпнұсқалылығы мен дұрыстығын растау.

БАНК

«Банк Kassa Nova» акционерлік қоғамын, оның филиалдарын/құрылымдық бөлімшелерін білдіреді.

БАНКОМАТ

карточка Ұстаушының қолма қол ақша беруге және Карточканы пайдаланумен Банкпен қосымша қызметтер

алуына арналған электрондық-механикалық құрылғыны білдіреді.

КАРТОЧКАҒА ТЕЖЕУ ҚОЮ

карточканы пайдаланумен операцияларды жүргізуді толық немесе уақытша тоқтата тұру бойынша шаралар кешенін білдіреді.

БЕНЕФИЦИАР

Клиент болып табылмайтын Карточкалық операция бойынша ақша аударымын алушы:

- сауда және сервис кәсіпорны;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалар;
- коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғалар;
- мемлекеттік билік және басқару органдары.

Байланыссыз төлем карточкасы

оның ұстаушысына операция жасау сәтіне төлем карточкасын және электрондық терминалдардың және өзге құрылғыларды физикалық жанастыруды талап етпейтін сымсыз байланыс технологиясын пайдалану негізінде байланыссыз тәсілде төлем жүргізу мүмкіндігін ұсынатын төлем карточкасы

БАНКТИҢ ВЕБ-САЙТЫ

Банктің ресми веб-сайты, www.kassanova.kz электрондық мекенжайы бойынша Интернет желісінде ашылған ВЕБ-САЙТ «WWW.MYKASSA.KZ»

Банктің веб-сайты, www.mykassa.kz электрондық мекенжайы бойынша Интернет желісінде ашылған және Клиентке электрондық банктік қызмет көрсетуге арналған.

ВИРТУАЛДЫ КАРТОЧКА – оның Ұстаушысына тек қана интернет-төлемдер жүргізуге мүмкіндік беретін төлем карточкасы. Виртуалды карточка пластикалық тасымалда немесе электрондық түрде (карточканың деректемелері Банктің банкоматы немесе интернет-банкинг арқылы ұсынылады) шығарылады.

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ІШКІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

карточкалар шығару жүргізілетін және оларды төлем Карточкалары жүйесінде пайдаланумен төлем жүргізілетін ереже

ШОТ БОЙЫНША ҮЗІНДІ-КӨШІРМЕ

нақты кезеңге шот бойынша кредит/дебет операциясын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге ақпаратты сипаттайтын жазбаша үзінді-көшірме. Үзінді-көшірме шот бойынша операция жүргізуге жеткілікті дәлел болып табылады.

КАРТОЧКАЛАР ШЫҒАРУ

Тараптармен қол қойылатын және Карточка ұстаушының өтінішімен шот ашуға Өтініш/«Банк Kassa Nova» АҚ корпоративтік төлем карточкасын беру және пайдалану туралы Шарт негізінде карточкалар беруді көздейтін операция.

СЫЙАҚЫ

Салым бойынша есептелетін және Банктік салым Шартының шарттарына сәйкес тәртіпте, мөлшерде және мөлшерлеме бойынша Банкпен төленетін ақшаны білдіреді.

СЫЙАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ (ТИІМДІ) МӨЛШЕРЛЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2006 жылғы 23-қыркүйектегі № 215 қаулысымен бекітілген қаржы қызметтері бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты жария ету кезінде екінші деңгейдегі банктермен сыйақы мөлшерлемесін есептеу Ережесіне сәйкес есептелетін қызметтер бойынша шынайы, жылдық, тиімді салыстырмалы есептеу бойынша сыйақы мөлшерлемесі.

ЖАҒАНДЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

саяхат кезінде карточка Ұстаушыларға ҚЖҚ шұғыл көмекті қамтамасыз ететін халықаралық қызмет. Осы бағдарламалар/қызметтер ҚЖҚ, оларды толық ауыстыру үшін емес, Банкпен карточка Ұстаушыларға ұсынылатын қызметтерді толықтыру үшін әзірленген.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА

операция жүргізу және/немесе шот ашу, жүргізу, жабу сәтіне қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын білдіреді.

ДЕБЕТТІК КАРТОЧКА

оның Ұстаушысына карточка Ұстаушының меншік ақшасы шегінде карточкалық операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін төлем карточкасы.

КАРТОЧКА ҰСТАУШЫ

атына Банкпен негізгі және/немесе қосымша карточка шығарылатын жеке тұлға немесе қол қойылған шот ашуға Өтінішке/«Банк Kassa Nova» АҚ корпоративтік төлем карточкаларын беру және пайдалану туралы Шартқа сәйкес корпоративтік карточканы пайдалануға құқығы бар заңды тұлғаның уәкілетті өкілі болып табылатын жеке тұлға.

АҚША

кез келген валютадағы қолма қол ақша немесе қолма қол ақшасыз ақша.

ДЕПОЗИТ (САЛЫМ)

оларды атаулы түрде қайтару шарттарында Клиентпен Банкке берілетін және Банкпен олар бойынша тиісті Шарттарме/Өтінішпен көзделген тәртіпте сыйақы төленетін ақша.

КЛИЕНТТІ ДИНАМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ – бір реттік кодты пайдалану жолымен электрондық банктік қызметтер алуға оның құқығын бір мағыналы растау мақсатында Клиенттің түпнұсқалылығын белгілеу тәртібі.

БАНКТІК САЛЫМ

Жалпы шарттардың/Өтініштің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Жалпы Шарттардың негізінде Банк және Клиент арасында жасасылған, Салым енгізуге және жинақ шотын ашуға, жүргізуге және жабуға байланысты Клиенттің және Банктің құқықтарын және міндеттерін реттейтін Өтініш негізіндегі Салымды білдіреді. Банктік салым салымның жеке шарттарын қамтиды, қоса, бірақ шектелместен, сыйақы мөлшерлемесін, мерзімді, салым сомасын.

СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ТҰЛҒА

Клиенттен Шот бойынша операциялар жүргізуге сенімхаты бар тұлға немесе Клиент атынан әрекет етуге өзгедей түрде уәкілеттенген тұлға.

ҚОСЫМША КАРТОЧКА

негізгі Карточка ұстаушының белгіленген талаптарымен лимит шегінде оның Шотындағы негізгі Карточка Ұстаушының ақшасына үшінші тұлғаға рұқсат құқығын ұсынатын негізгі Карточка ұстаушының өтініші негізінде Банкпен шығарылатын төлем карточкасы.

ҚОЛЖЕТІМДІ БАЛАНС

Клиенттің банктік шотындағы ақша қалдығын енгізетін ақша сомасы.

ТІРКЕЛГЕН ТЕЛЕФОН НӨМІРІ

электрондық банктік қызмет алуға өтініште Клиентпен көрсетілген ұялы байланыс операторымен Клиентке ұсынылған, электрондық банктік қызмет көрсетуге Банкпен сақталған және пайдаланылатын телефон нөмірі. Клиент интернет-банкингтің «Настройки» тарауында тіркелген телефон нөмірін дербес өзгертуге құқылы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ШОТ АШУҒА ӨТІНІШІ/ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖИНАҚ ШОТЫН АШУҒА ӨТІНІШІ

шот ашуға Өтініш/Жинақ шотын ашуға Өтініш/Шоттарды ашуға, жүргізуге, жабуға, төлемдер және аударымдар жүргізуге Жалпы Шарттарда баяндалған және Банкпен ұсынылатын өзге де қызметтерге байланысты Банктің ішкі құжаттарымен көзделген өзге де өтініштер және оның ажырамас бөлігі

ИНТЕРНЕТ-ТӨЛЕМ – Интернет желісінде немесе карточка деректемелерін пайдаланумен пошта-телефон тапсырысын жүргізу кезінде тауарларға/қызметтерге төлем бойынша қолма қол ақшасыз төлем.

ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ

Банктің Клиентке Интернет арқылы қашықтықтан электрондық банктік қызмет ұсыну технологиясы.

АҚПАРАТТЫҚ-БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Банктің Клиентке оның банктік шоттары бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы, жүргізілген төлемдер мен аударымдары және өзге ақпарат туралы, Клиенттің сұрауы немесе Ережемен көзделген тәртіпте Банк және Клиент арасында қол қойылған шот ашуға Өтініш бойынша ұсынылатын және ұсынылған банктік қызметтер туралы Банкпен Клиентке ұсынуға байланысты электрондық банктік қызметтер.

«МУ KASSA» ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС БОЙЫНША НҰСҚАУ (ӘРІ ҚАРАЙ – НҰСҚАУ)

«Му Kassa» жүйесінде операцияларды орындау тәртібі мен әдістерін белгілейтін Клиент үшін ережелерді, нұсқауларды және басшылықты қамтитын құжат.

КАРТОЧКА

карточка Ұстаушыға Шоттағы және/немесе тиісті Шартпен келісілген Кредит сомасы шегінде қол жетімді баланс шектерінде карточкалық операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін төлем карточкасы. Карточка Банктің меншігі болып табылады.

КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯ

СҚК тауарларына және қызметтеріне қолма қол ақшасыз төлем жүргізу, қолма қол ақша алу үшін Карточканы немесе оның деректемелерін (Карточканың нөмірі мен әрекет ету мерзімі/өзге деректемелері) пайдаланумен жүргізілетін операция, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен, халықаралық төлем жүйесі ережелерімен, халықаралық банктік тәжірибемен көзделген өзге де операциялар.

КЛИЕНТ

осы Жалпы Шарттарға сәйкес Банкте ашылған банктік шоттың иегері.

АВТОРЛАНДЫРУ КОДЫ

Банкпен берілген немесе Авторландыру жүргізуге қажетті төлем жүйесіне сәйкес әріп-цифрлық белгілердің бірегей жиынтығы.

КОД СӨЗІ

Клиентті телефон бойынша сәйкестендіруге Өтініште көрсетілген Клиентпен таңдалған цифрлық, әріп немесе әріп-цифрлық жиынтық.

АЙЫРБАСТАУ

Банкпен белгіленген валюта айырбастау бағамы бойынша жүргізілетін бір валютаны өзге валютаға ауыстыру құнын білдіреді.

БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

қызмет міндеттері: банктік қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңес беру, оның ішінде – электрондық банктік қызмет ұсыну болып табылатын Банктің бөлімшесі. Банктің Байланыс орталығы күн сайын Астана уақыты бойынша сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді, ресми мереке және демалыс күндерінен басқа (сенбіні және жексенбіні қоса).

КОРПОРАТИВТІК ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫ

эмитент және заңды тұлға-банктік шот иесі арасында жасасылған төлем карточкасын беру туралы шарт негізінде заңды тұлғаның уәкілетті өкіліне берілетін төлем карточкасы.

КРЕДИТ ШАРТЫ

Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Кредит карточкалары бойынша туындайтын қатынастарға байланысты Банктің және Клиенттің құқықтары мен міндеттерін реттейтін Банк және Клиент арасында жасасылған Шартты білдіреді.

КРЕДИТ КАРТОЧКАСЫ

Банкпен ұсынылған және оның шарттарында Кредит шектелімі шектері сомасында карточкалық операцияларды жүргізуге арналған төлем карточкасының түрі.

КРЕДИТ ЛИМИТІ

Банкпен Клиентке Кредит шартының шарттарына сәйкес оның сомасы шегінде мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық шарттарында ұсынылатын қарыз. Кейбір жағдайларда, сондай-ақ Кредит шартының шарттарына сәйкес оның сомасы шегінде қамтамасыз етушілік, мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық шарттарындағы қарызды білдіреді.

ЛОГИН – Клиенттің «My Kassa» жүйесіне енуіне арналған сандар жиынтығы, «My Kassa» жүйесінде тіркеу тәртібін жүргізген кезде автоматты құралады және Клиентке беріледі. Клиенттің логинді ауыстыру мүмкіндігіне жол берілмейді.

ШЫҒЫС ЛИМИТІ

Кредит шектелімін және карточка Ұстаушының Шоттағы меншік ақшасы қалдығын енгізетін ақша сомасы.

ИНТЕРНЕТ-ТӨЛЕМ ЖҮРГІЗУГЕ ЛИМИТ – нақты цикл ішінде интернет-төлемдер жүргізілетін шектегі ең жоғарғы сома.

ҚОЛМА ҚОЛ АҚША АЛУҒА ЛИМИТ – нақты цикл ішінде POS-терминалдар арқылы банкоматтарда және қолма қол ақша беру пункттерінде карточканы пайдаланумен қолма қол ақшаны алуға болатын шектегі ең жоғарғы сома.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ (ХТЖ)

осы төлем жүйесінің ішкі ережелеріне сәйкес Карточкаларды пайдаланумен төлем жүргізуді қамтамасыз ететін

бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың жиынтығы.

ЛЕЗДІК КАРТОЧКА – оған карточка Ұстаушының сәйкестендіруші мәліметтерін (аты-жөні) енгізбестен Банкпен шығарылатын, оған алдын-ала нөмір ұсынумен және әрекет ету мерзімі, карточка Ұстаушыға карточка алуға Банкке өтініш берген күні берілетін ПИН-код жасаумен берілетін төлем карточкасы.

МИДЛЕТ – «Android» платформасында 2.2 нұсқасында және жоғары немесе 5 нұсқасында Apple iOS мобилді құрылғы үшін мобилді банкингіті пайдалануға мүмкіндік беретін қосымша.

МОБИЛДІ БАНКИНГ

Банкпен Клиентке ұялы байланыс бойынша қашықтықтан электрондық банктік қызмет ұсыну технологиясы.

САНКЦИЯЛАНБАҒАН ТӨЛЕМ – төлемнің санкциялылығына талаптарын бұзумен жүргізілген төлем. Санкцияланбаған төлемдер болып, сондай-ақ жасанды төлем карточкаларын пайдаланумен жүргізілген төлемдер табылады.

ШОТ НӨМІРІ

жиырма белгіден (символдан) тұратын Клиенттің шоты бойынша Банкпен ұсынылған жеке сәйкестендіру коды.

ТӨМЕНДЕТІЛМЕЙТІН ҚАЛДЫҚ

салым мерзімі аяқталғанға дейін немесе тиісті Салымды бұзғанға дейін Шоттан алынуға жатпайтын ақша сомасын білдіреді.

КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ ЖАЛПЫ ЛИМИТ – нақты цикл ішінде кез келген карточкалық операциялар (интернет-төлемдер есебімен) жүргізуге болатын шектегі ең жоғарғы сома.

ОВЕРДРАФТ

шығындар лимитінен аса Клиентпен жұмсалған ақша сомасы. Техникалық овердрафт техникалық (сыйақы, Банктің комиссиялары, айырбастау кезіндегі айырма, offline тәртібіндегі операциялар) болуы мүмкін.

БІР РЕТТІК КОД

Клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және Клиентке электрондық банктік қызмет ұсыну кезінде бір реттік пайдалануға арналған электрондық цифрлық белгілердің бірегей жүйелілігі. Клиент электрондық банктік қызметке қайтадан мүмкіндік алған жағдайда жаңа бір реттік кодты жасау және пайдалану талап етіледі.

ОПЕРАТОР

қызмет міндеттері: карточкалар шығару мен пайдалану мәселелері бойынша кеңес беру; карточка бойынша шектеулер белгілеу/өзгерту/бұзу; карточкаға тежеу қою болып табылатын Банктің қызметкері. Операторлар ауысым бойынша, тәулік бойы, демалыс күндерінсіз жұмыс істейді. Оператордың телефоны карточкада және/немесе Банктің веб-сайтында және/немесе Банктің ақпараттық-жарнама материалдарында көрсетіледі.

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ

Қазақстан Республикасы аумағында ұялы байланыс қызметтерін ұсынатын заңды тұлға («Кар-Тел» ЖШС, «Алтел» АҚ, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС, «GSM Қазақстан» ЖШС, «Қазақтелеком» ААҚ).

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КҮН

жұмыс күні жергілікті уақыт бойынша сағ. 09:00-ден 18:00-ге дейінгі уақытты немесе Банкпен белгіленген өзге уақытты білдіреді. Операциялық күн Банкпен ұсынылатын операциялардың/қызметтердің түрлерімен ерекшеленуі мүмкін.

ПАРОЛЬ

«My Kassa» жүйесінде тіркеу тәртібін жүргізу кезінде Клиентке автоматты құралатын және берілетін «My Kassa» жүйесіне енуге арналған цифрлардың/әріптердің жиынтығы. «My Kassa» жүйесіне бірінші енгеннен кейін Клиент өз қарауы бойынша паролін ауыстыру мүмкіндігіне ие.

ПИН-КОД

карточкалық операциялар жүргізу кезінде карточка Ұстаушыны сәйкестендіруге қызмет ететін дербес сәйкестендіру нөмірі, жеке сандық код. Банктің Интернет банкингі жүйесін пайдаланған кезде Клиент Интернет банкингіге арналған кодты пайдаланады.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУШІ

тұрғындарға ақылы негізде қызметтің белгілі бір түрлерін (коммуналдық қызмет/ұялы байланыс/теледидар/Интернет және өзге қызмет) жүргізетін заңды тұлға.

САУДА ЖӘНЕ СЕРВИС КӘСПОРНЫ (ССК)

олармен жеткізілетін тауарлар және/немесе қызметтерге төлем бойынша қолма қол ақшасыз есеп айырысу төлемін жүргізуге карточка қабылдайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

SMS-ҚЫЗМЕТ ПРОВАЙДЕРІ

Банкпен SMS-қызметін ұсынуға шарт жасасқан және Банкке SMS-шлюз ұсынған заңды тұлға.

ТӨЛЕМДЕР ПРОВАЙДЕРІ

Банкпен қызмет көрсетуге шарт жасасқан және Банкке Клиенттен осы заңды тұлғамен шарттық қатынастарға ие қызмет жеткізушілерінің пайдасына төлемдер қабылдауға және өндеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық-техникалық құралдар кешенін ұсынушы заңды тұлға.

ҚАУІПСІЗДІК ТӘРТІБІ

оның электрондық банктік қызмет алу құқығын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық хабарламалар мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгертулерді анықтау мақсатында электрондық хабарламалар жасау, беру және алу кезінде Клиентті сәйкестендіруге арналған ұйымдастырушылық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдар кешені.

ПРОЦЕССИНГ ОРТАЛЫҒЫ (ПО)

Карталарды пайдаланумен төлем жүргізген кезде қалыптасатын ақпаратты жинақтауды, өндеуді және беруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ ХТЖ қатысушыларымен шарттарда көзделген өзге де қызметті орындайтын бағдарламалық-техникалық кешен.

ЖАСЫРЫН АТ

әрбір ағымдағы шотқа, банктік салымға, банктік қарызға, операция шаблонына «My Kassa» жүйесімен үнсіздік бойынша берілетін атау. Клиент өз қарауы бойынша жасырын атты өзгерту мүмкіндігіне ие.

ҚОЛМА ҚОЛ АҚША БЕРУ ПУНКТИ (ҚАБП)

Карточканы пайдаланумен POS-терминал арқылы қолма қол ақша қабылдау және/немесе беру бойынша операциялар жүргізу үшін жасалатын Банктің бөлімшесі (кассасы).

ЖҰМЫС КҮНДЕРІ

банктік операциялар жүргізу үшін ашық Банктің күндерін білдіреді.

САНКЦИЯЛАНҒАН ТӨЛЕМ

карточканы пайдаланумен жүргізілген төлем, егер төлем жүргізу кезіне карточкаға тежеу қойылмаса, оның әрекет ету мерзімі аяқталмаса, карточка төлем жүргізу үшін оның Ұстаушысымен төлем жүргізілген карточкалар жүйесінің ішкі ережелеріне сәйкес пайдаланылса, санкцияланған болып табылады.

ЖИНАҚ ШОТЫ

Банктік салым Шарты және Жалпы Шарттар негізінде Депозит қабылдау, ол бойынша сыйақы есептеу және Банкпен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген қызметтерді көрсету үшін ашылатын банктік шотты білдіреді.

СЕССИЯ

Клиент «My Kassa» жүйесінде электрондық банктік қызметті үздіксіз пайдаланатын уақыт кезеңі. Бір сессия ішінде Клиент электрондық банктік қызметтің шектеусіз санын алуға құқылы. Сессияның таймауты жағдайында «My Kassa» жүйесіне қайтадан ену логинді және парольді қайтадан теру жолымен жүргізіледі.

«MY KASSA» ЖҮЙЕСІ

Клиентке қол жетімді бағдарламалық қамтамасыз ету: 1) «www.mykassa.kz» веб-сайты арқылы және интернет-банкінгі пайдалануға жәрдемдесетін; 2) мобилді құрылғыда орнатылған және мобилді банкінгі пайдалануға мүмкіндік беретін мидлет арқылы.

СТОП – ПАРАҚ

эмитенттердің жазбаша өтініштері негізінде ХТЖ қалыптасатын пайдалануға тыйым салынған және оларды қызмет көрсетуге ұсынған кезде алынуға жататын карточкалар деректемелерінің тізімі.

ТАРАП/ТАРАПТАР

шот ашуға Өтінішке қол қойған Банкті және/немесе Клиенттерді білдіреді.

ШОТ

Банктің қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген Өтінім және Жалпы Шарттар негізінде Банкпен Клиентке ашылатын Ағымдағы және/немесе жинақ шоты.

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫМЕН ШОТ

қолданыстағы заңнамамен және осы Жалпы Шарттармен көзделген шот ашуға Өтінім негізінде Клиентке Банкпен ашылатын төлем карточкасы байланған кез келген валютадағы банктік шотты білдіреді.

ТАРИФТЕР

олармен көрсетілетін кез келген банктік қызметке және операцияларға алынатын сыйақы және Банктің комиссияларының мөлшерін белгілейтін Банктің тарифтерін білдіреді. Тарифтер бір тарапты тәртіпте Банкпен өзгертілуі мүмкін. Шот ашуға Өтініштің/жеке тұлғаның Жинақ шотын ашуға Өтініштің/«Банк Kassa Nova» АҚ корпоративтік төлем карточкаларын беру және пайдалану туралы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде тарифтер деп Банкпен қызмет көрсету немесе операция жүргізу сәтіне әрекет ететін тарифтер түсіндіріледі.

СЕССИЯНЫҢ ТАЙМАУТЫ

Клиент «Му Kassa» жүйесінде қандай-да бір әрекеттерді орындамаған жағдайдағы уақыт кезеңі, сессияның аяқталуы автоматты жүргізіледі. Сессияның таймауты үнсіздік бойынша 5 минутты құрайды, және Клиентпен 1-ден 10 минутқа дейінгі интервалда ретке келтіріледі.

АҒЫМДАҒЫ ШОТ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жалпы Шарттармен көзделген ағымдағы шотты ашуға, жүргізуге және жабуға/төлем Карточкасымен ағымдағы шотты/ол бойынша операциялар жүргізу, қызмет көрсетуге байланысты Банктің және Клиенттің құқықтары мен міндеттерін реттейтін банктік ағымдағы шоттың ажырамас бөлігі болып табылатын ағымдағы шот ашуға Өтініштің, осы Жалпы Шарттардың негізінде Банкпен және Клиент арасында жасасылған кез келген валютадағы банктік ағымдағы шотты білдіреді.

САУДА ТҮБІРТЕГІ

Карточканы пайдаланумен төлем жүргізілген фактіні растаушы құжат.

ХАБАРЛАМА

осы Жалпы Шарттармен, қолданыстағы заңнамамен, шот ашуға Өтінішпен, Банктің ішкі құжаттарымен көзделген тәсілдерде жөнелтілген Тараптардың жазбаша хабарламаларын білдіреді.

УӘКІЛЕТТІ ТҮЛҒА

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы емес Клиенттің Шоты бойынша операцияларды ашуға және жүргізуге Клиентпен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тиісті түрде уәкілеттенген тұлға.

УӘКІЛЕТТІ ОРГАН

өз құзыреті шегінде банктердің өз қызметін көрсетуін реттеуді және бақылауды жүргізетін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органын білдіреді.

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ

жасасылған Шарттарға сәйкес төлем карточкаларының нақты жүйесінің негізінде төлем карточкасын пайдаланумен төлем жүргізу кезінде жасалған төлем құжатын беру, өндеу және/немесе орындау бойынша міндеттемелер туындайтын жеке немесе заңды тұлға.

ЭКВАЙЕР

төлем карточкасын пайдаланумен төлем жүргізген кезде кәсіпкермен шарт шарттарына және/немесе кәсіпкерде жасалынған төлем құжаты шарттарына сәйкес банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін банк немесе ұйым, кәсіпкердің пайдасына түскен ақшаны қабылдауға және/немесе кәсіпкер шартымен көзделген өзге де әрекеттер орындалуы тиіс. Эквайер болып, сондай-ақ карточка бойынша қолма қол ақша беруді жүргізетін банк табылады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Клиенттің/өзінің банктік шот(-тар)(-ына) рұқсат алуына байланысты банктік шот(-тар)ы бойынша жүргізілген банктік шотт(-ард)ағы ақша сомасы туралы ақпарат алуға, төлем жүргізу және ақша аудару және/немесе Банкпен ұсынылатын телекоммуникациялар желісі бойынша, спутниктік байланыс немесе байланыстың өзге түрі бойынша банктік операциялардың өзге түрлерін жүргізуге байланысты қызметтер. Электрондық банктік қызметтер ақпараттық-банктік және транзакциялық-банктік қызметтерге бөлінеді.

ЭМИТЕНТ

карточкалар шығаруды жүргізетін Банк.

CVV–КОД (Card Verification Value ағылшын тіркесінің аббревиатурасы)

Интернет желісінде тауарлар мен қызметке төлем жүргізген кезде карточка Ұстаушыны сәйкестендіруге арналған сәйкестендіруші үш белгілі код.

CASHBACK – Банкпен белгіленетін және www.kassanova.kz сайтында Банк Тарифтерінде көрсетілген мөлшер шектерінде және шарттарында төлем карточкасы бойынша Клиентке қолма қол ақшасыз төлем (осы Жалпы Шарттардың 4.11.4-тармағында көрсетілген төлемдерді қоспағанда) сомасының бөлігін қайтаруды жүргізетін Банк қызметі.

POS–ТЕРМИНАЛ (Point of Sale ағылшын тіркесінің аббревиатурасы)

Карточкалар көмегімен СҚК қолма қол ақшасыз төлем жүргізуді және ІҚК қолма қол ақша беруді жүргізу үшін қолданылатын электрондық құрылғы.

SMS-АҚПАРАТТАНДЫРУ – Клиентке Банктің ішкі құжаттарымен және Шартпен белгіленген нысанда немесе Клиентке кіріс/шығыс қоңырау жалу кезінде SMS-ақпараттандыру қызметін қосуға телефон бойынша ауызша келісімі негізінде Клиенттің жеке сұрау салуды жүргізусіз тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама жөнелту жолымен карточкалық операциялар, жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы және өзге ақпаратты ұсынуына байланысты қызмет.

SMS-ХАБАРЛАМА

тіркелген телефон нөміріне SMS-қызметі провайдері арқылы Банкпен Клиентке берілетін белгіленген форматтағы қысқаша мәтіндік хабарлама.

SMS-ШЛЮЗ

Банк және SMS-қызметі арасында ақпаратты айырбастауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ Банкке ұялы байланыс операторы желісінде тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама жөнелтуге мүмкіндік беретін бағдарламалық-техникалық құралдар кешені.

КЛИЕНТ-СУБЪЕКТИНІҢ ДЕРБЕС МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМІ

Қазақстан Республикасының 2013 ж. 21-мамырдағы № 94-V «Дербес мәліметтер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабына сәйкес Клиент «Банк Kassa Nova» АҚ бекітілген Дербес мәліметтердің тізілімі, жинау және өңдеу мақсаттарымен танысқанын растайды және оларды жинауға және өңдеуге «Банк Kassa Nova» АҚ-на келісім береді.

Дербес мәліметтерді қорғау саласындағы құқықтар мен міндеттемелер клиентке түсіндірілді.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленетін дербес мәліметтерді қорғау мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етеді.

Банкпен міндеттерді орындауға қажетті және жеткілікті дербес мәліметтердің тізілімі

Дербес мәліметтер – олардың негізінде белгілі немесе анықталушы субъектіге қатысты электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасымалда (қоса, бірақ шектелместен) белгіленген дербес мәліметтер:

1. субъектіні тиісті сәйкестендіруге қажетті мәліметтер (клиенттің сауалнамасы және т.б.) (аты-жөні, азаматтығы; жеке басын куәландырушы құжаттағы мәліметтер; жеке сәйкестендіруші номер; туған күні туралы мәліметтер; жынысы; суреті; қолы; биометрикалық мәліметтер (дербес мәліметтер Банкпен тиісті жазбаша келісім болған жағдайда негізінде тұлғаны анықтау мүмкін субъектінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын биометрикалық мәліметтер және т.б.);
2. төлем қабілеттігін бағалауға қажетті мәліметтер (зейнетақы аударымдары, кіріс және шығыс туралы мәліметтер және т.б.); банктік салымдарының/шоттарының барлығы/жоқтығы туралы мәліметтер (шот номерлері, орналастыру мерзімі, сомасы, шоттар бойынша қалдық және сома қозғалысы және басқа мәліметтер); кредиттердің (қарыздардың), бағалы қағаздардың барлығы/жоқтығы туралы мәліметтер, оның ішінде сенім білдірілген басқармадағы және сақтаудағы (шарттар мәліметтері, оның ішінде шот номерлері, банктік карталар номері, банктік карталар бойынша кодтық ақпарат, алынатын жылжымайтын мүлік нысандарының мекенжайлары, кредиттеу шарттары (сома, мерзім және т.б.), кредиттеу мақсаты, кепіл туралы мәліметтер, банктік карталар типі, лимиттер және өзге мәліметтер);
3. отбасылық/әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер (неке туралы куәлік мәліметтері, ерінің (зайыбының) аты-жөні, ерінің (зайыбының) төлқұжат мәліметтері; асырауындағы адамның және (немесе) отбасы өзге мүшелерінің барлығы/жоқтығы туралы мәліметтер, олардың аты-жөні, туған жылы, туыстық дәрежесі); субъект ресми тұлға және (немесе) қамқоршысы болып табылатын жеке тұлғалардың тізімі; өзге мәліметтер);
4. байланысты қолдауға қажетті мәліметтер (тіркелген жері, тіркелген орны, нақты тұратын (келген) жері, жұмыс орны және қызметі; телефон номері (үйінің, жұмысының, ұялы), электрондық почта мекенжайы және т.б.);
5. Банкпен операциялар жүргізу, мәміле жасасу бойынша - шарттардың (келісімдердің) және осындайларға барлық ажырамас бөліктердің мәтіндері, келісімді мәлімдеу, хат алысу, операцияны жүргізу туралы нұсқаулар (төлем, кассалық және өзге құжаттар), құқық белгілеуші құжаттар, банктік шот және төлем карточкаларының номерлері, іскерлік қатынастар мақсаты және сипаты және т.б.;
6. білімі туралы мәліметтер, кәсіби қызметі, қызмет жағдайы: білімі, біліктілігі, қызметі, ғылыми дәрежесі/атаға, кәсіби палаталарға/ұйымдарға мүшелігі, партиялылығы, шет тілін меңгеруі және өзге

мәліметтер; жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, лицензияланатын қызметті жүргізуге лицензия мәліметтері, аттестаттар, патенттер, дипломдар, сертификаттар; соттылығының болуы/жоқтығы туралы, қылмыстық/әкімшілік жауаптылыққа тарту, әскери қызметке қатысу туралы мәліметтер;

7. мүлік туралы мәліметтер: субъектінің мүлкі және/немесе қарыз бойынша қамтамасыз етуші болып табылатын үшінші тұлғалардың мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ субъектінің өзге (кез келген) мүлкі туралы, мүліктің жалпы және сәйкестендіруші сипаттамасы, құқықты тіркеу туралы мәліметтер, кез келген форматтағы осындай мүліктің бейнесі (сурет), мүлікке ауыртпалықтың болуы туралы мәліметтер, тіркеу туралы мәліметтер; мүліктің құны, орналасқан жері (мекенжайы) және өзге мәліметтер);

8. Банкке қажетті өзге де мәліметтер, оның ішінде сауалнама толтыруға, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес құжатты құрастыруға (оның ішінде субъектінің заңды тұлғалардың капиталына қатысуы туралы ақпарат – қатысу үлесі, акциялар саны (үлесі); атқаратын қызметі, сондай-ақ осындай мәліметтерді өзгерту немесе толықтыру туралы мәліметтер; аталған мәліметтерді өзгерту немесе толықтыру туралы ақпарат.

Субъектінің дербес мәліметтерін жинау және өңдеу немендегі мақсаттарда да жүргізіледі:

1) Банкпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік және (немесе) өзге қызмет көрсетілетін субъектінің өтінішін қарау (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның өтініші);

2) Банкпен мәмілелер жасасу мүмкіндігін, Банкпен операциялар жүргізу, субъектінің Банкпен көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігін қарау;

3) тапсырмалар, бұйрықтар, өкімдер, тапсырыстар аясында мәмілелер/жасасу/орындау үшін және т.б., оның ішінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында, халықаралық ұйымдастырылған/ұйымдастырылмаған сыртқы нарықта Банкпен субъектінің дербес мәліметтері ұсынылуы мүмкін мәмілелер жасасуға/операцияларды орындауға тапсырма(-лар) және (немесе) бұйрықтар (тапсырыстар) аударымы/маршрут өтетін есептік ұйымдарға, депозитарийлерге, кастодиандарға, шетел кастодиандарына, қор биржаларына, халықаралық есеп (төлем) жүйелеріне, субъектінің контрагенттеріне (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның контрагентіне) және барлық банктерге/процессинг ұйымдарына;

4) Банкті ішкі бақылау және есебі үшін, сондай-ақ тиісті шарттар (келісімдер) бойынша субъектінің (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның) және Банктің өз міндеттемелерін тиісті орындауын бақылау және растау үшін;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес валюталық бақылау қызметін орындау үшін іскерлік қатынастарды белгілеу және клиенттің операцияларын жүргізу кезінде өз клиентін Банктің (қаржы мониторингі субъектісі ретінде) тиісті тексеруі бойынша міндеттемелерді орындау үшін;

6) Банкпен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген құжаттарды, материалдарды, құжаттаманы сақтау жөніндегі міндеттерді орындау үшін;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие субъектінің және (немесе) үшінші тұлғалардың сұрауы бойынша тиісті шарттар (келісімдер) бойынша Банк және субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның) арасында операцияларды жүргізуді растау үшін;

8) Банк құқықтарын сотта және соттан тыс қорғау, үшінші тұлғалармен даулы жағдайларды қоса және осындай шарттар (келісімдер) бойынша берешекті өндіріп алу бойынша шараларды жүргізу үшін, сондай-ақ кепіл мүлкін сатуға байланысты сауда-саттық өткізу тапсырылатын коллекторлық агенттіктермен және (немесе) Банктің мамандандырылған өзге тұлғаларымен немесе қызметкерлерімен Банктің жұмысы үшін;

9) Банкпен бір қарыз алушыға ең жоғарғы мөлшердегі тәуекел есебі және үшін пруденциалды және өзге нормативтерді және лимиттерді сақтау және «ашықтықты» тексеру үшін;

10) Банктің субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) және Банк арасында жасасылған (жасасылуы мүмкін) кез келген мәмілені/операцияны жасасуға және (немесе) орындауға қатысты үшінші тұлғалармен өзара әрекеті үшін (оның ішінде сенім білдірілген тұлғалар, заңды өкілдер, кепілгерлер, кепіл берушілер, бірлесіп қарыз алушылар, сақтандырушылар және т.б.);

11) уәкілетті органдарға, аудиторлық, бағалау және өзге құзырлы ұйымдарға, мемлекеттік және жеке кредит бюросына есеп және (немесе) ақпарат ұсыну үшін;

12) егер осындай сақтандыру тиісті шарттармен (келісімдер), Банк өнімдерімен көзделсе, тәуекелді және (немесе) сақтандырудың өзге түрлерін жүргізу үшін, «Жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру Қазақстан қоры» АҚ-на ақпарат ұсыну үшін;

13) егер осындай беру субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) және Банк арасында жасасылған тиісті шарттар (келісімдер) шарттарымен көзделсе, субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) және Банк арасында жасасылған шарттар (келісімдер) бойынша Банкпен талап құқығын беру бойынша мәмілелерді жүргізу үшін;

14) субъектінің (субъект өкілі болып табылатын тұлға) Банкпен қатынастары тарихы есебімен әрі қарайғы банктік қызметке маркетингтік және жарнама акцияларын әзірлеу үшін;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген (көзделуі мүмкін) өзге де мақсаттарға.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1- БАП.

АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫ АШУ

1.1. Клиент Банкке шот ашуға және/немесе Карточка шығаруға толтырылған өтінішті және қолданыстағы заңнама және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келетін Банкпен белгіленген барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

1.2. Банк Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде шот ашу немесе

шот ашудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

2.1. Банк шот ашуға Өтінішті және/немесе Карточка шығаруды орындауға қабылдамайды:

a. анық емес нұсқауларды қамтитын;

b. Клиентпен/Уәкілетті өкілмен толтырылмаған немесе қол қойылмаған;

c. қолданыстағы заңнамамен көзделген мәліметтерді қамтымайтын;

d. қате ақпаратты қамтитын;

e. қарындашпен толтырылған;

f. түзетулерді қамтитын;

g. қолданыстағы заңнаманы бұзатын операциялар жүргізу туралы нұсқауларды қамтитын;

h. қолданыстағы заңнамамен, Банктің ішкі құжаттарымен көзделген өзге жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Банк Клиентке осындай Өтініштерді орындаусыз қайтарады. Банк осындай нұсқауларды орындаудан бас тартуға байланысты туындайтын салдарларға жауап бермейді;

1.1. Клиентпен ұсынылған құжаттарды тексергеннен және шот ашу туралы оңды шешім қабылдағаннан кейін Банк ағымдағы банктік шот ашады, жеке сәйкестендіру кодын ұсынады.

1.2. Ағымдағы шотқа қызмет көрсету шарттары ағымдағы банктік шот ашқаннан кейін күшіне енеді және ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттарда оны тоқтатқанға дейін әрекет етеді.

1.3. Банк Клиенттің пайдасына келіп түсетін ақшаны қабылдауға міндеттенеді, Клиентке немесе үшінші тұлғаларға Шоттан ақша сомасын аудару (беру) туралы Клиенттің өкімін орындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жалпы Шарттармен көзделген өзге де қызметтерді көрсетеді.

1.4. шот ашуға Өтінішке қол қоя тұрып, Клиент Жалпы Шарттардың ережелерімен келіседі, сондай-ақ Жалпы Шарттардың барлық ережелері және шот ашуға Өтініш Клиенттің мүдделеріне және ерік-қалауына толық сәйкес келетінін растайды.

1.5. Клиент Банкпен көрсетілетін қызметтерге шот ашуға Өтінішпен, Жалпы Шарттармен және Банктің Тарифтерімен көзделген тәртіпте және шарттарда төлеуге міндеттенеді.

1.6. Банк өз қарауы бойынша Клиентпен қосымша келісімінсіз қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шот ашуға/жүргізуге/жабуға, Карточка шығаруға және қызмет көрсетуге қажетті құжаттар тізіліміне өзгертулер енгізуге құқылы. Қосымша құжаттар ұсыну қажет болған жағдайда Клиент Жалпы Шарттарға қосылумен өз келісімін білдіреді және Банкпен белгіленген мерзімде Банкпен көрсетілген тізілімге сәйкес оларды ұсынуға міндеттенеді.

1.7. Шотты жүргізуге қатысты (қоса, бірақ шектелместен, компанияның заңды мәртебесінің, Клиент атынан қол қоюға құқылы тұлғалардың аты-жөнінің өзгеруі және т.б.) дербес мәліметтер және/немесе ақпарат өзгерген жағдайда Клиент 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде осындай өзгертулерді растайтын құжаттарды қоса берумен Банкке хабарлауға және салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті. Кез келген өзгертулер Банк үшін Банспен хабарлама және тиісті растаушы құжаттарды алғаннан кейін ғана жарамды.

1.8. Банкпен Клиентке ашылатын шот Клиентке немесе Клиенттің нұсқауы бойынша үшінші тұлғаларға ақша қабылдауды, аударуды және беруді жүргізуге және қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де қызметтерді жүргізу үшін пайдаланылады.

1.9. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке тұлғалардың шоттарындағы ақша қалдығы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдарына (депозиттеріне) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) туралы» Заңына сәйкес салымдарды (депозиттерді) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады. Клиент салымдар бойынша төлем шарттарымен, сондай-ақ жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі Банк-қатысушысының куәлігімен танысқанын растайды.

1.10. Клиент шотта орналастырылған ақшаны Банктің пайдаланғаны үшін, егер Тараптар өзгедей қосымша келіспесе, Клиентке есептелмейтініне және төленбейтініне келіседі.

1.11. Банк Клиенттің ағымдағы шоты бойынша операциялардың келесі түрлерін жүргізеді:

a. Клиенттің пайдасына ақша қабылдау/есепке алу;

b. Жалпы Шарттармен көзделген тәртіпте ақша аудару бойынша Клиенттің өкімдерін орындайды;

c. қолданыстағы заңнамамен, Жалпы Шарттармен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте Клиентке қолма қол ақша береді;

d. қолданыстағы заңнамамен және/немесе Жалпы Шарттармен көзделген негіздер бойынша Клиенттің ақшасын алу туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындайды;

1.12. шот ашуға Өтінішке қол қоюмен Клиент Банкке Жалпы Шарттармен көзделген тәртіпте мобилді телефон номеріне, e-mail жарнама-ақпараттық хабарлама жөнелтуді жүргізу жолымен банктік қызметтердің жаңа/өзгертілген түрлері және олардың шарттары бойынша Клиентке хабарлауға келісімін береді.

1.13. шот ашуға Өтінішке қол қоя тұрып Клиент Банкке Клиенттің банктік шоттарынан дебеттеу жолымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де жағдайларда Клиенттің банктік шотынан, сондай-ақ Банкте және/немесе өзге банктерде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдарда ашқан Клиенттің банктік шотынан ақша алуға өзінің сөзсіз және кері алынбайтын келісімін береді:

- Клиенттің банктік шотына Банкпен қате есепке алынған;

- осындай төлем құжаттарының жалғандығын растайтын құжаттар болған жағдайда жалған төлем құжатының негізінде ақшаны банктік шотқа есепке алған;

- Клиентпен Шот бойынша ақша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті орындамаған, немесе Банк және Клиент арасында жасасылған өзге де мәмілелер бойынша;

- Банк тарифтеріне сәйкес комиссияға.

1.16. Тараптар осымен Шот бойынша Клиент атынан үшінші тұлғаның қандай-да бір операциялар/әрекеттер жүргізуі төмендегі әрекеттер орындалған жағдайда ғана мүмкін екендігіне уағдаласты және растайды:

- Клиент атынан үшінші тұлға Сенімхат нотариалды куәландырылған және Клиент атынан үшінші тұлға әрекет жасайтын операциялар/әрекеттер тізілімін қамтуы тиіс. Кез келген Тарап осындай тоқтатудың болжамды кезіне дейін өзге Тарапқа 5 (бес) жұмыс күнде жазбаша хабарлаумен бір тарапты тәртіпте ағымдағы шотқа қызмет көрсету бойынша қатынастарды тоқтатуға құқылы.

1.17. Ағымдағы шоттың қызметі бойынша қатынастар тоқтатылғаннан кейін Клиент пен Банк Өтініш бойынша туындайтын барлық қалған, бірақ соңғысы тоқтатылған күнге дейін аяқталмаған тапсырмалар мен міндеттемелерді толық орындауға міндетті. Клиент Банктің Клиентке болуы мүмкін барлық талабын есепке алуын жүргізуге құқылы екендігіне келіседі;

1.18. Шоттағы қаражат қалдығы Клиентке қолма қол төленеді, егер оған қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілсе, Банктегі немесе Клиенттің жазбаша нұсқауы бойынша өзге банктегі шотқа аударылады, немесе Банкпен Клиенттің нұсқауы бойынша табысқа жазылады немесе қолданыстағы заңнамаға қайшы емес Клиенттің өзге нұсқауы орындалады. Банктің талабы бойынша Клиент осындай талап келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде Банкке шоттағы қаражаттың қолма қол қалдығын өзге банктегі өзге шотқа аудару және/немесе алу туралы жазбаша нұсқау беруге міндетті;

1.19. Клиенттің шоты бойынша ақша және қозғалыс болмаған жағдайда 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде Банк Клиентке хабарламастан осындай шотты жабуға құқылы;

1.20. Егер Клиенттің шоты бойынша ақша қозғалысы болмаған жағдайда (шотты жүргізгені үшін Банктің комиссия алу бойынша операцияларды қоспағанда) 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде Банк Клиентке шоттағы ақша қозғалысының жоқтығы туралы және хабарлаған күннен бастап 3 (үш) ай өтуі бойынша оны жабу туралы хабарлайды. Егер Хабарлаған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Клиент шот бойынша операцияны жаңартпаса, Банк Ағымдағы шот шартын бір тарапты тәртіпте бұзады және қалдық ақшаны қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариустың депозитіне аударып, шотты жабады.

2-БАП.

ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2.2. Банк төлемдерді және ақша аударымдарын Клиенттің нұсқауы бойынша ұлттық және шетел валютасында жүргізеді.

2.3. Банк төлемдерді және ақша аударымын Клиенттің нұсқаулары/Уәкілетті тұлғаның жазбаша түрде орындалған және Банкке қолма қол берілген немесе Интернет Банкинг сервисін пайдаланумен берілген нұсқаулары негізінде жүргізеді. Осы жүйеге қосу Банкпен және Клиент (жеке тұлға үшін қосымша қызметке қосуға өтініш жеткілікті) арасында қол қойылған тиісті шот ашуға Өтініш негізінде жүргізіледі;

2.4. Нұсқаулар Клиенттің/Уәкілетті тұлғаның Банкпен орындауға тиіс қолданыстағы заңнамамен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген қажетті барлық ақпаратын қамту керек. Нұсқаулар Банктің бланктерінде орындалады;

2.5. Банк қолданыстағы заңнамамен көзделген талаптарға сәйкес ресімделген төлем құжаттарын және/немесе нұсқауларды ғана қабылдайды. Айырмашылықтар, жетіспеушіліктер, ескертулер анықталған жағдайда Банк тапсырмаларды орындамастан қолданыстағы заңнамамен көзделген мерзімде Клиентке қайтарады;

2.6. Банк төлем құжаттарын орындауға қабылдамайды:

- a. анық емес нұсқауларды қамтитын;
- b. толтырылмаған немесе Клиентпен/уәкілетті тұлғамен қол қойылмаған;
- c. қолданыстағы заңнамамен көзделген мәліметтерді қамтымайтын;
- d. валюталандырудың қате күнін қамтитын;
- e. жазылған сома санмен жазылған сомаға сәйкес келмейтін тапсырмаларды;
- f. қарындашпен толтырылған;
- g. түзетулерді қамтитын;
- h. қолданыстағы заңнаманы бұзатын операциялар жүргізу туралы нұсқауларды қамтитын;
- i. қолданыстағы заңнамамен, Банктің ішкі құжаттарымен көзделген өзге де жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Банк оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осындай тапсырмаларды орындамастан Клиентке қайтарады. Банк осындай нұсқауларды орындауда Банктің бас тартуына байланысты туындайтын салдарларға жауап бермейді;

2.7. Клиент өзіне төлем құжаттарындағы деректемелердің қате көрсетілуіне байланысты толық тәуекелді және бүкіл жауаптылықты қабылдайды;

2.8. Барлық төлемдер мен ақша аударымдары Банкпен банктік операцияны орындау үшін қажетті уақыт және Клиентпен белгіленетін кезектілік есебімен орындалуға жатады, егер қолданыстағы заңнамамен немесе Банктің ішкі құжаттарымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу заңнамасымен, өзгедей көзделмесе;

2.9. Клиенттің нұсқауы Банкпен осындай нұсқау алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей орындауға қабылданады және Банк Клиенттің Шотына дебеттеу жүргізгеннен кейін ғана орындалған деп есептеледі. Клиенттің төлем құжатындағы Банктің белгісі (мөртабаны) төлем құжатының Банкке келіп түскенін ғана растайды, бірақ нұсқаудың орындалғанына растау болып табылмайды;

2.10. Банктің Клиент алдындағы ақша аударымы бойынша міндеттемелері қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банкпен орындалған сәттен бастап орындалған деп есептеледі. Банк Клиент алдында бенефициар Банкпен және ақша аударымына қатысушы банктер-корреспонденттермен нұсқаулардың орындалмағанына немесе

тиісті орындалмағанына жауап бермейді;

2.11. Банк Клиенттің нұсқауларына сәйкес шоттағы еркін ақша қалдығы шегінде төлем және ақша аударымын жүргізеді. Егер шотта ақша жетіспеген жағдайда Банк Клиентке төлем құжаттарын орындамастан қайтаруға құқылы. Клиенттің төлем құжаттарын бөлшектеп орындауы жүргізілмейді;

2.12. Клиенттің барлық немесе кез келген нұсқауларын, оның ішінде салықтар мен бюджетке міндетті төлемдер бойынша, қабылдайды және келіседі, егер өзге мерзім Банк тарифтерінде көрсетілмесе, операциялық күн ішінде ғана қабылдайды. Клиентпен операциялық күннен кейін жасалған нұсқаулар Банкпен келесі операциялық күні акцептеледі. Клиент өзіне Банкке нұсқаулар беруге байланысты бүкіл тәуекелді және жауаптылықты көтереді, оның ішінде операциялық күн өтуі бойынша салықтар мен бюджетке міндетті төлемдер бойынша;

2.13. Клиенттің нұсқауды кері қайтарып алуы және нұсқаудың орындалуын тоқтатуы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде жүргізіледі;

2.14. Банк Клиенттің пайдасына аударылған сомаларды қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімде шот есебіне алады;

2.15. Клиент ақшаны оның шотына қате есепке алу немесе Банкпен оның нұсқауларын қате орындау фактісін анықтаған жағдайда Клиент бұл жөнінде дереу Банкке хабарлауға міндетті;

2.16. Банк шот бойынша операцияларда, растауда, шот бойынша үзінді-көшірмеде немесе Банк Клиентке ұсынған өзге ақпаратта қателерді анықтаған жағдайда Банк бұл жөнінде дереу Клиентке хабарлауға және қысқа мерзімде қате жүргізілген әрекеттерге түзету жүргізуге міндетті. Сонымен қатар Банк Клиенттің алдын-ала келісімінсіз шотты кредиттеу немесе дебеттеу жолымен төлемдерге түзету жүргізуге құқылы;

2.17. Электрондық тәсілде төлемдер және ақша аударымдары туралы нұсқаулар, сондай-ақ оларды кері алу туралы өкімдер беру тиісті шарттармен және Интернет Банкинг сервисі арқылы келіп түсетін Банкпен және Клиенттің қатынастарын реттейтін Шартпен жүргізіледі. Осы шот ашуға Өтініш және Жалпы Шарттар Банктің Интернет Банкинг сервисі арқылы келіп түсетін, жоғарыда аталған шарттарда және Шартта көрсетілген реттелмеген бөлікте, төлем құжаттарын өңдеу мәселелерін реттейді;

2.18. Клиент осымен Банк Банктің қылмыстық әрекеттерге тарту және ақшаның жылыстауы сызбасы жағдайларын болдырмауда белсенді жұмыс істейтінін мақұлдайды және онымен келіседі, қоса, бірақ шектелместен, қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыруды, лаңкестікті қаржыландыруға, алаяқтыққа, сыбайластыққа және т.б. Осыған байланысты Банк өз қарауы бойынша Банк Клиенттерімен жасасылатын мәмілелер/төлемдер/ақша аударымдарына қолданыстағы заңнама талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес мерзімді өзгеруі мүмкін нақты талаптарды белгілейді.

2.19. Клиент осымен осы Шарттардың 2.16-т. көрсетілген талаптарға жауап бермейтін Клиенттің төлем құжатын акцептеуден бас тартуға және/немесе көрсетілген төлемді/аударымды талдауға қажет кез келген қосымша ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы екендігін қабылдайды және келіседі. Банкпен көрсетілген мерзімде осындай ақпарат ұсынылмаған жағдайда Банк Клиенттің пайдасына келіп түскен ақшаға қайтару жүргізуге немесе төлем құжатын акцептеуден бас тартуға құқылы;

2.20. Банк АҚШ төлемі көздерінен алынған табыстың нақты түрлеріне қатысты бенефициар – Банк клиентінің пайдасына келіп түсетін салықтың 30% пайызын ұстап қалуға құқылы. АҚШ Салық қызметі деректемелеріне кейінгі төлеммен салықты осындай ұстап қалу, егер Клиент Банкке өзінің АҚШ тұлғасының мәртебесі туралы растаушы құжаттарды/ақпаратты ұсынбаған, Банкке АҚШ тұлғасының мәртебесі туралы дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны сияқты, жағдайда жүргізіледі:

(а) бір немесе бірнеше белгілері бар жеке тұлға: АҚШ азаматтығы, АҚШ тұратын жері, АҚШ туған жері, АҚШ тұруға ықтияр хаты.

(б) бір немесе бірнеше белгілері бар заңды тұлға: АҚШ аумағында тіркелген жері, АҚШ Тұлғасы болып табылатын акционер, 10% астам үлеспен немесе, егер бұл инвестициялық компания болса – 0% астам, бенефициар иесі – АҚШ Тұлғасы;

2.21. Банк FATCA талаптарына сәйкес АҚШ тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуға, олардың дербес мәліметтерін АҚШ Салық қызметіне тапсыруды жүргізуге құқылы.

2.22. Клиент Банкке АҚШ туралы қажетті ақпаратты ұсынуға келісімнен бас тартқан жағдайда Банк шотты жабуға және іскерлік қатынастарды белгілемеуге құқылы.

2.23. Клиент Банкке Уәкілетті органға, оның сұрауы бойынша Банк-корреспондентке, АҚШ Салық қызметіне, құқық қорғау органдарына және өзге де мемлекеттік органдарға және қолданыстағы заңнамамен белгіленген жағдайларда мекемелерге жүргізілетін төлемдер/ақша аударымдары/төлем құжаттары туралы ақпарат ұсынуға келісім береді.

2.24. Банк, егер Клиенттің Шоты бойынша операциялар ҚБЕО және есептік операцияға қатысушы банк-корреспонденттердің кінәсінен кідірсе, Клиент алдында жауап бермейді.

3- БАП.

КАССАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

3.1. Банк қазақстандық теңгеде, және Банкте бар шетел валюталарында қолма қол ақшамен операциялар жүргізеді. Қолма қол ақшамен операциялар Банкпен қолданыстағы заңнамамен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте операциялық сағаттарда жүргізіледі. Банкоматтарды пайдалануға байланысты операцияларды қоспағанда;

3.2. Банк Клиенттің шоты оларды даралап қайта есептегеннен кейін нақты алынған ақша сомасына кредиттейді. Клиент шотқа ірі мөлшердегі (ірі мөлшер Банкпен дербес белгіленеді) қолма қол ақша енгізген жағдайда. Клиент Банк енгізілетін/алынатын ақшаны растайтын құжаттарды талап етуге құқылы екендігіне

келіседі;

3.3. Қолма қол ақша беру Банктің тарифтерімен көзделген Банктің комиссиясын шегерумен шоттағы қалдық шектерінде Клиенттен қолма қол ақшаны алуға кемінде 5 (бес) күнтізбелік күнде алдын-ала Өтініш бойынша Банктің Тарифтерімен көзделген Банк комиссиясын шегерумен шоттағы қалдық шегінде жүргізіледі;

3.4. Айырбастау операцияларын жүргізген кезде Тараптар айырбастау операцияларын жүргізу күніне Банкпен белгіленген ағымдағы бағамды қолданады;

3.5. Шетел валютасындағы кассалық қызмет Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу жөніндегі қолданыстағы заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі;

3.6. Егер шетел валютасында қолма қол ақша берілген жағдайда Банкте шетел валютасындағы ақшаның тиісті номиналы болмаса, Банк қалдық сомасын Клиенттің келісімімен осындай беру күніне Банкпен белгіленген валюта бағамы бойынша теңгеде беруге құқылы;

3.7. Заңды тұлға білімінсіз кәсіпкерлік қызметті жүргізетін заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың шоттарынан қолма қол ақша беру түбіртек негізінде жүргізіледі. Түбіртек кітапшалары Банкпен Клиентке қолданыстағы заңнама және Банктің ішкі құжаттары талаптарына сәйкес Клиенттің Өтініші негізінде беріледі;

3.8. Жойылған немесе ұрланған түбіртектер, түбіртек кітапшалары, түбіртектерге қол қоюға уәкілетті тұлғалардың құрамының өзгерістері туралы Клиент Банкке осы Жалпы Шарттармен көзделген тәртіпте хабарлайды;

3.9. Клиент шотты жапқан кезде шотты жабу туралы өтініште пайдаланылмаған және бүлінген түбіртектердің нөмірлерін көрсетумен бүлінген түбіртектерді және бланктерді Банкке қайтаруға міндетті.

4-БАП.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

4.1. Валюталық операцияларды жүргізу, оның ішінде валюталық реттеу (тіркеу, хабарлау) тәртібі валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы қолданыстағы заңнамамен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік актілерімен белгіленеді.

4.2. Банк Клиенттермен жүргізілетін валюталық операцияларды, экспорттық-импорттық бақылау валюталық тәртібін, сондай-ақ резиденттердің экспорт және импорт бойынша (оның ішінде шамадан тыс жағдайда келісімнің есептік нөмірі талап етілетін келісім сомасына қатысты шектік мәні) келісімдерді есепке алу нөмірлерін алу шарттары Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы қолданыстағы валюталық заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері негізінде жүргізеді.

5-БАП.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН САТЫП АЛУ-САТУ

5.1. Айырбастау Клиенттің ағымдағы шотында ақша қалдығы шегінде және Банктің нысанында әзірленген Клиенттің өтініші негізінде жүргізіледі;

5.2. Банк айырбастауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегі тәртіпте жүргізеді:

a. қазақстандық теңге - шетел валютасы;

b. шетел валютасы - қазақстандық теңге;

c. шетел валютасы - қазақстандық теңге;

5.3. Жоғарыда көрсетілген сызбаның бірі бойынша айырбастау жүргізген кезде операцияны жүргізу күніне Банкпен белгіленген ағымдағы бағам қолданылады, егер Тараптар арасында өзге уағдаластық болмаса. Карточкалық операциялар бойынша:

a. Клиент қолма қол ақшамен карточкалық операциялар үшін шотты толықтыру және қолма қол ақша алу бойынша операциялар, тауарларға және/немесе қызметтерге Банктің қызмет көрсету желісінде СҚК төлем жүргізген кезде операция жүргізген – Банктің бағамы;

b. Клиент қолма қол ақша алу бойынша операциялар, тауарларға және/немесе қызметтерге өзге Банктің қызмет көрсету желісінде СҚК төлем жүргізген кезде – тиісті төлем жүйесінің және/немесе Банктің бағамы;

c. өзге жағдайларда – төлем жүйесінің және/немесе Банктің тиісті бағамы.

6-БАП.

БАНКПЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ КЛИЕНТТІҢ ТӨЛЕМІ

6.1. Жалпы Шарттарға сәйкес Банкпен көрсетілетін шотты ашу, жүргізу, жабу, операциялар жүргізу, сондай-ақ өзге қызметтер үшін Клиент Банкке Банктегі қолданыстағы тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы төлейді;

6.2. Банк және Клиент арасындағы есеп айырысулар Клиенттің шотынан комиссиялық сыйақы сомасын акцептсіз алу жолымен немесе Клиенттің Банк кассасына комиссиялық сыйақы мөлшерінде қолма қол ақша енгізу жолымен жүргізіледі;

6.3. Осы комиссиялар алынуға тиіс шотта валютадағы ақша сомасы жетіспеген жағдайда Банк өзге валютадағы Шоттардан комиссия сомасының қажетті баламасын айырбастауға және комиссия сомасын жабуға құқылы. Айырбастау алу күніне Банкпен белгіленген ағымдағы бағам бойынша жүргізіледі;

6.4. Егер шоттағы сома Банк қызметін төлеуге жетіспеген жағдайда Банк өз қарауы бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес Клиенттің берешек сомасын өндіріп алуға құқылы, оның ішінде Клиенттің кез келген банкте ашқан кез келген шоттарынан берешек сомасын акцептсіз алу жолымен;

6.5. Клиенттің шот ашуға Өтінішке қол қоюы Клиенттің Қазақстан Республикасының және онан тыс банктерде ашқан Клиенттің банктік шотынан Клиенттің кез келген берешек сомасын акцептсіз алуға келісімін білдіреді;

6.6. Банк бір тарапты тәртіпте жаңа тарифтер енгізілген күнге дейін он төрт күнтізбелік күнде Клиентке

осындай өзгертулер туралы хабарлаумен Тарифтерді өзгертуге құқылы, сонымен қатар Банк Клиентке хабарлау тәсілін дербес белгілеуге құқылы.

7-БАП.

ШОТ БОЙЫНША ҮЗІНДІ-КӨШІРМЕЛЕР/АНЫҚТАМАЛАР/АҚПАРАТ

7.1. Банк Клиенттің талабы бойынша және келесі тәсілдерде оның таңдауы бойынша шот бойынша Клиентке үзінді-көшірме береді:

a. Банкке келген кезде Банк қызметкерімен Клиентке/Уәкілетті тұлғаға қолма қол жеке тапсыру жолымен, сонымен қатар Тараптар Үзінді-көшірмені беру фактісі кез келген жағдайда құжаттамалы растауды талап етпейтіндігіне келіседі;

b. Интернет Банкинг қызметі арқылы;

c. Клиентпен Өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жөнелту жолымен;

7.2. Үзінді-көшірме қолданыстағы заңнама және Банктің ішкі құжаттары талаптарына сәйкес нысанда беріледі, және онда көрсетілген операциялардың орын алғандығына жеткілікті дәлел болып табылады;

7.3. Клиенттің шоттары бойынша анықтамалар қағаз тасымалында немесе Интернет Банкинг қызметін пайдаланумен келіп түскен Клиенттің сұрауы бойынша ұсынылады. Анықтамалар Клиентке/Уәкілетті тұлғаға Банк қызметкерімен беріледі;

7.4. Клиенттің шоттары бойынша анықтамалар, сондай-ақ Уәкілетті органмен белгіленген нысанда осындай анықтамаларды ұсыну бөлігінде Уәкілетті органның/өзге Банктің сұрауы бойынша қолданыстағы заңнама талаптарын сақтаумен қағаз тасымалында беріледі;

7.5. Клиент шоттағы ақша қалдығы, ол бойынша операциялар туралы ақпарат алуға, анықтамалар беруге өтініштер жөнелтуге, кез келген кезеңде Интернет Банкинг қызметі арқылы үзінді-көшірмені дербес құрастыруға құқылы;

7.6. Жеке тұлғалар үшін Интернет Банкинг қызметіне қол жеткізу бойынша Клиент Банкпен ұсынылған және Клиентке берілген логин және құпия ПИН-код көмегімен жүргізіледі. Сервиске бірінші енгеннен кейін Клиент ПИН-кодты өзіне ғана мәлім жаңасына ауыстыруға және осы ПИН-кодқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді. Клиент көрсетілген міндеттемені бұзған жағдайда Банк үшінші тұлғалардың Интернет Банкинг қызметі арқылы Клиенттің шотына мүмкін қол жеткізуіне жауап бермейді;

7.7. Клиент төмендегі ақпаратты хабарлау шартында Клиент жеке тұлға шот бойынша жүргізілген операциялар, телефон бойынша шоттағы ақша қалдығы туралы ақпарат алуға құқылы:

a. шот нөмірі;

b. Клиенттің атауы/аты-жөні;

c. жеке басын куәландырушы құжат номері;

d. Клиентпен шот ашуға Өтініште көрсетілетін код сөзі.

7.8. Клиент SMS-хабарлама арқылы оларды жүргізу сәтіне ағымдағы шот бойынша Төлем карточкасымен жүргізілетін барлық операциялар туралы ақпарат алуға құқылы;

7.9. Клиент Клиенттің шоты туралы ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуді болдырмас үшін онымен Шартта көрсетілген код сөзіне қатысты құпиялылық тәртібін сақтауға міндеттенеді. Клиент аталған құпиялылық міндеттемесін бұзған жағдайда Банк оны телефон бойынша беруге байланысты ақпараттың мүмкін жария етілуіне жауаптылық көтермейді;

7.10. Клиент оны алғаннан кейін Банктен алынған бүкіл корреспонденцияны (үзінді-көшірме, анықтамалар, төлем құжаттары, растаулар, кез келген өзге ақпарат) дереу тексеруі керек. Сонымен қатар Клиент Банктің оның шотына қатысты оның нұқсауларының дұрыс орындалуын тексеруі керек. Егер Клиент қандай-да бір олқылықтарды және/немесе толық орындамауды байқаса, ол бұл жөнінде дереу Банкке хабарлауы тиіс;

7.11. Банкпен тиісті ресімделген үзінді-көшірмелер Клиенттің осындай қателер туралы білетіндігіне дәлел және егер Клиент олар туралы мәлімдемесе, онда ол олар туралы өзінің хабардар еместігіне көз жеткізе алмайды;

7.12. Клиент үзінді-көшірме алудан немесе шот бойынша өзге ақпарат алудан бас тартуға байланысты, сондай-ақ өзінің деректемелерін анық көрсетпеуіне/Банкке өз деректемелерінің өзгерістері туралы уақытысында хабарламауына байланысты барлық жауаптылықты және барлық мүмкін тәуекелді қабылдайды;

7.13. Клиент Интернет Банкинг арқылы Клиентпен шот және ол бойынша операциялар туралы ақпарат алу Банктің Уәкілетті тұлғаларының куәландырылған қолдарымен және бедерлемесімен қағаз тасымалындағы тиісті құжаттарды алудың заңдылығына келіседі.

8-БАП.

ХАБАРЛАМАЛАР. ШҰҒЫЛ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

8.1. Жалпы Шарттармен көзделген және Өтінішке қол қойылған және оған/шотқа/Клиентке қатысы бар барлық хабарламалар, жазбаша хабарламалар, құжаттар, корреспонденция және өзге ақпарат (әрі қарай бірлесіп - Хабарламалар) Банкпен төмендегі тәсілдердің бірімен Клиентке жөнелтіледі: Банк қызметкерімен Клиентке жеке тапсырылады немесе курьерлік немесе өзге қызмет арқылы алғандығы туралы қолхатпен Клиентке тапсырылады, немесе почтамен жөнелтіледі, немесе алғандығы туралы хабарламамен немесе онсыз, курьерлік өзге қызметпен, немесе факс бойынша, телеграф, немесе алғандығын растаумен бағдарламалық-техникалық құралдар көмегімен автоматты құрастырылатын электрондық почтамен жөнелтіледі, немесе Клиентке бұқаралық-ақпарат құралдарында немесе Банктің офистерінде ақпарат орналастыру жолымен, немесе интернет желісінде немесе шот бойынша үзінді-көшірмеге қосымша ақпарат енгізу жолымен, немесе жалпы қалалық

немесе мобилді байланысты пайдаланумен Клиентке ауызша телефонмен хабарлайды, телефонограмманы ресімдеумен немесе онсыз, сондай-ақ әңгімені жазып алу арқылы немесе онсыз;

8.2. Банкпен Клиентке Банкке жазбаша өтініштер/сұраулар/хабарламалар және т.б. беру жолымен Өтініште көрсетілген Банктің мекенжайы бойынша, немесе Банкке өзі келген кезде хабар беріледі;

8.3. Тараптардың өз пошталық мекенжайы, телефон/телефакс нөмірлері, электрондық мекенжайы өзгерген жағдайда олар бір-біріне күні бұрын хабарлауы керек, алайда осындай өзгерту күнінен бастап 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей;

8.4. Банк Клиенттің шұғыл байланыс құралдарын пайдаланумен хабарлама жөнелтуге байланысты кез келген залалына, қоса, бірақ шектелместен, Клиенттің хабарламаны алмауы/уақытында алмауы себебінен туындайтын залалдарға, сондай-ақ хабарлама беру үшін пайдаланылатын немесе шот ашқан кезде және/немесе оның мәліметтерін жаңартқа кезде клиентпен қате мәліметтерді ұсынуға байланысты жабдықтардың шұғыл байланыс жұмысындағы іркілістерімен туындаған үшінші тұлғалардың уәкілетті емес қол жеткізуіне байланысты залалдарға жауап бермейді.

II. ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ

1-БАП.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Карточкалар шығару және қызмет көрсету бойынша қатынастарға қолданыстағы заңнамадан басқа және оған қайшы емес бөлікте, ХТС ережелері, халықаралық банктік тәжірибе, саясат, Банктің стандарттары мен тәртібі қолданылады;

1.2. ХТЖ ережелері және осы Жалпы Шарттар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда тиісті ХТЖ ережелері қолданылады;

1.3. осы Жалпы Шарттармен реттелмеген бөлігінде тиісті ХТЖ ережелері қолданылады.

2-БАП.

КАРТОЧКАНЫ ПАЙДАЛАНУМЕН КАРТОЧКА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ

2.1. Банк Клиент Банкке тиісті өтініш ұсынған және ағымдағы банк шот ашылған шартта тарифтерге сәйкес карточкаға жылдық қызмет көрсеткені үшін Банкке сыйақы төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде карточка шығаруды жүргізеді.

2.2. Карточка Ұстаушы карточканы тауарлар, қызметтер алған жағдайда, сондай-ақ қолма қол ақша алған, валюта айырбастаған және Банкпен белгіленген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы емес шарттарда осы пунктте карточка бойынша қызмет көрсету мүмкіндігі туралы карточка Ұстаушыларға хабарлау үшін төлем карточкалары жүйесінің логотиптері көрсеткіштермен жабдықталған қызмет көрсету пункттерінде өзге де операциялар жүргізген жағдайда пайдаланады.

2.3. Карточка кез келген заңсыз мақсаттарда пайдаланылуға жатпайды, қоса, бірақ шектелместен, карточка Ұстаушыға қатысты қолданылатын жергілікті заңнамамен (келген елдің заңнамасымен) тыйым салынған тауарларға және/немесе қызметтерге қолма қол ақшасыз төлем жүргізумен.

2.4. Карточканы пайдаланумен карточкалық операциялар тауарлар мен қызметтер алған кезде карточканы немесе деректемелерін пайдаланумен төлем құжатын жасау жолымен жүргізіледі.

2.5. Оны орындау үшін төлем құжатын беру және ұсыну тәртібі төлем жүргізілген төлем карточкаларының жүйесі ережелерімен, және/немесе төлем карточкалары жүйесі қатысушылары арасында жасасылған шарттармен белгіленеді.

2.6. Карточканы пайдаланумен валюталық операциялар валюта операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасының валюта заңнамасымен белгіленген талаптарды сақтаумен жүргізіледі.

2.7. Қазақстан Республикасы аумағында карточканы пайдаланумен төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана жүргізіледі, Қазақстан Республикасының валюта заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда.

2.8. Клиент карточканы пайдаланумен карточкалық операцияны жүргізген кезде жасалған төлем құжатын орындау үшін өзінің ағымдағы шотына қажетті ақша сомасын қамтамасыз етеді.

2.9. Авторландыру сомасы оны алғанға дейін немесе Банкпен авторландыру сомасына төлем жүргізілмегені бойынша растау алғанға дейін қол жетімді сомандан алып тасталады.

2.10. Банк ағымдағы шоттағы ақшаға авторландыру жүргізген күннен 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге төлем құжаты төлем карточкалары жүйесінен алғанға дейін авторландыру сомасын бұғаттайды.

2.11. Клиент сөзсіз, егер оны жүргізгенге дейін карточка бұғатталмаса, карточкалық операция бойынша есептесу жүргізеді.

2.12. Банк Карточка Ұстаушыға ағымдағы шоттағы ақшаны пайдалануға тыйым салған немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатқан жағдайда карточкалық операцияны авторландырудан бас тартады.

2.13. Карточкалық операцияны жүргізгені үшін Клиент Банкке Банк тарифтерімен белгіленген мөлшерде және мөлшерлеме бойынша сыйақы төлейді. Сыйақы ағымдағы шоттан тікелей дебеттеу жолымен ағымдағы шотты жүргізу валютасында алынады.

2.14. Клиент карточкалық операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының валюта заңнамасын сақтамағаны үшін жауаптылықты көтереді. Карточка Ұстаушы Банктің талабы бойынша карточканы пайдаланумен жүргізілген валюталық операциялар бойынша тиісті талап алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде растаушы құжаттарды ұсынады.

- 2.15. Есеп айырысу жүргізген кезде күнтізбелік айдағы күн саны болып 30 (отыз) күнге тең, жылына – 360 (үш жүз алпыс) күн қабылданады.
- 2.16. Карточкалық операцияларды жүргізу үшін карточка Ұстаушы кәсіпкердің немесе қолма қол ақша беру пунктінің кассиріне карточканы береді немесе өзіне-өзі қызмет көрсету тәртібінде банкоматпен әрекет жүргізеді.
- 2.17. Лездік карточканы шығаруды Банк Клиенттен карточка алуға өтініш алған және Банкпен Банктік шот Шартын жасасу шартында тарифтерге сәйкес карточкаға жылдық қызмет көрсеткені үшін Банкке сыйақы төлеген жұмыс күні жүргізеді.
- 2.18. Клиенттің қалауы бойынша лездік карточкаға қосымша карточка ретінде оған карточка Ұстаушының сәйкестендіру мәліметтерін (аты-жөні) енгізумен шығарылады
- 2.19. Пластикалық тасымалдағы виртуалды карточка шығару жеке ағымдағы шотқа жүргізіледі.
- 2.20. Электрондық түрдегі виртуалды карточка шығару тек негізгі карточкаға қосымша ретінде және Клиентпен бұрын Банкке берілген тиісті өтініш негізінде, ағымдағы банктік шоттың болуы шартында жүргізіледі.
- 2.2.21. электронды түрде виртуалды карточка шығару Клиентпен осындай қызмет ұсыну арналары арқылы дербес жүргізіледі.
- 2.2.22. Банк дайын карточканы береді:
- 1) тікелей карточка ұстаушыға;
 - 2) немесе карточка Ұстаушымен берілген әрекет ететін нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде карточка ұстаушының сенім білдірілген тұлғасына;
 - 3) немесе Клиенттің сенімхаты негізінде, басшының қолымен және ұйымның мөрімен куәландырылған, ұйымның қызметкері болып табылатын ұйымның жауапты қызметкеріне.
- 2.2.23. Карточка алған кезде карточка Ұстаушы немесе оның сенім білдірілген тұлғасы немесе ұйымның жауапты қызметкері оның алғандығын айғақтайтын Банктің құжатына қол қояды.
- 2.2.24. Карточка Ұстаушы, сондай-ақ карточканың сыртқы бетіне қол қою үлгісі үшін арнайы панельге қол қояды. Карточкада карточка Ұстаушының сауда түбіртегіндегі қойылған қолының болмауы немесе сәйкессіздігі карточка бойынша қызмет көрсетуге қабылдаудан бас тартуға және карточканы Банк тарапынан немесе төлем карточкалары жүйесінен қандай-да бір өтемақы төлемдерінсіз айналымнан алып тастауға заңды негіз болып табылады.
- 2.2.25. Карточка Ұстаушы карточка алуға өтініш берген күннен бастап 6 (алты) күнтізбелік айдан аса мерзімде карточка алу үшін Банкке келмеген жағдайда Банк карточкаға жою жүргізеді. Сонымен қатар Карточканы шығарғаны және қызмет көрсетілгені үшін Банктің комиссиясы қайтарылмайды

3-БАП.

ТЕХНИКАЛЫҚ ОВЕРДРАФТ

- 3.1. Клиентпен/карточка ұстаушымен техникалық овердрафт жіберілген жағдайда Клиентпен дереу өтелуге жатады.
- 3.2. Клиентпен техникалық овердрафт жіберілген жағдайда осы Жалпы шарттарға сәйкес карточкаға бұғаттау жүргізеді және техникалық овердрафт жіберілген күннен 7 (жеті) күнтізбелік күн өтуі бойынша Банк Тарифтеріне сәйкес Клиент пайдаланған техникалық овердрафты уақытында қайтармағаны үшін айыппұл (өсім) есептейді.
- Клиентпен техникалық овердрафт жіберілген әрбір жағдай карточкаға қызмет көрсету шарттарын елеулі бұзу болып есептеледі және Банкпен оның бұзылуына әкелуі мүмкін. Клиент карточка Ұстаушылармен ағымдағы шот бойынша Карточкалық операция жүргізген кезде ақшаның жұмсалуды бақылай және Банктің комиссия сомасын ескере отырып, техникалық овердрафт жібермеуге міндеттенеді
- 3.3. Клиенттің Банк алдындағы ағымдағы шотқа келіп түсетін кез келген берешегі құралған жағдайда ақша ағымдағы күнге берешектің жалпы сомасын өтеуге жөнелтіледі.

4-БАП.

КАРТОЧКАНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ

4.1. Карточканы беру және сақтау тәртібі

- 4.1.1. Карточканы алған кезде карточка Ұстаушы карточканың сыртқы жағында осы үшін арнайы көзделген қатарға қол қоюға міндетті;
- 4.1.2. Шот бойынша Клиенттің қалауы бойынша Клиентпен қосымша карточка (осындай тұлғамен осы Жалпы Шарттармен көзделген барлық құжаттарды ұсынған жағдайда, және егер көрсетілген тұлғаға қосымша карточка шығару қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі құжаттарына қайшы келмеген жағдайда) шығаруға тиісті Өтініште Клиентпен көрсетілген кез келген тұлғаға ресімделген Қосымша карточка шығарылуы мүмкін;
- 4.1.3. Клиент қосымша карточкаларды пайдаланумен жүргізілген қосымша карточка Ұстаушылардың шығынын бақылайды және толық қаржылық жауаптылықты көтереді;
- 4.1.4. Карточканы үшінші тұлғаға пайдалануға немесе кепіл ретінде беруге тыйым салынады. Уәкілетті емес тұлғаға берілген карточка алынуға жатады;
- 4.1.5. Карточканың (виртуалды Карточканы қоспағанда) сыртқы жағында ондағы мәліметтер кодталған магнит жолағы орналастырылған. Карточкаға ақпарат тасымалындағы жазбаға зиян келтірілуі мүмкін және соның салдарынан карточканы пайдаланумен карточкалық операцияларды жүргізудің мүмкін еместігіне әкелетін Карточкаға кез келген жағымсыз факторлардың ықпал етуіне жол берілмейді. Осындай жағымсыз факторларға мысал болып электр магниттік өрістер (магниттелген немесе магнитті заттардың жанында болуы),

- механикалық зақымданулар (сызаттар, ластану, қызу, күн сәулесінің тікелей түсуі) және т.б. табылады;
- 4.1.6. Карточканың сыртқы жағында онда кодталған ақпаратпен микросызба орналасқан. Интегралды микросызба электромагнит өрістерінің және атмосфералық ықпалдардың әсеріне берілмейді.
- 4.1.7. Банк карточкаға банкоматтарда және өзге электрондық-механикалық құрылғыларда пайдалану нәтижесінде келтірілген зақымдануларға жауап бермейді.
- 4.1.8. Виртуалды Карточка өзге Карточкалардан ерекшеленеді: нысаны бойынша, Төлем карточкалары жүйесі голограммасы, сондай-ақ Карточка Ұстаушының қоятын қолының панелі, магнит жолағы және интегралды микросызбасы болмайды;
- 4.1.9. Карточка Ұстаушы үшінші тұлғалардың санкцияланбаған қол жеткізуін/оның пайдалануын болдырмайтын жерлерде және тәсілде Карточканың тиісті сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4.1.10. Карточка Ұстаушы Карточканы пайдалануға байланысты, оның ішінде үшінші тұлғалардың карточкаға санкцияланбаған қол жеткізуін/оны пайдалануға байланысты, және/немесе үзінді-көшірмеде қамтылған ақпаратқа, және/немесе карточка Ұстаушы үшін арналған өзге ақпаратқа/корреспонденцияға байланысты барлық тәуекелді көтереді;
- 4.1.11. Карточка Банктің меншігі болып табылады және Клиенттің уәкілетті тұлғасы ретінде әрекет ететін карточка Ұстаушыға ағымдағы шоттағы ақшаға қол жеткізу құралы ретінде ғана беріледі.

4.2. ПИН-код

- 4.2.1. Банк Карточкамен бірге ПИН-код беріледі немесе ПИН-кодты SMS бойынша Өтінімде көрсетілген телефон номеріне жөнелтеді :
- 1) тікелей карточка Ұстаушыға;
 - 2) карточка Ұстаушымен берілген нотариалды куәландырылған Сенімхат негізінде әрекет ететін карточка Ұстаушының сенім білдірілген тұлғасына;
 - 3) басшының қойған қолымен және ұйымның мөрімен қаландырылған ұйымның қызметкері болып табылатын Клиенттің Сенімхаты негізінде әрекет ететін ұйымның сенім білдірілген қызметкеріне немесе карточка Ұстаушы SMS-хабарламамен мобилді телефонға ПИН-код алады. Карточка Ұстаушыға алу бойынша конвертті дереу ашу, ПИН-кодты есте сақтап қалу және ПИН-кодты жою ұсынылады;
- 4.2.3. ПИН-кодты алған жағдайда карточка Ұстаушы немесе оның сенім білдірілген тұлғасы немесе ұйымның жауапты қызметкері оны алғандығы туралы куәландыратын Банктің құжатына қол қояды.
- 4.2.4. ПИН-код Банк қызметкерлеріне мәлім емес және карточка Ұстаушымен жария етілуге және/немесе үшінші тұлғаларға берілуге жатпайды. Карточка Ұстаушы карточканы пайдаланған бүкіл уақыт ішінде ПИН-кодтың құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- 4.2.5. карточка Ұстаушының өз қарауы бойынша Банк банкоматы арқылы қолданыстағы ПИН-кодты осы қызметті Банк ұсыну шартында жаңа төрт мәнді ПИН-кодқа ауыстырылуы мүмкін.
- 4.2.4. ПИН-кодтың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін төмендегі ережелерді ұстану қажет:
- 1) егер ПИН-код карточка Ұстаушымен қандай-да бір жерге жазылса, Карточканы және жазуды бөлек сақтау;
 - 2) біреулердің электрондық құрылғының пернетақтасында теріліп жатқан ПИН-код сандарының жиынтығын көріп қалуын болдырмау;
 - 3) өз қарауы бойынша қолданыстағы ПИН-кодты жаңасына ауыстырған жағдайда қайталанатын сандарды (мысалы, 7777) тұратын немесе реттік сандарды (мысалы, 1234), сондай-ақ карточка Ұстаушының туған күні сандарынан тұратын жинақты пайдаланбау;
- 4.2.5. ПИН-кодты терген кезде электрондық құрылғының дисплейіндегі сандарға шартты белгілер түріндегі жарық түсіріледі. ПИН-кодты терген кезде қате жібермеу маңызды. Егер үш рет қатарынан (кез келген уақыт аралығында, бір немесе әр түрлі электрондық құрылғыны пайдаланумен) ПИН-код дұрыс терілмесе, қатарынан төртінші қатені болдырмас үшін Банк Карточкаға бұғаттау жүргізеді.
- Клиент оның Карточкасы Банкоматпен ұстап қалуы мүмкіндігін немесе ПИН-кодты дұрыс енгізуіне себебі анықталғанға дейін СҚК немесе ІҚК алынатынын түсінеді және келіседі;
- 4.2.5. электрондық құрылғыны пайдаланумен және ПИН-кодты терумен расталатын барлық операциялар Тараптармен карточка Ұстаушымен жүргізілген сияқты қаралады;
- 4.2.6. егер ПИН-кодты карточка Ұстаушы ұмытып қалған жағдайда ол жаңа ПИН-код алуға карточканы қайта шығару үшін Банкке хабарласуы керек.

4.3. Карточканы пайдалану

- 4.3.1. Банк егер кассирмен карточка Ұстаушыға сәйкестендіру және Карточкадағы және/немесе жеке басын куәландырушы құжаттағы қойылған қолымен сауда түбіртегіндегі оның қойған қолына сәйкестендіру жүргізілмесе, Карточкалық операцияларды жүргізгенде болмаған немесе қате жіберілген СҚК кассирлерінің әрекетіне жауап бермейді;
- 4.3.2. карточкалық операцияларды жүргізу үшін карточка Ұстаушы СҚК немесе ІҚК кассиріне Карточканы ұсынады, немесе Банкоматтың көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсету тәртібінде әрекет етеді, немесе Карточкалық операцияларды карточканың деректемелерін пайдаланумен өзге тәсілде жүргізеді;
- 4.3.3. кассир карточка Ұстаушыдан оның жеке басын куәландырушы құжатты талап етуге құқылы. Құжат болмаған жағдайда кассир карточка Ұстаушыға операция жүргізуден бас тартуға құқылы;
- 4.3.4. кассир Карточканы қабылдап, карточкалық операцияны Авторландыру үшін POS-терминал көмегімен Банкке сұрау жібереді. Кассир Карточканы POS-терминалдың есептеуіш құрылғысына орналастырады, пернетақтада операцияның сомасын тереді. Кассир карточка Ұстаушыға арнайы пернетақтада ПИН-кодты теру жолымен операцияны растауды ұсынады.
- Сұрау Банкке шұғыл байланыс арналары арқылы келіп түседі. Шотта ақша жеткілікті және ПИН-код дұрыс

терілген жағдайда (егер ПИН-кодты теру карточка Ұстаушымен жүргізілсе) операцияның жүргізілгенін растайтын екі данада түбіртек басып шығарылады.

Кассир карточка Ұстаушыға түбіртектің бір данасын тапсырады. Карточка Ұстаушы түбіртекте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексереді. Қабылдаған технологияға байланысты басып шығарылған түбіртек карточка Ұстаушының және кассирдің қолдарымен куәландырылады;

4.3.5. ПИН-кодты дұрыс теру және/немесе карточка Ұстаушы атынан түбіртектерге қол қою карточка Ұстаушының Шоттан ақша алуына тапсырыс болып табылады;

4.3.6. кассир осы Жалпы Шарттармен көзделген жағдайларды анықтағанға дейін және клиентке қатысты немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес онымен жүргізілетін операцияларға қатысты күмән туындаған жағдайда карточканы ұстап қалуға құқылы;

4.3.7. Банк және Клиент осымен карточка Ұстаушымен жүргізілген карточкалық операциялар бойынша шоттар төлемі Банкпен Клиенттің Шотынан осы Жалпы Шарттардың негізінде және Клиенттің қандай-да бір қосымша келісімсіз акцептсіз алу жолымен жүргізілетініне келіседі;

4.3.8. карточка Ұстаушы өз карточкасының сақталуына, сондай-ақ оның деректемелерінің (карточка Ұстаушының аты-жөні, карточка нөмірі, Карточканың әрекет ету мерзімі, CVC2-коды және т.б.) құпиялылығын қамтамасыз етуге толық көлемде жауап береді.

4.3.9. Банк Клиент Банкке жазбаша өтініш берген немесе Банкпен Электрондық құжат/Бенефициардың төлем құжатын алған күннен бастап 3 (үш) банктік күннен кешіктірмей, Бенефициардың пайдасына ағымдағы шоттан Клиенттің электрондық құжатты/Банкке келіп түскен Бенефициардың төлем құжатын аударуға Клиенттің жазбаша өтініші негізінде ақша аударды.

4.3.10. Клиенттің/карточка Ұстаушының/төлем карточкалары жүйесіне Қатысушысының бастамасымен карточкалық операция бойынша ағымдағы шоттағы ақшаны жүргізілген карточкалық операциялар бойынша растаушы құжаттарды алғанға дейін Банк Авторландыру сомасына (Банктің комиссиялық сыйақысы есебімен) бұғаттауға құқылы. Сонымен қатар ағымдағы шотта бұғатталған сома Банкпен алынуы мүмкін, оның ішінде Банкпен Карточканы бұғаттау туралы өтініш алғаннан кейін.

4.3.11. Клиент Карточкалық операциялар бойынша сөзсіз есеп айырысуға міндеттенеді:

- дұрыс ПИН-кодты және/немесе карточка Ұстаушының қолын терумен, Банкке оларды жасағанға дейін карточканы бұғаттау немесе жою туралы өтініш жолданбаса;
- интернет желісінде жүргізілген карточка деректемелерін көрсету және/немесе карточкалық операцияларды жүргізген кезде CVC2- коды дұрыс теруді растау жолымен, егер Банкке оларды жасағанға дейін карточканы бұғаттау немесе жою туралы өтініш жолданбаса;

4.3.12. жүргізілген Карточкалық операция бойынша қарсылықтар болған жағдайда Клиент/карточка Ұстаушы карточкалық операция жүргізген күннен бастап 35 (отыз бес) күнтізбелік күн ішінде Банкке құжаттарды қоса берумен ол бойынша талап қоюға құқылы.

4.3.13. Клиенттің/карточка Ұстаушының талабының негізділігі жағдайында жүргізілген тексеру негізінде Банк халықаралық төлем жүйесімен көзделген мерзімде, егер осындай бұзу мүмкін болса, тиісті карточкалық операцияны бұзуы мүмкін. Жүргізілген карточкалық операцияны бұзған жағдайда Банк тиісті ағымдағы шоттағы Бенефициармен қайтарылатын ақшаны олардың Банкке келіп түсуі шамасы мен сомасына қарай есепке алады.

4.3.14. Банктің халықаралық төлем карточкаларының жүйесімен есеп айырысу валютасы болып АҚШ доллары, еуро және теңге табылады. АҚШ долларынан, еуродан және теңгеден айрықша валютада халықаралық төлем карточкаларының жүйесімен жүргізілген карточкалық операция сомасы осы карточкалық операция бойынша Банкпен есеп айырысу күніне халықаралық төлем карточкалары жүйесімен белгіленген бағам бойынша АҚШ долларына, еуроға және теңгеге айырбасталады, және Банктің айырбастау бағамын қолданумен акцептсіз тәртіпте Клиенттің ағымдағы шотынан алынады.

4.3.15. ағымдағы шотты ақшалай толықтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Банк барлық қажетті құжаттарды Банк алған күннен бастап 3 (үш) банктік күннен аса мерзімде тиісті деректемелермен Клиенттің пайдасына Банкке келіп түскен ақшаны ағымдағы шотқа есепке алады. Егер ағымдағы шотқа келіп түсетін ақшаның валютасы шоттағы валютадан айырмашылығы болса, айырбастау жүргізілетін күнге Банкпен белгіленген ағымдағы шоттағы валютаны сату бағамы бойынша келіп түсетін ақшаға айырбастау жүргізеді.

4.3.16. ағымдағы шот бойынша үзінді-көшірме Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте ұсынылады. Клиентке Шарт бойынша шығарылған барлық карточкаларды пайдаланумен жүргізілген ағымдағы шот бойынша операцияларды көрсететін үзінді-көшірме беріледі.

4.3.17. өзіне-өзі қызмет көрсету тәртібінде карточкалық операцияларды жүргізген кезде карточка Ұстаушы пайдаланылатын техникалық құралдардың (банкоматтар, банктік дүңгіршектер және т.б.) нұсқаулықтарын қатаң сақтауға міндеттенеді. Карточка Ұстаушымен Жалпы Шарттардың осы тармағының шарттарын сақтамау жауаптылығын толық көлемде Клиент көтереді.

4.4. Қолма қол ақша алу

4.4.1. карточка Ұстаушының Карточка бойынша қолма қол ақша алуы ІҚК банктер - ХТЖ мүшелерімен немесе Банкомаг көмегімен жүргізіледі;

4.4.2. ережедегідей, Карточка бойынша қолма қол ақша келген елдің валютасында беріледі. Кейбір елдерде Карточка бойынша қолма қол ақша беру жиілігі мен ең жоғарғы сомасы келген елдің заңнамасымен шектелуі мүмкін;

4.4.3. әр түрлі төлем жүйелері Ережесіне байланысты Банк қандай-да бір қосымша сыйақысыз (Банк тарифтеріне қатысты емес) ІҚК алуға жауапты емес;

4.4.4. тиісті төлем жүйесімен ІҚК банктер – мүшелерден қолма қол ақша алу Авторландыруды жүргізу кезінде жүргізіледі;

4.4.5. банкоматтың көмегімен қолма қол ақша алу карточка Ұстаушымен өзіне-өзі қызмет көрсету тәртібінде жүргізіледі;

4.4.6. карточкалық операция аяқталғаннан және банкоматтан банкнота алынғаннан кейін түбіртек басып шығарылады (егер карточка Ұстаушы түбіртек басып шығару опциясын таңдаған жағдайда). Түбіртектегі қамтылған ақпараттың құпиялылығы себебінен басып шығарылған түбіртекті алу және оны банкомат жанына ешқашан қалдырмау ұсынылады;

4.4.7. банкомат дисплейінде ПИН-код дұрыс терілмеген жағдайда тиісті хабарлама пайда болады және Карточкалық операция жүргізуден бас тартылады;

4.4.8. ПИН-кодты дұрыс терген жағдайда қолданыстағы карточка операциясы төмендегі себептер бойынша қабылданбауы мүмкін:

а. банкомат кассеталарындағы банкноталар сұралатын соманы бермеуі мүмкін, осы Банкомат нұсқаулығында көрсетілген банкнотаның төмен номиналындағы соманы сұрау керек;

б. сұралатын сома қолма қол ақша беретін Банкомат құрылғысы габариттерімен белгіленетін бір жолғы беру шектелімінен аспайды. Сұралатын соманы бөліктерге бөлу және операцияны бірнеше рет қайталау қажет;

с. сұралатын сома банкомат қызмет көрсететін Банкпен белгіленетін бір жолғы беру шектелімінен аспайды. Сұралатын соманы бөліктерге бөлу және операцияны бірнеше рет қайталау қажет;

д. сұралатын сома шоттағы ақша қалдығынан асып кетеді. Бұл жағдайда Шоттағы ақша қалдығы туралы ақпаратты басып шығару қызметін пайдаланумен мөлшерін нақтылау керек, ең төменгі соманы сұрау ұсынылады;

е. сұралатын сома карточка Ұстаушымен/Банкпен белгіленген Банкомат арқылы қолма қол ақша алуға күндізгі шектелімнен асады;

4.4.9. Банкоматпен жұмыс кезінде, егер қайтарылатын Карточка және/немесе берілетін банкноталар 20 (жиырма) секунд ішінде карточка Ұстаушымен беру құрылғысынан алынбаса, қорғаныс жүйесі жұмыс істейтінін және Клиенттің ақшасын сақтап қалу мақсатында Карточка және/немесе банкноталар Банкоматтың ішіне тартылатынын және арнайы бөлікте ұстап қалынаатынын есте сақтау керек.

Бұл жағдайларда Карточканы оның Ұстаушысына қайтару Карточканың ұстап қалу себебін анықтағаннан және Банкпен кеңес алғаннан кейін осы Банкоматпен қызмет көрсетілетін банкпен жүргізіледі, ал Авторландыру фактісі бойынша (немесе осы соманың алынбаған бөлігі) шоттан алынған карточкалық операция сомасын қалпына келтіру Банкоматқа қайта инкассация жүргізілгеннен және карточка Ұстаушымен алынбаған қолма қол ақша сомасын нақтылағаннан кейін ғана жүргізіледі. Карточка Ұстаушы осы Банкоматпен қызмет көрсетілетін банкпен келіссөздер бойынша көмек алу үшін Банкке жүгінуге құқылы.

4.5. СҚК тауарларға және қызметке төлем

4.5.1. ІҚК СҚК ережелері бойынша Карточканы қолма қол есеп айырысумен салыстыру бойынша төлемге қабылдаған кезде тауарлардың немесе қызметтердің құнын көтеруге құқығы жоқ. Карточка Ұстаушы тауарлардың немесе қызметтердің құнын арттырған барлық жағдайлар туралы Банкке хабарлауға міндетті;

4.5.2. карточканы пайдаланумен СҚК Тауарларға және қызметтерге төлем бойынша қолма қол ақшасыз төлем авторландырудың автоматты тәртібінде жүргізіледі.

4.5.3. карточка Ұстаушы қолданыстағы заңнамамен белгіленген шектеулер есебімен Карточка бойынша төленген затты қайтаруға немесе Карточка бойынша қызметке төлеуден бас тартуға құқылы. Ол үшін Карточка Ұстаушының талабы бойынша және СҚК, кассирдің келісімімен «сатып алған затты қайтару» операциясы жүргізіледі. Сатып алған затты қайтару ІҚК авторландыру кодын алғанға дейін және алғаннан кейін жүргізіледі. Бірінші жағдайда операция оны ресімдеуді тоқтату жолымен тікелей СҚК бұзылады. Екінші жағдайда карточка Ұстаушы авторландыру кодын алғаннан кейін операция сомасы Шоттан алынатындықтан қайтару операциясын жүргізуді талап ету қажет. Қайтару операциясын жүргізу үшін кассир арнайы түбіртекті басып шығарумен POS-терминал («Reversal») арнайы қызметі әрекетін қосады және жеке басын куәландырушы құжатты ұсынуды талап етеді. Сонымен қатар операция сомасы Банк жүргізілген қайтару операциясы туралы тиісті ІҚК мәліметтерін алғаннан кейін келесі жұмыс күні қалпына келтіріледі. Осы жағдайды Карточка бойынша қол жетімді соманы есептеген кезде ескеру қажет;

4.5.4. интернет-төлем карточка Ұстаушымен карточка деректемелерін (қажет жағдайда CVC2-коды) пайдаланумен жүргізіледі. Мәліметтерді сұраған жағдайда (Cardholder Name) аты-жөні жеке куәлікке сәйкес латын әріптерімен көрсетілу керек.

4.5.5. Банктің карточка Ұстаушы және кәсіпкер және карточка Ұстаушылар арасындағы дауларға қатысы болмайды. Банк қажетті құжаттар ұсынған шартта төлемге қойылған карточка Ұстаушы операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда карточка Ұстаушыға кеңес береді.

5.5. Карточканы бұғаттау

4.6.1. карточка жоғалған немесе ұрланған, сондай-ақ санкцияланбай пайдаланған жағдайда карточка Ұстаушы карточканы бұғаттау туралы ауызша немесе жазбаша хабарламамен (әрі қарай мәтін бойынша - «Хабарлама») Банкке дереу хабарласуы қажет. Карточка Ұстаушы, сондай-ақ карточка Ұстаушының қарауы бойынша өзге де негіздер бойынша карточканы бұғаттау туралы ауызша немесе жазбаша хабарламамен Банкке жүгінуге құқылы;

4.6.2. Хабарламада карточка Ұстаушының аты-жөні, мүмкіндігінше қосымша ақпарат көрсетіледі: туған жылы,

Карточканың нөмірі мен әрекет ету мерзімі, сондай-ақ бұғаттау себебі көрсетіледі. Байланыс мәліметтерін – мекенжайды, телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын көрсеткен жөн.

Карточка Ұстаушы карточканың жоғалғаны немесе ұрланғаны туралы Банкке уақытында Хабарламау салдарларына жауап береді – Банкке келтірілген залалға толық көлемде;

4.6.3. карточка Ұстаушы осымен карточка Ұстаушының иелігінде және пайдалануында екендігіне және тиісті тіркелмеген Хабарлама болмаған жағдайда, ал Банк хабарламаны тіркегенге дейін карточканы пайдаланумен жүргізілген карточкалық операциялар тиісті түрде карточка Ұстаушымен санкцияланған деп есептелетіндігіне сөзсіз келіседі. Карточка Ұстаушы Карточканы бұғаттау күшіне енгенге дейін жасалған карточкалық операцияларға қатысты тәуекелді және жауаптылықты көтереді;

4.6.4. стоп-параққа карточканың деректемелерін енгізумен карточканы бұғаттаған жағдайда ауызша Хабарлама Банкке ауызша Хабарлама күнінен бастап екі Жұмыс күні ішінде Банкке ұсынылатын карточка Ұстаушының жазбаша өтінішімен расталуы тиіс. Көрсетілген мерзімде жазбаша Хабарламаны ұсынудың мүмкін еместігі жағдайында карточка Ұстаушы бұл жөнінде жазбаша Хабарламаны ұсынудың мүмкін еместігі себебін көрсетумен Банкке алдын ала хабарлауға және ең бірінші ретте Банкке Хабарламаны растайтын жазбаша өтінішті ұсынуға міндетті;

4.6.5. Тараптар осымен карточка Ұстаушының Банкке, оның ішінде қандай-да бір даулы жағдайлардың туындауын болдырмау мақсатында телефон хабарының белгіленуіне және жазып алынуына келіседі. Және осы Жалпы Шарттарға сәйкес жазбаша нысандағы осындай хабарламаны растаған сәтке дейін карточка Ұстаушының Банкке телефон арқылы хабарласуының жазбасы карточка Ұстаушыдан келіп түскен ауызша хабарламаның мазмұнына жеткілікті дәлел болып табылатындына келіседі.

4.6.6. Клиент осымен Банкпен Хабарламаны тіркегенге дейін карточканы пайдаланумен жүргізілген карточкалық операциялар Ұстаушымен тиісті түрде санкцияланған деп есептелетініне сөзсіз келіседі;

4.6.7. жоғалған/ұрланған карточкаға карточканың деректемелерін стоп-параққа енгізбестен бұғаттаған жағдайда карточкаға қызмет көрсететін эквайердің кез келген құрылғысында дүние жүзінің кез келген аймағында, Банк құрылғысынан басқа, жоғалған/ұрланған карточканы санкцияланбай пайдалану тәуекелі әрекет етеді. Дүние жүзіндегі белгілі аймақта ғана эквайерлер құрылғысы үшін жоғалған/ұрланған карточканың деректемелерін стоп-параққа енгізбестен бұғаттаған жағдайда Банк құрылғысынан және осы стоп-парақ әрекет ететін дүние жүзіндегі аймақта эквайерлерден басқа жоғалған/ұрланған карточканы санкцияланбай пайдалану тәуекелі әрекет етеді. Банк карточка Ұстаушының нұсқауы бойынша карточканың деректемелерін стоп-параққа енгізбестен немесе дүние жүзінің нақты бір аймағында эквайер құрылғысы ғана әрекет ететін стоп-параққа карточканың деректемелерін енгізумен жоғалған/ұрланған карточканы бұғаттау бойынша жоғалған/ұрланған карточканы санкцияланбай пайдалану салдарларына жауап бермейді.

4.6.8. Хабарлама хабарламаның оның ерік-қалауына сәйкессіздігі тәуекелін көтеретін, сондай-ақ Банктің карточкаға тежеу қою салдарларына жауап беретін карточка Ұстаушыдан шығады деп есептейді.

Банк карточка Ұстаушының атынан хабарлама негізінде жүргізілген, осы Жалпы Шарттарда сипатталған Талаптарға сәйкес телефон/телекс/факс арқылы берілген карточкаға тежеу қою салдарларына жауап бермейді;

4.6.9. карточка Ұстаушының жазбаша өтініші негізінде карточка бұғатталғаннан кейін Банк жаңа нөмірмен және ПИН-кодпен жаңа карточка шығарады;

4.6.10. Банк карточка Ұстаушы карточканы сақтау және пайдалану талаптарын сақтамаған жағдайда, сондай-ақ ПИН-кодтың құпиялылығын сақтамаған (оның ішінде карточканы бұғаттағаннан кейін), сондай-ақ карточка Ұстаушының заңға қарсы әдейі әрекеттерін белгілеу жағдайында талап қою құқығын сақтайды;

4.6.11. бұрын жоғалған деп мәлімденген карточка табылған жағдайда карточка Ұстаушы бұл туралы Банкке дереу хабарлауға және карточканы Банкке қайтаруға міндетті. Жоғарыдағы тармақпен белгіленгендей, табылған карточка қайтарылмаған жағдайда карточка Ұстаушы өзіне Банкке карточканы қайтармау бойынша бүкіл тәуекелді көтереді, сондай-ақ Банкке Карточканы алуға байланысты Банкке келтірілуі мүмкін кез келген қосымша шығындарды өтеуге міндеттенеді;

4.6.12. егер Банкте Клиенттің карточкасы бойынша санкцияланбаған алаяқтық операцияларын жүргізу тәуекеліне негіздер болса, онда Банк кейін Клиентке хабарлаумен, алдын-ала хабарламастан карточканы бұғаттауға құқылы;

4.6.13. Клиенттің жұмыс берушісінен жұмыстан босатылған/босатылатын карточка Ұстаушыларды көрсетумен жазбаша хабарлама алған жағдайда Банк Банктің және Клиенттің әрі қарайғы өзара қатынастары туралы шешім алғанға дейін төлем карточкасы/карточка бойынша - Клиенттің карточкасын стандартты Тарифтерге ауыстыруға немесе осы шотты/карточканы жабуға - төлем карточкасы/карточка бойынша шотты бұғаттайды. Осы тармақ жалақы төлеуге байланысты жоба шеңберінде шығарылған карточкаларға таратылады;

4.6.14. Банк, сондай-ақ төмендегі жағдайларда карточкаға тежеу қоюға құқылы:

a. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша Шотта орналастырылған ақшаны пайдалануға тыйым салынған;

b. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатқан;

c. Клиенттен карточканың жоғалғаны, ұрланғаны және/немесе санкцияланбастан пайдаланғаны туралы хабарлама алған;

d. Клиент Жалпы Шарттарды орындамаған және/немесе тиісті орындамаған;

e. төлем карточкалары жүйесінің талабы бойынша;

f. Банк осы фактіні анықтаған жағдайда карточканы санкцияланбастан пайдаланғанына күмән туындаған;

g. Жалпы Шарттармен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де жағдайларда.

4.7. Карточканы ұстап қалу/алып алу

4.7.1. СҚК карточканы ұстап қалуы/алып алуы мына жағдайларда жүреді, егер:

- a. карточка бұғатталған, оның ішінде карточканың әрекет ету мерзімі аяқталуы бойынша;
- b. авторландыру сұрауына жауапты карточканы алып алу туралы нұсқау алынған;
- c. Карточка ұсынушы оның Ұстаушысы болып табылмайтын;
- d. карточканың жасандылық белгілері анық байқалған;
- e. карточка Ұстаушы карточкалық операция жүргізгеннен кейін СҚК карточкасын ұмыт қалдырған.

4.7.2. карточканы ұстап қалу/алып алу Банкоматпен, СҚК кассирімен немесе Банктің Қауіпсіздік қызметімен жүргізіледі. Карточканы ұстап қалған/алып алған жағдайда (оны Банкомат алып қойған жағдайларды қоспағанда) тиісті акт жасалады;

4.7.3. карточканы ұстап қалу/алып алу себебі Банкпен карточка Ұстаушы Банкке немесе ІҚК мүшесі жергілікті Банкке ауызша (телефон арқылы) немесе жазбаша хабарласқан келесі банктік күннен кешіктірмей анықталады;

4.7.4. ұстап қалынған карточканы тікелей карточка Ұстаушыға қайтару Банкпен жергілікті Банктің немесе Банктің (ұстап қалынған/алып алынған карточканы Банк жеткізген жағдайда) тиісті шешімін қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

4.7.5. карточканы бұғаттаудан шығару карточка Ұстаушының Банкке ұсынған карточка Ұстаушының жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

4.7.6. карточканы тежеуден шығару мына жағдайларда жүргізіледі:

- a. егер тежеу қойылған карточканы әрі қарай пайдалану оның ұстаушысына қауіпсіз болса (мыс., жоғалған карточканы тауып алған жағдайда);
- b. Клиент Жалпы Шарттармен немесе Ережемен немесе Банктік шот Шартымен белгіленген Банк алдындағы міндеттемелерін орындаған;
- c. Клиенттің ағымдағы шотындағы ақшаны пайдалануға тыйымды жойғаннан кейін, немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтатқаннан кейін.

4.8. Карточканың әрекет ету мерзімі, Карточканы пайдалануды тоқтата тұру және тоқтату

4.8.1. карточкада оның әрекет ету мерзімінің (айы мен жылы) аяқталу уақыты көрсетіледі. Карточка онда көрсетілген айдың соңғы күніне дейін жарамды;

4.8.2. Карточканы пайдаланудан бас тартқан жағдайда оның Ұстаушысы Банкке тиісті жазбаша өтінішпен жүгінуге және Карточканы тапсыруға міндетті;

4.8.3. Банк өз қарауы бойынша тежеу қоюдың нақты күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кез келген сәтте карточканы алуға немесе бұғаттауға және/немесе кейін карточка Ұстаушыға хабарлаумен карточка Ұстаушының мүмкін шығындарын қандай-да бір өтеусіз карточканы ауыстырудан бас тартуға құқылы;

4.8.4. карточка Ұстаушы осындай Хабарламада көрсетілген мерзім ішінде Банктің жазбаша талабы бойынша карточканы қайтаруға міндетті;

4.8.5. оның карточка Ұстаушысымен Карточка қайтарылмаған/уақытында қайтарылмаған жағдайда Клиент Карточканы Банкке осындай қайтармау/уақытында қайтармауға әкеп соғатын барлық тәуекелді көтереді, сондай-ақ Банкке Карточканы алуға байланысты Банк көтеруі мүмкін кез келген қосымша шығынды қайтарады.

4.9. Карточканы қайта шығару

4.9.1. жойылғанның орнына Карточканы қайта шығару карточка Ұстаушыдан Банкке берілген жазбаша өтініш негізінде жүргізіледі;

4.9.2. Карточка мына жағдайларда қайта шығарылуға жатады, егер:

- a. карточканың әрекет ету мерзімі аяқталған;
- b. ПИН-код құпия болмай қалған немесе жоғалған;
- c. карточка зақымданған;
- d. карточка жоғалған/ұрланған;
- e. карточка Ұстаушының қалауы бойынша өзге жағдайларда;
- f. Банктің қарауы бойынша, егер Банкте Клиенттің карточкасы бойынша санкцияланбаған алаяқтық операциялар жүргізу қаупінің болжамы негіздері болған жағдайда;
- g. карточканы алаяқтық қаупі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда.

4.9.3. ауыстырылатын Карточка Банкке міндетті түрде тапсырылуға жатады (жоғалған/ұрланған Карточкаларды қоспағанда);

4.9.4. Банк Тарифтерге сәйкес жаңа Карточканы әзірлеуге Клиенттен төлем алады;

Банк төмендегі жағдайларда карточканы қайта шығаруды тегін жүргізеді:

- a. карточканың әрекет ету мерзімі аяқталуы бойынша;
- b. ПИН-конверттің жапсырмасындағы ПИН-код анық басылмаған;
- c. карточкада көрсетілген карточка Ұстаушының аты-жөні карточка Ұстаушының карточка алуға өтінішінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес еместігі (лездік карточканы қоспағанда);

d. карточка бойынша бірінші операцияны жүргізген кезде оның ұстаушысына карточканы берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде банкомат және/немесе POS-терминал карточканың магнит жолағынан ақпаратты есептемейді.

4.9.5. Клиент (карточка Ұстаушының тұлғасы немесе Клиенттің өзге уәкілетті тұлғасы) карточканы қайта шығарған күннен бастап карточка алу үшін 6 (алты) күнтізбелік айда Банкке келмеген жағдайда Банк Карточканы жоюға құқылы. Және Карточканы қайта шығарғаны және қызмет көрсеткені үшін Банктің комиссиясы қайтарылмайды.

1)

4.9.6. жаңа CVC2-кодпен виртуалды Карточка мына жағдайларда қайта шығарылады:

1) CVC2-коды құпия болмай қалған;

2) карточка Ұстаушы CVC2-кодын ұмытып қалған;

4.9.7. әрекет ету мерзімі аяқталуы бойынша лездік Карточка оған карточка Ұстаушының сәйкестендіру мәліметтерін (аты-жөні) енгізумен Карточканы қайта шығару (ауыстыру) жүргізіледі.

4.9.8. Қайта шығарылатын (ауыстырылатын) карточка Жалпы Шарттарға сәйкес бұғатталуға жатады.

4.10. SMS-хабарлама

4.10.1. «SMS-хабарлама» қызметіне қосқан кезде карточка Ұстаушы төлем карточкасы шоты бойынша төмендегі операциялар туралы хабарлама алу мүмкіндігін алады:

a. банкоматтан қолма қол ақша алу операциялары бойынша;

b. тауарлар мен қызметтерге төлем операциялары бойынша;

c. төлем карточкасындағы ақшаны есепке алу операциялары бойынша;

d. төлем карточкасының шотынан ақша алу операциялары бойынша.

4.10.2. «SMS-хабарлама» қызметіне қосу үшін карточка Ұстаушы Банкке sms-хабарламалар жөнелтілетін мобилді телефон нөмірін көрсетумен белгіленген үлгідегі өтінішті береді немесе Банкке телефон бойынша Клиентке кіріс/шығыс қоңырау шалу кезінде SMS-хабарлама қызметіне қосуға ауызша келісімін береді. Мобилді телефон нөмірі өзгерген жағдайда карточка Ұстаушы бұл жөнінде жазбаша нысанда Банкке дереу хабарлауы керек;

4.10.3. «SMS-хабарлама» қызметіне қосу үшін карточка Ұстаушы Банкке sms-хабарламалар жөнелтілетін мобилді телефон нөмірін көрсетумен белгіленген үлгідегі өтінішті береді немесе Банкке телефон бойынша Клиентке кіріс/шығыс қоңырау шалу кезінде SMS-хабарлама қызметіне қосуға ауызша келісімін береді. Негізгі Ұстаушының «SMS-хабарлама» қызметін орнатуға келісімі қосымша карточка иесіне міндетті;

4.10.4. Шығыс операциясы бойынша мәтіндік хабарламада жүргізілген операцияларды нақтылау көрсетіледі:

- операция күні, уақыты;
- операция сомасы мен валютасы;
- операция жүргізілетін мекенжай;
- карточка нөмірінің алғашқы төрт және соңғы төрт сандары;
- карточкадағы қолжетімді қалдық;
- Банктің байланыс телефоны;
- кіріс операциялары бойынша мәтіндік хабарламада жүргізілген операцияларды нақтылау көрсетіледі;
- операция сомасы мен валютасы;
- төлем карточкасымен ағымдағы шоттың алғашқы төрт және соңғы төрт белгілері;
- операция күні және уақыты;
- Банктің байланыс телефоны.

4.10.5. Карточка Ұстаушы мобилді телефоны жоғалған/ұрланған жағдайда «SMS-хабарлама» қызметіне бұғаттау үшін Банкке дереу хабарласуы керек. Банк қызметке тежеу қойған сәтке дейін мобилді телефон жоғалған/ұрланған жағдайда банктік құпияны құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария еткені, алаяқтық және басқа әрекеттері үшін жауаптылықты көтермейді;

4.10.6. карточка Ұстаушының SMS-хабарлама қызметін алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ өз деректемелерін дәл көрсетпеуіне/өз деректемелерінің өзгерісі туралы/мобилді телефонды ажыратқаны туралы уақытында Банкке хабарламауына байланысты жауаптылықты және барлық мүмкін тәуекелді көтереді;

4.10.7. Банк шұғыл байланыс құралы жұмысындағы іркіліспен, қызмет жеткізушілерінің, хабарлама беруге пайдаланылатын жабдықты пайдаланумен SMS-хабарлама жөнелтуге байланысты карточка Ұстаушы көтеруі мүмкін кез келген залалға жауап бермейді, қоса, бірақ шектелместен, сондай-ақ үшінші тұлғалардың жөнелтілетін ақпаратқа уәкілетсіз қол жетімділігі нәтижесінде SMS-хабарламаны алмауы/уақытында алмауы нәтижесінде туындаған залалдарға;

4.10.8. Банк ай сайын Банкпен белгіленген тарифтерге сәйкес «SMS-хабарлама» қызметін пайдаланғаны үшін Клиенттің Шотынан ақшаны акцептсіз алумен төлем алады.

4.11. CASHBACK

4.11.1 Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген жағдайларда және тәртіпте Банк Клиентке қолма қол ақшасыз Карточкалық операциялар бойынша нақты сома төлейтін, оның ішінде Интернет арқылы, Клиентке Банкпен ом Cashback Қызметін ұсынады.

4.11.2 Осы Жалпы Шарттардың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде Банктің Тарифтерінде немесе Банктің сайты www.kassanova.kz мекенжайында көрсетілетін Банкпен белгіленетін мөлшерлерге сәйкес Клиентпен/Карточка Ұстаушымен жүргізілген сауда-саттық және қызмет көрсету кәсіпорындарында төлем бойынша карточкалық операциялар жүргізгені үшін Клиенттің/Карточка Ұстаушының ағымдағы шотына жалпы сомадан пайыздар түрінде қаржы ұсыну бойынша өңдеу күні Cashback есептеуін жүргізеді.

4.11.3 Банк карточкалық операцияны толық немесе жартылай өзгерткен/қайтарған жағдайда (карточка бойынша тауар алған немесе карточка бойынша төленген қызметтен бас тартқан) жүргізу кезінде Банкпен Cashback есептелген, Банктің қарауы бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы емес өзге де жағдайларда Cashback жоюға/соманы жоюға құқылы.

4.11.4 Cashback төмендегі жағдайларда ұсынылмайды:

- a. операцияларды казинода және тотализаторларда жүргізген жағдайда;
- b. лотерея билеттерін және облигацияларды сатып алу жүргізген жағдайда;
- c. Банктің және өзге банктердің банктік шоттарына аударым операцияларын жүргізген жағдайда;
- d. электрондық әмияндарды толықтыру бойынша операциялар жүргізген жағдайда;
- e. Банктің және өзге банктердің банкоматтарында, қолма қол ақша беру пункттерінде (ЕДБ бөлімшелері) операциялар жүргізген жағдайда;
- f. «My Kassa» жүйесі арқылы операциялар жүргізген жағдайда;
- g. Жалпы Шарттармен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де жағдайларда.

4.11.5 қызмет көрсету, осы Жалпы Шарттардың әрекет ету бүкіл мерзімі ішінде Банк бір тарапты тәртіпте Cashback мөлшерін белгілеуге/ұлғайтуға/төмендетуге құқылы. Осы Жалпы Шарттардың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде Банк өз қарауы бойынша Cashback ұсынуды бұзуға құқылы.

5-БАП.

КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША АЛАЯҚТЫҚ

5.1. Карточкалық операциялар бойынша алаяқтықты болдырмау мақсатында Банк кез келген Карточкалық операцияларға/карточкаларды шектеусіз кезеңге бұзуға/лимиттеуге/бұғаттауға құқылы;

5.2. Банк карточка Ұстаушыдан Банктің пікірінше күмәнді және/немесе алаяқтықтық болып табылса, карточкалық операциялар бойынша растауды және/немесе ақпаратты/құжаттарды сұрауға құқылы;

5.3. Карточкалық операциялар бойынша даулы жағдай туындаған жағдайда карточка Ұстаушы осындай дауды шешу үшін қажетті барлық ақпаратты/құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

5.4. егер карточка Ұстаушымен ұсынылған ақпарат/құжаттар толық болмаса және/немесе кеш ұсынылса, Банк әрі қарай тергеу жүргізбестен даулы жағдайды жабуға құқылы, ал карточка Ұстаушы оны болашақта дауламауға міндеттенеді;

5.5. карточка Ұстаушы диспутты жағдайды Карточкалық операция жүргізілген күннен бастап 35 күннен кешіктірмей қарауға береді, кері жағдайда жүргізілген Карточкалық операция расталған деп есептеледі, және кейінгі талаптарды Банк карточка Ұстаушыға келтірілген залалды өтеместен қабылдамайды.

Банкке келіп түскен талаптарды реттегенге дейін бұрын Шоттан алынған ақша қалпына келтірілмейді, өтініштерді қарау мерзімі ХТЖ ережелерімен белгіленеді.

5.6. Қазақстан Республикасының тыс жерлерге шыққан кезде Банктің www.kassanova.kz сайтында орналасқан **карточкалық алаяқтық тәуекелі жоғары деңгейдегі фродо-қауіпті елдердің тізімімен** танысу, төлем карточкаларын пайдаланған кезде аса сақ болу.

5.7. Карточка Ұстаушы карточкалық алаяқтық тәуекелі жоғары деңгейде дамыған елдерге келген кезде Банк төмендегі сақтық шараларын жүргізу қажет:

- 1) банкоматтарда және сауда орындарында операция жүргізу үшін төмен сыныпты қосымша карта немесе Nova Instant лездік карточкасын шығару;
- 2) мобилді банкинг арқылы төлем карточкасы бойынша шығыс операцияларына ең төменгі лимитті белгілеу немесе лимитті уақытша жабу.
- 3) SMS – хабарлама қызметін қосу.

5.8. Алаяқтық тәуекелі жоғары деңгейдегі елдерде карточканы пайдалануды тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде клиент карточканы қайта шығару үшін Банкке келуі керек. Аталған ұсыным сақталмаған және осыған байланысты осы карточка бойынша алаяқтық транзакциялары туындаған жағдайда Банкке келтірілген барлық шығынды, сондай-ақ залалды карточка Ұстаушы сөзсіз тәртіпте өтейді.

5.9. Банкпен Клиенттің ақшасына санкцияланбаған қол жеткізілуін қорғау және үнсіз келісім бойынша алаяқтық операцияларын болдырмау мақсатында карточканы пайдаланумен жүргізілетін төлемдер сомасына төмендегідей шектеу түрлері белгіленген:

ағымдағы шотқа теңгеде/АҚШ долларында/еуроға жүргізу валютасымен қол жеткізу құралы ретінде карточка бойынша:

кез келген карточка бойынша Карточкалық операциялар жүргізуге жалпы лимит - 300 000 (үш жүз мың) теңге/1000 (бір мың) АҚШ доллары/1000 (бір мың) еуро тәулігіне;

кез келген карточка бойынша интернет-төлемдер жүргізуге лимит – 0 теңге/0 АҚШ доллары/0 еуро тәулігіне.

5.10. үнсіз келісім бойынша Банкпен белгіленген карточканы пайдаланумен жүргізілетін төлем сомаларына шектеулер Клиенттің қалауы бойынша төмендегі тәсілдермен өзгертілуі мүмкін:

- Клиентпен филиалға/филиал бөлімшесіне ұсынылған шектеулер белгілеуге өтінім немесе карточка алуға (онда тиісті тармақ болған жағдайда) өтінім негізінде;
- My Kassa жүйесі мобилді қосымшасы арқылы Клиентпен дербес.

- 5.11. үнсіз келісім бойынша бастапқыда Банкпен белгіленген шектелім ұлғайған, сондай-ақ карточкалық операцияларды жүргізуге Клиент шектеулерді алып тастаған жағдайда карточканы санкцияланбастан пайдалану сағдарларына Клиент дербес жауаптылықты көтереді.
- 5.12. Клиенттің қалауы бойынша қосымша цикл мерзімділігімен қолма қол ақша алуға лимит белгіленуі мүмкін; тәулігіне немесе күнтізбелік айға.
- 5.13. Тәулігіне қолма қол ақша алуға лимит тәулігіне карточкалық операцияларды жүргізуге жалпы лимиттен аспайды.
- 5.14. Карточка алуға өтінімде қосымша карточкалар бойынша жүргізілетін төлемдер сомасына шектеулерді өзгерту/бұзу туралы нұсқау болмаған жағдайда стандартты шектеулер қолданылады.
- 5.15. үшінші тұлғаға ресімделген қосымша карточкалар бойынша жүргізілетін төлемдер сомасына шектеулерді өзгерту/бұзу Клиенттен ғана (негізгі карточка ұстаушыдан) филиалда/филиал бөлімшесінде қабылданады.
- 5.16. Клиенттің қандай-да бір себептер (мыс., шетелде болуы) бойынша шектеулер белгілеуге өтінім ұсыну мүмкін еместігі жағдайында Банк 3 (үш) күнтізбелік күннен аспайтын кезеңге Клиентті сәйкестендіргеннен кейін телефон бойынша оның ауызша нұсқауы негізінде карточка бойынша шектеулер белгілеуді/өзгертуді/бұзуды жүргізеді. Оператордың телефон бойынша Клиентпен көрсетілген шектеулердің әрекет етуі/жоқтығы кезеңі өтуі бойынша шектеуге бұзу немесе Банкке Клиенттің ауызша нұсқауы негізінде бұзылған/өзгертілген шектеулерді белгілеу жүргізіледі.
- 5.17. Клиент осымен телефон бойынша оператормен Клиенттің сөйлескеніне жазу құрылғысы арқылы Банкпен жүргізілген, Клиенттен келіп түскен карточка бойынша шектеулерді белгілеу/өзгерту/бұзу туралы ауызша нұсқауының мазмұнына жеткілікті дәлел болып табылатын жазбасына сөзсіз келіседі.
- 5.18. Банктің Комплаенс-бақылау Хабарламасына сәйкес мына елдерде карточкалар арқылы операциялар жүргізуге тыйым белгіленген: Иран, Ирак, Солтүстік Корея, Сирия, Уганда, Босния және Герцеговина, Эфиопия, Лаос, Йемен, Вануату. Шектеулер тұрақты әрекет етеді және Клиент Банкке жүгінген жағдайда алынып тасталмайды.

* елдер өзгертілуі мүмкін

6-БАП.

САНКЦИЯЛАНБАҒАН ТӨЛЕМ БОЙЫНША ЖӘНЕ КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ

- 6.1. Барлық даулар бойынша Клиент/карточка Ұстаушы жазбаша өтінішпен Банкке жүгінеді. Банк санкцияланбаған төлем бойынша шағымды қабылдаған жағдайда Клиент/карточка Ұстаушы атынан төлем карточкалары жүйесі алдында бой көтереді. Санкцияланбаған төлем бойынша шағымға Клиент сауда түбіртегін және санкцияланбаған төлем бойынша өзге құжаттарды қоса береді.
- 6.2. Банк авторландыру жүргізілген күннен бастап 35 (отыз бес) күнтізбелік күн өтуі бойынша санкцияланбаған төлемді немесе Клиентпен/карточка Ұстаушымен қойылған басқа талаптарды қарауға қабылдамайды.
- 6.3. Санкцияланбаған төлем бойынша шағымды қарау мерзімі төлем жүйелері ережесімен белгіленеді және Клиент/карточка Ұстаушы Банкке жазбаша өтінішпен жүгінген күннен бастап 270 күнтізбелік күнге дейін құрауы мүмкін.
- 6.4. Банк виртуалды карточкалар бойынша санкцияланбаған төлем бойынша шағымды қарауға қабылдамайды, оның Ұстаушысы карточканы бұғаттағаннан кейін жүргізілген операциялардан басқа.
- 6.5. Санкцияланбаған төлем бойынша шағымдардың немесе Клиенттің өзге талабының негізділігі жағдайында Банк ағымдағы шотта карточкалық операция сомасына талапты қарау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде карточкалық операция сомасын қалпына келтіреді.
- 6.6. Карточканың жоғалуы, ұрлануы немесе санкцияланбастан пайдалануы туралы Хабарлама күшіне енгеннен кейін санкцияланбаған төлемді жүргізу кезінде Банк Клиентке санкцияланбаған төлемді жүргізуге байланысты залалды өтейді. Өзге жағдайларда Банк санкцияланбастан пайдалану жүргізгені үшін жауаптылық көтермейді және Клиентке келтірілген залалды қайтармайды.
- 6.7. Санкцияланбаған төлем бойынша Клиенттің өтінішінің немесе өзге талабының негізсізділігі жағдайында Банк Клиенттің ағымдағы шотынан даулы жағдайды реттеуге байланысты Банкпен келтірілген барлық шығын сомасын акцептсіз тәртіпте алуға құқылы.
- 6.8. Банк, егер Клиент/карточка Ұстаушы санкцияланбаған төлемді жүргізуге қатысқанын немесе оны жүргізуге көмектескенін анықтаса, санкцияланбаған төлемді жүргізуге байланысты залалды Клиентке қайтармайды.
- 6.9. Өзге талаптарды қарау мерзімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.
- 6.10. Карточка Ұстаушыға шоттағы ақшаның жұмсалуын есепке алу және мүмкін дауларды реттеу үшін түбіртектерді сақтау ұсынылады;
- 6.11. Карточка Ұстаушы атынан ХТЖ алдында бой көтеретін барлық даулар бойынша карточка Ұстаушы жазбаша сұраумен Банкке жүгінеді. Талаптың негізділігі жағдайында Банк Шоттағы операция сомасын қалпына келтіреді;
- 6.12. Карточка Ұстаушы талабының негізділігі жағдайында Банк жүргізілген тергеу негізінде тиісті карточкалық операцияны бұзуы және карточкалық операция сомасына қайтару жүргізуі мүмкін, егер осындай қайтару мүмкін болса. Талаптың негізділігі жағдайында ақша өзге банктермен және ХТЖ халықаралық төрелігімен даулы операцияны толық реттеу бойынша карточка Ұстаушының шотына қалпына келтірілуге

жатады;

6.13. Банктің банкоматтарында жүргізілген даулы карточкалық операциялар бойынша талаптар қолма қол ақшаны бермеу себебі анықталғаннан және Банкоматқа қайта инкассация жүргізу нәтижелері бойынша қаралуға жатады;

6.14. Ұстаушы ХТЖ төрелігінде даулы транзакцияны қарағаны үшін комиссия төлеу бойынша жауаптылықты көтереді. Карточка Ұстаушы тарапынан негізсіз талап болған жағдайда төрелік комиссиямен қарау құны ХТЖ белгіленген тарифтерге сәйкес төленеді;

6.15. Карточка Ұстаушы Жалпы Шарттарды бұзған жағдайда Банк Шот бойынша шығарылған барлық карточкаларды бұғаттауға құқылы.

7-БАП.

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫМЕН ШОТ ШАРТЫН БҰЗУ

7.1. Тараптардың әрқайсысы өзге Тарапқа Жалпы Шарттармен көзделген құқықтық қатынастар нақты тоқтатылған күнге дейін өзге Тарапқа жазбаша хабарлаумен 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей, құқықтық қатынастарды бұзуға және карточка бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.

7.2. Банкпен Карточкаларды қайта шығару жүргізілмейді, және карточкалар Банкпен көрсетілген төлем карточкаларының қызмет көрсетуді бұзған және тоқтатқан күнге жойылады.

7.3. Клиент Банктің хабарламасында көрсетілген төлем карточкаларының қызмет көрсетуін бұзу және тоқтату күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бар Берешекті өтеуге міндеттенеді.

Егер Клиент Жалпы Шарттардың осы тармағымен көзделген міндеттемелерді орындамаса, Клиент карточкаға қызмет көрсету карточкаға қызмет көрсету бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі тиісті бөлікте әрекет етеді.

Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама бере тұрып, Клиент Банкке Шартқа сәйкес шығарылған барлық карточкаларды қайтарады. Егер Банкке Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама берген жағдайда Клиент Банкке Шарт бойынша шығарылған барлық карточканы қайтармаған жағдайда Клиенттің Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламасы қайтарылмаған карточкаларға тежеу қою (қажет жағдайда) құнын төлегеннен және Банк қызметкерімен оған тежеу қою фактісін тексергеннен кейін қабылданады.

Клиент Банктің хабарламасында көрсетілген шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Берешекті өтеуге міндеттенеді. Егер Клиент Шарттың осы тармағымен көзделген міндеттемелерді орындамаса, Клиент Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі тиісті бөлікте әрекет етеді.

7.4. Құқықтық қатынастарды бұзу туралы жазбаша хабарламаны ұсына отырып, Клиент Банкке осы Жалпы Шарттарға сәйкес шығарылған барлық Карточкаларды қайтарады. Егер Банкке құқықтық қатынастарды бұзу туралы жазбаша хабарламаны берген жағдайда Банкке шот ашуға Өтініш/Шарт бойынша шығарылған барлық Карточканы «Банк Kassa Nova» АҚ қайтармаса, Клиенттің құқықтық қатынастарды бұзу және қызмет көрсетуді тоқтату туралы жазбаша хабарламасы қайтарылмаған Карточкаларды бұғаттағаннан, Клиент оларды бұғаттау құнын төлегеннен (қажет жағдайда) және Банк қызметкерімен олардың бұғатталғандығы фактісін тексергеннен кейін қабылданады.

7.5. Клиент құқықтық қатынастарды бұзу және қызмет көрсетуді тоқтату туралы көрсетілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, берешекті өтеуге міндеттенеді. Егер Клиент осы тармақпен көзделген міндеттемелерді орындамаса, Клиент төлем карточкасының қызметі бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі тиісті бөлікте әрекет етеді.

7.6. Карточканы жойған жағдайда (егер «Банк Kassa Nova» АҚ шот ашуға Өтінішке/корпоративтік төлем карточкаларын беру және пайдалану туралы Шартқа сәйкес Клиентке басқа Карточкалар шығарылмаса) карточкаға қызмет көрсету Клиент төлем карточкасының қызметі бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі тиісті бөлікте әрекет етеді.

7.7. құқықтық қатынастарды бұзу және төлем карточкаларының қызметін тоқтату тәртібі және өзге негіздері, сондай-ақ осындай бұзу салдарлары I-тарау. «Ағымдағы шоттар». 1-бап. 1.6.)-1.9.)-тармақшаларымен реттеледі.

8-БАП.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Банк құқылы:

8.1.1. осы Жалпы Шарттармен, Банктің ішкі құжаттарымен, қолданыстағы заңнамамен көзделген жағдайларда Клиенттің Шоты бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға;

8.1.2. Клиенттің шотында Клиенттің шотын жабу бойынша осы нұсқауды орындауға жеткілікті ақша сомасы болмаған жағдайда, Клиенттің шотында орындалмаған талаптар болған, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге жағдайларда Клиенттің нұсқауын қабылдаудан бас тартуға;

8.1.3. Клиенттен төлем жүргізу және валюталық операциялар жүргізу негізділігін растайтын құжаттарды сұрауға;

8.1.4. бір тарапты тәртіпте Тарифтерге және банктік қызмет көрсетудің өзге шарттарына өзгертулер енгізуге. Банк Жалпы Шарттарға сәйкес енгізілген өзгертулер туралы Клиентке хабарлайды;

8.1.5. қолданыстағы заңнамамен көзделген жағдайларда Клиенттің Шотын жабуға;

8.1.6. шотты дебеттеу және/немесе акцептсіз тәртіпте Клиенттің/карточка Ұстаушының қосымша жазбаша келісімсіз шоттан және/немесе Банкте ашқан, сондай-ақ өзге банктерде ашқан кез келген банктік шотынан Клиенттің Банк алдындағы орындалмаған міндеттемелері сомасына ақшаны алуға;

- 8.1.7. Клиентке немесе оның сенім білдірілген тұлғасына өз қарауы бойынша карточка шығарудан бас тартуға;
- 8.1.8. қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүргізуге.
- 8.1.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша ағымдағы шот бойынша шығыс операциялары тоқтатылса және/немесе ағымдағы шот/ағымдағы шоттың нақты сомасына тыйым салынса/шығыс операцияларын тоқтату туралы өкім шығарылса, ҚР заңнамасы талаптарына және осы тармақта көрсетілген шектеулерге сәйкес уәкілетті органдармен алғанға дейін ағымдағы шот бойынша Сыйақы жоғарыдағы шектеулер таратылмайтын ағымдағы шоттағы сома қалдығына ғана есептеледі және төленеді;
- 8.1.10. Клиент ҚР заңнамасын, Банктің ІНҚ және осы Жалпы Шарттарды бұзған жағдайда бір тарапты тәртіпте іскерлік қатынастарды бұзуға құқылы.
- 8.1.11. ҚР қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкес Клиенттің операциясын тоқтатуға және шоттағы қаражатты тұрақтандыруға құқылы.
- 8.2. Клиент құқылы:
- 8.2.1. Жалпы Шарттармен, Банктің ішкі құжаттарымен және қолданыстағы заңнамамен белгіленген талаптар мен шектеулер есебімен өз қарауы бойынша Клиенттің Шотындағы ақшаға иелік етуге;
- 8.2.2. Шот бойынша үзінді-көшірме (анықтама) алуға;
- 8.2.3. Жалпы Шарттарға, Банктің ішкі құжаттарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндеттемелердің толық орындау шартында Шотты жабуға;
- 8.2.4. қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүргізуге;
- 8.2.5. Клиент үшінші тұлғалардың олардың Банк қауіпсіздігінің қорғалмаған жүйелеріне байланысты байланыстың ашық арналарына, оның ішінде SMS, e-mail, факс, телефон және т.б. қол жеткізу тәуекелін қабылдайды, егер карточка Ұстаушы байланыстың көрсетілген арналары бойынша сұрау салуға бастама берсе немесе байланыстың осы арналары бойынша мәліметтер жөнелту туралы нұсқау берсе;
- 8.2.6. кез келген сәтте Банктің қосымша қызметтерін пайдаланудан бас тартуға. Кез келген қызметті пайдаланудан бас тарту үшін Клиент Банк бөлімшесіне Банспен белгіленген нысанда өз қолымен жазылған өтінішті ұсынуға міндетті.
- 8.3. Банк міндеттенеді:
- 8.3.1. талап ету бойынша Клиентке Клиенттің Шоты бойынша үзінді-көшірме (анықтама) беруге;
- 8.3.2. Клиенттен Клиенттің Шоты бойынша операциялар жүргізу туралы нұсқау алған кезде қолданыстағы заңнамамен көзделген тәртіпте және мерзімде оны орындауға немесе дәлелді бас тартуға;
- 8.3.3. қолданыстағы заңнамамен көзделген тәртіпте және кезектілікте Клиенттің Шотына қойылған нұсқауларды орындауға.
- 8.4. Клиент міндеттенеді:
- 8.4.1. оның Шоты бойынша берілген барлық Карталарды пайдаланғаны үшін толық жауаптылықты көтеруге;
- 8.4.2. Тарифтерге сәйкес Банктің барлық комиссиялық алымын төлеуге;
- 8.4.3. өз міндеттемелерін уақытында және толық көлемде орындауға;
- 8.4.4. Банкке 3 жұмыс күні ішінде соңғы жазбаша хабарламада көрсетілген өзінің байланыс мәліметтеріндегі өзгертулер туралы ақпарат ұсынуға;
- 8.4.5. Банкке қолданыстағы заңнамаға сәйкес қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 8.4.6. Клиенттің кінәсінен Банкке келтірілген барлық шығынды өтеуге;
- 8.4.7. Жалпы Шарттарға сәйкес Банкке жазбаша немесе ауызша өтінішпен Карточканың/Шоттың жоғалғаны, ұрланғаны, үшінші тұлғалардың санкцияланбастан пайдаланғаны туралы дереу хабарлауға;
- 8.4.8. Банктен тиісті Хабарлама алған күннен бастап 2 күн ішінде Шотқа қате есепке алынған соманы Банкке қайтаруға;
- 8.4.9. Төлем карточкасын пайдаланған кезде қауіпсіздік ережесін сақтауға, оның ішінде карточканы үшінші тұлғаларға бермеуге, ПИН-кодты, Карточканың деректемелерін жария етпеуге;
- 8.4.10. құқықтық қатынастарды бұзған және төлем карточкаларының қызметін тоқтатқан жағдайда Банкке Шот бойынша шығарылған барлық карточкаларды қайтаруға;
- 8.4.11. Жалпы Шарттардың талаптарын бұзуға байланысты әрекеттер үшін толық материалдық жауаптылықты көтеруге;
- 8.4.12. нөміріне SMS-хабарландыру қызметі ұсынылатын мобилді телефон жоғалған/ұрланған жағдайда SMS-хабарлама қызметіне тежеу қою үшін Банкке дереу хабарласуға;
- 8.4.13. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

9-БАП.

ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 9.1. Тараптар Жалпы Шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған/тиісті орындамағаны үшін жауап береді, егер осындай орындамау/тиісті орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының Тараптармен табиғи апаттар, әлеуметтік сүргіндер, билік органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің әрекеттері, шешімдері, Шарттың мәніне тікелей қатысты қызметке тыйым салатын немесе шектейтін, оның ішінде техниканың тоқтап қалуы, бағдарламалық қамтамасыз етудің, электр қуатының және Тараптардың еркінен тыс себептер бойынша мәліметтерді берудің іркілісінен болса.
- 9.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Жалпы Шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар әрекет ететін уақыт ішіне шамалас жылжытылады.
- 9.3. Банк жауапты:

- Банкпен ағымдағы шоттар бойынша үшінші тұлғаларға ақпаратты жария етуі, Банк үшінші тұлғаларға Клиенттің берешекті қайтару бойынша немесе үшінші тұлғаларға Клиенттен өндіріп алуға тапсырыс берген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және Жалпы Шарттармен белгіленген өзге жағдайларда құқық (Хабарлама) беруді көздейді;
 - Банктің кінәсінен қате жүргізілген карточкалық операцияға. Бұл жағдайда Банктің жауаптылығы қате жүргізілген карточкалық операцияны бұзумен шектеледі;
 - Клиенттің пайдасына келіп түскен ағымдағы шотқа ақшаны есепке алуды кідірткен (Банкпен барлық қажетті төлем және өзге құжаттарды алған шартта), сондай-ақ Банкке Шартқа сәйкес Клиенттің/карточка Ұстаушының нұсқауларын орындауды кідірткен
- 9.4. Банк жауап бермейді:

- төлем карточкасын пайдаланған кезде Клиентпен/карточка Ұстаушымен қауіпсіздік ережелерін бұзуға байланысты салдарларға (оның ішінде Клиенттің/карточка Ұстаушының залалдары);
- үнсіз келісім бойынша Банкпен белгіленген карточкалық операцияларды жүргізуге Клиентпен/карточка Ұстаушының шектеулерді ұлғайту/алып тастау себебі бойынша карточканы санкцияланбай пайдалану салдарларына;
- үшінші тараптың Карточкаға қызмет көрсетуден немесе Карточкалық операция жүргізуден бас тартуына;
- карточканы пайдаланумен алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасына;
- техникалық себептер (Банктің тікелей бақылауынан тыс орналасқан байланыс желісінің немесе коммуникациялық жабдықтың ақаулығы) бойынша карточкалық операцияларды жүргізу мүмкінсіздігіне;
- Клиенттің/карточка Ұстаушының жойылған/ұрланған карточкаға уақытында тежеу қою, сондай-ақ ағымдағы шоттарға санкцияланбаған түрде қол жеткізу салдарларына;
- ақшаны пайдалануға тыйым салған жағдайда ағымдағы шоттар бойынша карточкалық операцияларды жүргізу мүмкінсіздігі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылған уәкілетті органдардың және лауазымды тұлғалардың ұйғарымдары негізінде;
- Клиенттің/карточка Ұстаушының Жалпы Шарттарды сақтамауынан туындаған Клиенттің/карточка Ұстаушының залалдарына;
- төлем жүргізген және ақша аударған кезде Клиенттің/карточка Ұстаушының деректемелерді қате көрсетуіне/жетіспейтін деректемелерге;
- карточкалық операцияларды жүргізуге байланысты Клиент және Карточка Ұстаушы арасындағы өзара қатынастарға.

9.5. Клиент жауап береді:

- Клиент/карточка Ұстаушы Жалпы Шарттардың және корпоративтік карточка Ережесінің талаптарын сақтамау нәтижесінде Банкке келтірілген залалға – Банкке келтірілген залалға толық көлемде;
- техникалық овердрафт – тұрақсыздық айыбы түрінде, Банк Тарифтеріне сәйкес;
- Шартқа сәйкес Банкке ұсынылған ақпараттың толықтығына және шынайылығына. Қате немесе толық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сондай-ақ уақытында ұсынылмаған ақпарат үшін Клиент Банкке осыған байланысты туындаған залалды толық мөлшерде өтейді;
- өтемеу, Жалпы Шарттар бойынша Банк алдындағы берешекті өтеуді кідірту – тарифтерге сәйкес;
- Клиенттің/карточка Ұстаушының жоғалған/ұрланған карточкаға уақытында тежеу қоймауына, сондай-ақ ағымдағы шоттарға санкцияланбаған рұқсат беру жағдайында – Банкке және Клиентке келтірілген залалды толық көлемде;
- Шартпен белгіленген жағдайларда Банкке ақшаны қайтармау/уақытында қайтармау – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кешіктірілген әрбір күнге өсім есебімен қайтарылмаған/уақытында қайтарылмаған сома мөлшерінде;
- Клиенттің/карточка Ұстаушының кінәсінен келтірілген шығындарға және сот шығындарына немесе жоғалған/ұрланған карточкаға тежеу қоюға және/немесе алуға байланысты – Банкпен келтірілген залалды толық көлемде;
- Шот ашуға Өтінішті/«Банк Kassa Nova» АҚ корпоративтік төлем карточкаларын беру және пайдалану туралы Шарт жасасуға және орындауға, Жалпы Шарттарға байланысты Клиентке/карточка Ұстаушыға мәлім болған Банк туралы құпия ақпаратты жария еткені үшін – осындай ақпаратты ашу салдарынан Банкке келтірілген залалға толық көлемде.

III. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

10-БАП.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

10.1. Электрондық банктік қызметтер дербес компьютерлер, телефондар, электрондық терминалдар және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы емес өзге тәсілдердегі байланыс арналары арқылы қашықтықтан ұсынылады.

10.2. Банк электрондық банктік қызметтерді ұсынады:

- 1) тек Банкте бір немесе бірнеше банктік шоттары бар Клиентке;
- 2) Өтініш және Ереже негізінде;

- 3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау уәкілетті мемлекеттік органымен берілген лицензиямен көзделген банктік операцияларға ғана;
 - 4) «My Kassa» жүйесінде жүргізілетін интернет және мобилді банкинг технологиялары арқылы;
 - 5) Жалпы Шарттардың 11-бабымен белгіленген қауіпсіздік тәртібіне сәйкес.
- 10.3. Транзакциялық-банктік қызметті ұсынған жағдайда Банк және Клиент арасындағы ақпарат алмасу Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдаланумен жүргізіледі.
- 10.4. Жалпы Шарттардың 11-бабымен белгіленген қауіпсіздік ережесін қолдану негізінде Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдаланбастан мобилді банкинг арқылы транзакциялық-банктік қызметті ұсыну.
- 10.5. Клиентпен төленетін Банкпен ұсынылған электрондық банктік қызметтерге сыйақы мөлшері тарифтерге сәйкес белгіленеді.
- 10.6. Электрондық банктік қызметтерді ұсынғаны үшін сыйақы акцептсіз тәртіпте алынады немесе осы банктік шотты жүргізу валютасында банктік операция жүргізілетін банктік шотты тікелей дебеттеу жолымен жүргізіледі.
- 10.7. Парольмен немесе бір реттік кодпен SMS-хабарлама жөнелту немесе Банктің бастамасымен тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама жөнелту Банктің есебінен, Клиенттен сыйақы алынбастан жүргізіледі.

11-БАП. ҚАУІПСІЗДІК ТӘРТІБІ

- 11.1. Электрондық банктік қызметтерді ұсынған кезде қолданылатын Банктің ақпараттық қауіпсіздігі бағдарламалық-техникалық құралдары төмендегі қағидаларға негізделеді:
- 1) сервер, Интернеттің жаһандық желісіне қол жетімділік ашық, құпия ақпаратты қамтымайды;
 - 2) Клиентке қызмет көрсету үшін ақпаратты қамтитын кілттерді және мәліметтер базасын бөлу сервері, Интернеттің жаһандық желісіне қол жеткізу мүмкін емес желінің жеке сегментіне шығарылады;
 - 3) Клиент және Интернеттің жаһандық желісіне қол жетімді сервер арасында мәліметтерді қауіпсіз айырбастау қамтамасыз етіледі – серверді ауыстыру жағдайын болдырмайтын трафикті жіктеу алгоритмдері пайдаланылады, клиент және сервер тарапында хабарламалар ауыстыру хаттамаларын салыстыру жолымен қауіпсіздік жүйесінде кемшіліктерді ерте анықтау жүргізіледі;
 - 4) сәйкессіздік анықталған жағдайда транзакция бұзылады, ал пайдаланушының (немесе сервердің) кілті жарамсыз деп есептеледі.
- 11.2. берілетін ақпараттың құпиялылығы мәліметтерді (SSL – ағылш. Secure Sockets Layer - қорғалған сокеттер хаттамасы) жіктеумен қамтамасыз етіледі. Берілетін ақпараттың бүтіндігі белгіленген ұзындық шығатын өзге мәліметтерге алдын-ала белгіленген қызмет көмегімен нақты ұзындықтың кіріс мәліметтерін құрумен қамтамасыз етіледі.
- 11.3. даулы жағдайларды қарау және талдау үшін мәліметтерге қол жеткізу Клиентпен және Банкпен жөнелтілген/қабылданған барлық құжаттарды жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.
- 11.4. «My Kassa» жүйесіндегі пайдаланушылардың барлық әрекеттері осы жүйемен жүргізілетін электрондық журналға жазылады.
- 11.5. банктік құпияны құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Клиентті сәйкестендіру және оның электрондық банктік қызмет алуға құқығы «My Kassa» жүйесіне кірген кезде логиннің және парольдің дұрыс көрсетілуін тексеру жолымен жүргізіледі.
- 11.6. Клиентке логинді және парольді беру Жалпы Шарттардың 12-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте «My Kassa» жүйесіне тіркеумен жүргізіледі.
- 11.7. парольдің күрделілігіне хабарлама (Клиентті тіркеу кезінде «My Kassa» жүйесінде жасалынатын бір реттік пароль үшін сияқты парольдің күрделілігіне Хабарлама, Клиентпен енгізілетін тұрақты пароль үшін де):
- 1) парольдің ең қысқа ұзындығы – сегіз символ;
 - 2) парольде сандар сияқты латын алфавитінің символдарының міндетті болуы.
- 11.8. парольдің күрделілігіне хабарлама интернет-банкингтің «Смена пароля» тарауында көрсетіледі. «My Kassa» жүйесі Клиентпен енгізілген парольді осы Хабарламаға сәйкестігін автоматты тексереді.
- 11.9. Парольді енгізген кезде үш рет қате әрекеттен кейін «My Kassa» жүйесіне қол жеткізуге 30 (отыз) минутқа тежеу қойылады, аяқталуы бойынша Клиентке «My Kassa» жүйесіне қайтадан енгуге әрекет жасау мүмкіндігі беріледі. Егер Клиент «My Kassa» жүйесіне енген кезде дұрыс парольді, бірақ қате логинді енгізген жағдайда «My Kassa» жүйесіне енгуге әрекет ету санына Банк шектеу қоймайды.
- 11.10. қауіпсіздік мақсатында «My Kassa» жүйесінде парольді сақтау көзделмейді.
- 11.11. транзакциялық-банктік қызметтерге қатысты операция бір реттік кодпен расталады.
- 11.12. ақпараттық-банктік қызметтерге қатысты операцияны растау талап етілмейді.
- 11.13. Жалпы Шарттардың 13.3.-тармағы 5-11)тармақшаларында көрсетілген қандай-да бір қосымша қызметтерге қатысты операция парольмен расталады.
- 11.14. электрондық банктік қызметті пайдаланған кезде клиенттің бір реттік кодты пайдалануы мына тәртіпте жүргізіледі:
- 1) операцияны растаған кезде Клиент тиісті команданы таңдау жолымен бір реттік кодты сұрайды;
 - 2) «My Kassa» жүйесінде бір реттік кодты сұраған кезде ол өздігінен жасалады және SMS-шлюз арқылы тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде жөнелтіледі;
 - 3) бір реттік код туралы ақпарат алумен Клиент оны осыған арнайы тағайындалған қатарға енгізеді;

4) бір реттік кодқа үш рет қате енгеннен кейін «My Kassa» жүйесіне қол жеткізуге 30 (отыз) минут тежеу қойылады, аяқталуы бойынша Клиентке «My Kassa» жүйесіне қайтадан енуге әрекет жасауды орындау мүмкіндігі беріледі;

5) бір реттік код бір операцияны растауға ғана жарамды.

11.15. Банктік құпияны құрайтын, оны санкцияланбастан өзгерту, санкцияланбаған төлемді жүргізу немесе ақша аударымын немесе ақпаратқа осылай қол жеткізу әрекеті және Банкпен Клиентке электрондық банктік қызмет көрсету кезінде туындайтын өзге де санкцияланбаған әрекеттер байқалған жағдайда Банк:

1) бұл туралы Клиентке оларды байқаған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама түріндегі және/немесе Клиентпен электрондық-банктік қызмет алуға өтініште көрсетілген электрондық пошта жәшігіне хабарлама түрінде тиісті хабарлама жөнелтумен хабарлайды;

2) Клиентке Жалпы Шарттардың 16-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте электрондық-банктік қызметтерді ұсынуды тоқтатады.

11.16. Жалпы Шарттардың 11.15-тармағында көрсетілген санкцияланбаған әрекеттер туындаған жағдайда Банк дереу оларды жоюға және болашақта болдырмауға қажетті барлық шараларды қабылдайды.

11.17. Клиентке электрондық-банктік қызметтерді ұсыну кезінде Банк санкцияланбаған төлемді немесе ақша аударымын болдырмау мақсатында «My Kassa» мынадай шектеулерді белгілейді: «My Kassa» жүйесін пайдаланумен бір тәулік ішінде өзінің барлық банктік шоттарынан шығыс операцияларын жүргізетін ең жоғарғы сома – балама 500 000 (бес жүз мың) теңге сома.

11.18. Жалпы Шарттардың 11.17.-тармағында көрсетілген шектеу Клиенттің қалауы бойынша Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген нысанда Банкке ұсынылған өтініш хат негізінде өзгертілуі мүмкін.

11.19. Электрондық банктік қызметті пайдалану аяқталуы бойынша Клиент «Выход» сілтемесі бойынша одан шығу жолымен «My Kassa» жүйесінде сессияны аяқтауы қажет.

12-БАП.

«MY KASSA» ЖҮЙЕСІНДЕ ТІРКЕУ

12.1. Клиентті «My Kassa» жүйесінде тіркеу Клиентпен Банкке Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген нысанда электрондық-банктік қызмет алуға өтінім ұсыну жолымен немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талабына сәйкес Банкпен Клиентті динамикалық сәйкестендіру жолымен жүргізіледі.

12.2. «My Kassa» жүйесіне тіркеген кезде Банк қызметкері логинді басып шығарады және Клиентке береді. Клиентті «My Kassa» жүйесіне өздігінен тіркеген жағдайда – логин ретінде мобилді телефон номері бой көтереді.

12.3. «My Kassa» жүйесі өзінің мәліметтер базасына Клиентті автоматты тіркейді, пароль жасайды және оны SMS-шлюз арқылы Клиентпен тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде жөнелтеді.

13-БАП.

ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ

13.1. Интернет-банкинг арқылы электрондық-банктік қызмет алу үшін Клиентке қажет:

- 1) дербес компьютерді немесе Интернет жүйесіне қол жеткізумен өзге құрылғыны пайдалану;
- 2) «mykassa.kz» веб-сайтына кіру;
- 3) «My Kassa» жүйесіне ену үшін логинді және парольді пайдалану;
- 4) Банктен тіркелген телефон нөміріне бір реттік кодтармен SMS-хабарлама қабылдау үшін ұялы байланыс операторы жүйесіне қосылған мобилді құрылғыны пайдалану.

13.2. Интернет-банкинг арқылы Клиент келесі электрондық-банктік қызмет түрлерін алады:

13.2.1. ақпараттық-банктік қызметтер:

- 1) ағымдағы шоттар/банктік қарыздар/банктік салымдар бойынша (оның ішінде таңдалған ағымдағы шоттар/банктік қарыздар/банктік салымдар бойынша басып шығару мүмкіндігімен толық ақпарат) ақпаратты қарап шығу;
- 2) басып шығару мүмкіндігімен ағымдағы/жинақ шотынан банктік деректемелерді қарап шығу;
- 3) басып шығару мүмкіндігімен ағымдағы/жинақ шоты бойынша үзінді-көшірмелерді қарап шығу;
- 4) банктік қарыз бойынша төлем кестесін қарап шығу;
- 5) операциялар тарихын (өтініштер, қызметтер төлемі, ақша аударымдары, валюта сатып алу/сату, интернет-банкингке ену) қарап шығу;

13.2.2. транзакциялық-банктік қызметтер:

- 1) қызметтің түрлі санатына төлем (коммуналдық қызмет, ұялы байланыс, теледидар, Интернет және т.б. қызметтер), оның ішінде сақталған шаблонды пайдаланумен;
- 2) ақша аударымы, оның ішінде сақталған шаблонды пайдаланумен:
 - Банктің ішінде өзінің банктік шотына;
 - Банктің ішінде бөгде банктік шотқа;
 - ұлттық валютада өзге банкке;
- 3) валюта сатып алу/сату, оның ішінде сақталған шаблонды пайдаланумен;

13.3. Интернет-банкинг арқылы ұсынылатын қосымша қызметтер болып табылады:

- 1) Банк жаңалықтарын қарап шығу;
- 2) валюта айырбастау бағамдарын қарап шығу;
- 3) клиенттер мен Банк қызметкерлері арасында жеке хабарлармен алмасу;

- 4) Банкке өтініштер жөнелту:
 - банктік қарыз ұсынуға;
 - мобилді банкінгті қосуға/ажыратуға;
- 5) операциялар шаблондарын қосуға/алып тастауға;
- 6) жалпы реттегіштер;
- 7) мәзірді ретке келтіру;
- 8) бір реттік кодтарды алу үшін пайдаланылатын тіркелген телефон нөмірін ауыстыру;
- 9) парольді ауыстыруға;
- 10) сессия таймауты уақытын өзгертуге;
- 11) коммуналдық қызмет төлемі үшін дербес шоттардың нөмірлерін енгізуге/өзгертуге.

14-БАП.

МОБИЛДІ БАНКИНГ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ

14.1. Мобилді банкінг арқылы Клиентке электрондық-банктік қызмет алу үшін төмендегілер қажет:

- 1) интернет-банкінгтің «Заявки» тарауында мобилді банкінгтің опциясын қосу;
- 2) 2.2 нұсқасында және онан жоғары «Android» платформасында немесе 5 нұсқасы «Apple iOS» ұялы байланыс операторының желісіне қосылған мобилді құрылғыны пайдалану;
- 3) «Apple iOS» платформасында мобилді құрылғы үшін «Apple Store» қосымшалары орталықтандырылған сертификатталған сақтау қоймасынан «iPhone» мидлетін орнату;
- 4) «Android» платформасында мобилді құрылғы үшін:
 - «Google Play» қосымшалары орталықтандырылған сертификатталған сақтау қоймасынан «Android» мидлетін орнату;
 - немесе Банктің веб-сайтынан тікелей мобилді телефонға «Android» мидлетін жүктеу (GPRS немесе Wi-Fi арқылы интернетке мобилді телефонды ретке келтіріп қосу талап етіледі);
 - немесе Банктің «Android» веб-сайтынан дербес компьютерге/ноутбукке беру және файлдың жады картасы, USB-кабелі немесе bluetooth арқылы мобилді телефонға беру;
- 5) мобилді құрылғыны Интернет желісіне қосу;
- 6) «My Kassa» жүйесіне ену үшін логин мен парольді пайдалану ;
- 7) бір реттік кодтармен телефон нөміріне тіркелген Банктен SMS-хабарлама қабылдау үшін ұялы байланыс операторының желісіне қосылған мобилді құрылғыны пайдалану.

14.2. Мобилді банкінг арқылы Клиент төмендегі электрондық банктік қызмет түрлерін алады:

14.2.1. ақпараттық-банктік қызметтер:

- 1) ағымдағы шоттар/банктік қарыздар/банктік салымдар (оның ішінде таңдалған ағымдағы шоттар/банктік қарыздар/банктік салымдар бойынша толық ақпарат) ақпаратын қарап шығу;
- 2) ағымдағы шот/жинақ шоты бойынша мини-үзінді-көшірме сұрау (10 соңғы операция);

14.2.2. транзакциялық-банктік қызметтер:

- 1) түрлі санаттағы қызметтерге төлем (ұялы байланыс, теледидар, Интернет және т.б.), оның ішінде сақталған шаблонды пайдаланумен;
- 2) Банк ішінде өз банктік шотына ақша аударымы (бенефициар шотының валютасында).

14.3. Мобилді банкінг арқылы ұсынылатын қосымша қызметтер болып табылады:

- 1) валюта айырбастау бағамын сұрау;
- 2) Банктің филиалдары мен бөлімшелері туралы (Банк бөлімшелерінің мекенжайлары, байланысы мен жұмыс тәртібі) туралы ақпарат сұрау, тізімнен бөлімшені таңдау мүмкіндігімен, жақын бөлімшені іздеу, мекенжай бойынша бөлімшені іздеу;
- 3) бір реттік кодтарды алу үшін пайдаланылатын тіркелген телефон нөмірін ауыстыру;
- 4) парольді ауыстыру;
- 5) сессияның таймауты уақытының өзгеруі.

15-БАП.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КЛИЕНТТІҢ ШАҒЫМДАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУ

15.1. Электрондық банктік қызмет ұсынуға байланысты мәселелер бойынша Клиенттің шағымдары төмендегідей қабылданады:

- 1) Байланыс орталығымен төмендегі телефон нөмірлері бойынша:
 - қалалық телефондардан – 8 (7172) 595 595;
 - мобилді телефондардан – 595.
- 2) интернет-банкінгтің «Почта» тарауы арқылы хат-хабар арқылы;
- 3) Банк қатысағын мекенжайлар бойынша.

15.2. Клиенттің телефон арқылы Байланыс орталығының қызметкерімен келіссөздері Клиент пен Банк арасында туындайтын кез келген даулы жағдайларды шешу мақсатында жазу құрылғысына автоматты белгіленеді. Клиент осымен телефон арқылы Байланыс орталығының қызметкерімен келіссөздер жазу құрылғысында жазылып қалатындығына және аталған жазу келіспеушіліктерді реттеу үшін, сондай-ақ аталған жазуды сотта дәлел ретінде пайдалануға құрал ретінде пайдаланылатындығына сөзсіз келіседі.

15.3. Банк электрондық банктік қызмет ұсынуға байланысты мәселелерді қарайды және оған Клиент хабарласқан күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жауап ұсынады. Егер электрондық банктік

қызмет ұсынуға байланысты мәселе операция тарихын зерделеуді және Банк тарапынан қандай-да бір қосымша жұмыстарды (мыс., Клиентке электрондық банктік қызмет ұсыну мүмкін еместігі себептерін анықтау) жүргізуді талап етілсе, Банк операция тарихын зерделейді, қосымша қажетті жұмыстарды жүргізеді және орындалған жұмыстар туралы Клиент жүгінген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Клиентке ақпарат береді.

15.4. Егер Банк және Клиент арасында қандай-да бір электрондық банктік қызмет бойынша даулы жағдай туындаса, Клиент Банкке даулы жағдайды қарау үшін Банктің ішкі құжаттарында көрсетілген нысанда тиісті өтініш береді.

15.5. Банк электрондық банктік қызмет бойынша Клиент Банкке тиісті өтініш берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде даулы жағдайды қарайды. Электрондық банктік қызмет бойынша Клиенттің шағымы негізділігі жағдайында Банк даулы жағдайды шешу үшін даулы жағдайды қарау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде даулы жағдайдың себебін жою үшін шаралар қабылдайды.

15.6. Банк, егер Клиенттің санкцияланбаған төлемге қатысқаны немесе оны жүргізуге көмектескенін анықтау себебінен даулы жағдай туындау бойынша санкцияланбаған төлем жүргізуге байланысты Клиентке шығынды қайтармайды.

16-БАП.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

16.1. Электрондық банктік қызметті ұсынуды тоқтата тұру немесе тоқтатуды Банк мына жағдайларда жүргізеді:

- 1) Клиент Банктің веб-сайтында орналастырылған Өтінішпен және/немесе Жалпы Шарттармен көзделген өз міндеттемелерін орындамаған;
- 2) Клиент Банктің веб-сайтында орналастырылған Өтінішпен және/немесе Жалпы Шарттармен және/немесе Нұсқаулықпен көзделген электрондық банктік қызмет ұсыну шарттары мен тәртібін бұзған;
- 3) электрондық банктік қызмет ұсынуды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулығы;
- 4) санкцияланбаған қол жеткізу немесе банктік құпияны құрайтын ақпаратқа осындай қол жеткізуге әрекет ету, оны санкцияланбастан өзгерту, санкцияланбаған төлем жүргізу немесе ақша аударымы немесе оларды байқаған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Банкпен электрондық банктік қызмет ұсыну кезінде туындайтын өзге де санкцияланбаған әрекеттер байқалған жағдайда;
- 5) Клиенттің бастамасы бойынша Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген нысанда Банкке тиісті өтініш ұсынған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Банктің веб-сайтында орналастырылған Ережелермен көзделген өзге де негіздер бойынша.

16.2. Жалпы Шарттардың 16.1-тармағымен көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметті ұсынуды тоқтата тұрған немесе тоқтатқан күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде және/немесе электрондық банктік қызмет алуға өтініште көрсетілген электрондық пошта жәшігіне хабарлама түрінде тиісті хабарлама жөнелту жолымен хабарлайды.

16.3. оларды ұсынуды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулығынан электрондық банктік қызмет ұсынуды тоқтата тұрған немесе тоқтатқан жағдайда Банк бұл туралы Клиентке Банктің веб-сайтында тиісті хабарландыру орналастырумен хабарлайды.

16.4. Клиенттің электрондық банктік қызмет алуға құқығын тоқтататын себептер жойылған жағдайда Клиентке электрондық банктік қызмет ұсыну қайта басталады.

16.5. электрондық банктік қызмет ұсыну қайта басталған жағдайда Банк бұл туралы Клиентке электрондық банктік қызмет ұсыну қайта басталған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде және/немесе электрондық банктік қызмет алуға өтініште көрсетілген электрондық пошта жәшігіне хабарлама түрінде тиісті хабарлама жөнелту жолымен хабарлайды.

16.6. Оларды ұсынуды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақауын жойғаннан кейін электрондық банктік қызмет ұсыну қайта басталған жағдайда бұл туралы Банк Клиентке Банктің веб-сайтында тиісті хабарландыру орналастыру жолымен хабарлайды.

IV. ЖИНАҚ ШОТТАРЫ (ДЕПОЗИТТЕР)

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Салым шарттарына қарай олар төмендегі түрлерге бөлінеді:

- a. талап ету салымы – Клиенттің бірінші талабы бойынша толық немесе бөлшектеп қайтарылуға жатады;
- b. мерзімді салым – жеке тұлғаның Жинақ шотын ашуға Өтінішімен (әрі қарай - Өтініш) белгіленген мерзімге енгізіледі;
- c. шартты салым – Банктік салым Шартымен белгіленген шарттар немесе міндеттемелер басталғанға дейін енгізіледі;

1.2. Шартты салым бойынша шарттар немесе міндеттемелер Банктік салым Шартында жазбаша анық құрастырылуы, қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі және салым беруді қиындататын көмескіліктер болмауы тиіс;

1.3. қолданыстағы заңнама талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жинақ шоттары бойынша төмендегі операциялар жасалады:

- a. Клиенттен қолма қол және қолма қол ақшасыз есеп айырысу тәсілінде ақша қабылдау;

- b. сыйақы есептеу және төлем Жинақ шотын ашуға Өтініште белгіленген мөлшерде және тәртіпте;
- c. Өтінішпен және қолданыстағы заңнамамен көзделген шарттарда салымды қолма қол және қолма қол ақшасыз есеп айырысу тәсілінде қайтару;
- 1.4. егер Өтініммен төмендетілмейтін қалдық туралы шарт көзделген жағдайда Клиент салымның бөлігін алуға құқылы, алайда Өтінімде көрсетілген салымның қалдығынан төмен болмауы тиіс;
- 1.5. кез келген себептер мен негіздер бойынша төмендетілген қалдық азайған жағдайда Өтінім мерзімінен бұрын бұзылған деп есептеледі, және салым бойынша сыйақы Өтініммен көзделген тәртіпте есептеледі;
- 1.6. Банк салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті көлемін, шекті сомасын және қабылданатын салым мерзімін дербес белгілейді және оларды бір тарапты тәртіпте өзгертеді;
- 1.7. көрсетілген сыйақы мөлшерлемелері, мерзімі мен сомалары шекті болып табылады, олардың шеңберінде Банк әр түрлі факторларға сүйене отырып, Клиентке белгіленген көлем шегінде ұсынатын сыйақының сомасын, мерзімін және нақты мөлшерлемесін ұсынады. Клиент үшін депозиттер бойынша нақты шарттар Банкпен Өтінімде белгіленеді.
- 1.8. Өтінімді және осы Жалпы Шарттарды орындау мақсатында Банк Салымшыға Жинақ шотын ашады және ол бойынша Банкте әрекет ететін тәртіпке, Салым шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес операциялар жүргізеді.
- 1.9. Банк Салымшыға Өтінімде көрсетілетін және Салымның бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде өзгеріссіз қалатын жеке сәйкестендіру кодын ұсынады.
- 1.10. Салымды орналастыру шарттары Клиенттің Өтініші бойынша ашылған Жинақ шотына ақша түскен сәттен бастап күшіне енеді. Егер Тараптармен Салымды орналастыруға Өтінімге қол қойған сәттен бастап 1 (бір) банктік күн ішінде Жинақ шотына ақша түспесе, Салым жасасылмаған деп есептеледі. Салымшы осы салым шарттары аясында қолданылатын Банк тарифтерімен танысты және келіседі.
- 1.11. Банк Салымшыға Жинақ шотын ашуға, одан ақша қабылдауға, Өтініммен көзделген мөлшерде және тәртіпте және заңнама актілерімен және осы Жалпы Шарттармен көзделген шарттарда және тәртіпте ол бойынша сыйақы төлеуге міндеттенеді.
- 1.12. Салым ҚР қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес кепілдендіріледі. Банк Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті ұжымдық кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылады және 2011 ж. 16-маусымдағы № 041 Куәлік негізінде әрекет етеді. Салымды автоматты ұзартқан жағдайда депозиттерді кепілдендіру шарттары Банкпен ұзарту мезетіне әрекет ететін ҚР заңнамасына сәйкес белгіленеді.
- 1.13. Өтінімге қол қоя отырып, Салымшы Банкке төлем талаптары негізінде Салымшының Жинақ шотынан банктік салым бойынша (комиссиялық сыйақыны қоса) барлық берешек сомаларын алуға өзінің тікелей сөзсіз келісімін береді.
- 1.14. Салым бойынша, егер бұл қол қойылған Өтінімде ескерілген жағдайда, Жинақ шотында Өтінімде көрсетілген төмендетілмейтін қалдық сақталу шартында Салымшымен ақшаны бөлшектеп алуға болады. Жинақ шотында Өтінімде белгіленген төмендетілмейтін қалдықтан кем сома құралған жағдайда соңғысы мерзімінен бұрын бұзылған деп есептеледі.
- 1.15. Салымға иелік етеді:
- 1) Салымшы;
 - 2) Салымшының өкілдері – нотариалды куәландырылған Сенімхат негізінде;
 - 3) салымшы қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұрагерлері.
- 1.16. Тараптар осымен Шот бойынша үшінші тұлғаларға Клиент атынан қандай-да бір операциялар/әрекеттер жүргізу төменде көрсетілген барлық әрекеттерді орындалғанда ғана мүмкін екендігіне уағдаласты:
- 1.17. - Клиент атынан үшінші тұлғаға Сенімхат Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес ресімделуі және Клиент атынан үшінші тұлға жасау сенім білдірілетін операциялардың/әрекеттердің тізілімін қамту керек;
- 1.18. Салым Банкпен осы түрдегі депозиттерді қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда ұзартылмайды. Банк Клиентке осындай шешім қабылдағанға дейін Банктің таңдауы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары, интернет ресурс арқылы немесе Банктің операциялық залдарында тиісті хабарландыру ілу жолымен кемінде 10 (он) күнтізбелік күнде хабарлайды. Салымның әрекет ету мерзімі аяқталуы бойынша депозит сомасы Сыйақымен бірге Салымшының Банктік шотына аударылады.
- 1.19. Өтінім шарттарын орындау бойынша келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеуге барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.
- 1.20. Өтінішпен және осы Жалпы Шарттармен тікелей көзделмеген қатынастар ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес реттеледі.
- 1.21. Салым шарттарын өзгерту салым шарттарымен көзделген Салым шартын бір тарапты тәртіпте өзгерту жағдайларын қоспағанда, Өтінімнің, Жалпы Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын салымға Қосымша келісімдер жасасу жолымен Тараптардың келісімі болған жағдайда мүмкін.
- 1.22. Осы Салым шарттарына кез келген өзгертулер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде ресімделген және Тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қойылған, Банк тарапынан мөртабан бедерлемесі қойылған жағдайда жарамды, салым шарттарына сәйкес бір тарапты тәртіпте осы салым шарттарын өзгерту және/немесе бұзу жағдайларын қоспағанда.

2-БАП. САЛЫМ ЕНГІЗУ

- 2.1. Банктік шотқа ақша түскен күн – Салымшымен ақша алған кез болып табылады.
- 2.2. Салым жинақ шотын ашқан сәтте Клиентпен Өтінімге сәйкес толық сомада қолма қол немесе қолма қол ақшасыз тәсілде енгізіледі;
- 2.3. Егер банктік салым шарттарымен Клиенттің жинақ шотына қосымша жарналар жүргізу құқығы көзделсе, әрбір қосымша жарна сомасы салымның жалпы сомасын ұлғайтады;
- 2.4. Салым бойынша жарналар сомасы және саны бойынша шектеусіз қосымша жарналар қабылдауға болады. Және Салым сомасы салымның бастапқы сомасы есебімен, Өтінімде көрсетілген сомадан аспауы тиіс. Салымшымен жүргізілетін Жинақ шотына қосымша жарналар салымның негізгі сомасына қосылады.
- 2.5. Банктік шоттан Жинақ шотына ақша аударған кезде немесе керісінше, сондай-ақ Сыйақыны аударған кезде Салымшымен Банкке ешқандай комиссиялар және/немесе алымдар төленбейді.
- 2.6. Банктік салым Өтінімде белгіленген мөлшерде, онда көрсетілген Жинақ шотына ақша түскен сәттен бастап күшіне енеді.

3-БАП.

САЛЫМ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ

- 3.1. Салым бойынша сыйақы Өтінімде және Жалпы Шарттарда белгіленген мөлшерде және тәртіпте есепке алынады (белгіленеді) және төленеді;
- 3.2. Салым бойынша Сыйақы мөлшерлемесі Шартта көрсетілген мерзім ішінде өзгеріссіз қалады немесе Шартқа Қосымша келісім ресімдеу түрінде Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін;
- 3.3. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін салымды автоматты ұзартқан жағдайда Салым бойынша ұзарту сәтін депозиттің ұқсас түрі бойынша Банкте әрекет ететін сыйақы мөлшерлемесі белгіленеді, егер Тараптармен Шартқа тиісті Қосымша келісімдермен өзгедей келісілмесе. Және сыйақы мөлшерлемесі ұлғаю тарапына сияқты азаю тарапына да өзгеруі мүмкін;
- 3.4. Салым бойынша сыйақы жинақ шотына ақша түскен келесі күннен бастап, және Салым мерзімі аяқталғанға дейін немесе Банктік салым Шарты мерзімінен бұрын бұзған сәтке дейін әрбір күнгізбелік күнге есептеледі;
- 3.5. Сыйақы сомасын есептеген кезде жинақ шотына ақша енгізу күні және Салымнан ақшаны қайтару күні болып/Салым мерзімінің аяқталған күні болып бір күн есептеледі. Сыйақыны есептеген кезде жылға тең 360 (үш жүз алпыс) күн, айдағы күндер саны болып – 30 күн қабылданады;
- 3.6. Заңды тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы төлеу кезінде Банк әрі қарай бюджетке аудару мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төлем көзінен сыйақы сомасынан төленуге тиіс табыс салығын ұстап қалады. Шартты мерзімінен бұзған жағдайда ұстап қалынған және бюджетке аударылған табыс салығының сомасын Банк Клиентке қайтармайды;
- 3.7. Қосымша жарналар енгізілген жағдайда енгізілген сома бастапқы жарнамен жинақталады және сыйақы қосымша жарна енгізілген күннен бастап салымның жалпы (ұлғайтылған) сомасына есептеледі;
- 3.8. Банктік салым Шартының шарттарымен Клиенттің өз жинақ шотынан бөлшектеп алу жүргізу құқығы көзделген жағдайда алынатын сома салым сомасын азайтады және сыйақы жинақ шотындағы қалдыққа есептеледі;
- 3.9. Сыйақы төлемі күні жұмыс емес күнге келген жағдайда сыйақы келесі жұмыс күні төленеді;
- 3.10. Егер салым Банктік салым Шартымен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін талап етілген жағдайда Банктік салым Шарты бұзылған деп есептеледі және бұл жағдайда сыйақы төлеу тәртібі Жалпы Шарттармен реттеледі;
- 3.11. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеген кезде Клиентпен жүргізілген жарналар және/немесе Клиентке төлемдер оларды нақты төлеу сәтінде ескеріледі. Сыйақының тиімді мөлшерлемесінің мөлшеріне бастапқы және әрбір қосымша жарналар саны мен сомасы, салымның/жарнаның жинақ шотындағы кезеңі, сондай-ақ осы Жалпы Шарттарға, Банктік салым шарттарына, Банктің ішкі құжаттарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлемнің барлық түрлері, олардың мөлшері мен Клиентке төленуге (сыйақы, бөлшектеп алу сомалары, тарифтермен көзделген комиссиялар) жататын нақты сомалар ықпал етеді;
- 3.12. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі Жинақ шотын ашуға Өтінімде көрсетіледі. Жинақ шоты бойынша операциялар жүргізілген кезде салымшы Банктен осындай операция жүргізу күніне жылдық тиімді мөлшерлеменің мөлшері туралы сұрауға құқылы. Осындай сұрауға жауап Банкпен салымшыға сұрау алған нысанда – жазбаша немесе ауызша, осы Шарттармен көзделген хабарлама, талаптар, ақпарат алмасу тәртібінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жөнелтіледі.

4-БАП.

БАНКТІК САЛЫМ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ. САЛЫМДЫ ҚАЙТАРУ. ЖИНАҚ ШОТЫН ЖАБУ

- 4.1. Шарт Өтінімде көрсетілген Банкке салым/бастапқы жарна түскен күннен бастап жасасылған деп есептеледі;
- 4.2. Автоматты ұзарту;
- 4.3. Егер Банктік салым Шартының шарттарымен ұзарту көзделген және Клиент салым мерзімінің аяқталуы бойынша салымды талап етпеген жағдайда Салым ұзарту сәтін салымның осы түрін үшін Банкпен бекітілген сыйақы мөлшерлемесімен Өтінімде көрсетілген мерзімге автоматты ұзартылады. Салымның қалған шарттары өзгеріссіз қалады. Салымды автоматты ұзартудың ең жоғарғы саны аяқталу бойынша Банк салымның бүкіл сомасын және тиесілі Сыйақыны Салымшының Банктік шотына дербес аударады, мұнан кейін Жинақ шотына

жабуды жүргізеді;

4.4. Егер бұрын автоматты 2 рет ұзартылған салымның әрекет ету мерзімінің аяқталу күні жұмыс емес күнге (демалыс немесе ҚР заңнамасына сәйкес мереке деп танылған) келген жағдайда салым бойынша Сыйақыны есептеу тоқтатылады, ал салымды және тиесілі Сыйақыны қайтару Банкпен Өтінімде белгіленген тәртіпте келесі жұмыс күні жүргізіледі;

4.5. Төменде көрсетілген кез келген оқиға басталған жағдайда:

- Салымшы салымды мерзімінен бұрын талап еткен;
- салымды Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша толық алған;
- Салымшы салымды бөлшектеп (мұнан кейін салым мерзімі Өтінімде көрсетілген кем соманы құрайды) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша алған;

4.6. Банктік салым мерзімінен бұрын бұзылған деп есептеледі, және Салым бойынша Сыйақы орналастырудың нақты мерзімінен төленеді;

4.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша Жинақ шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылған және/немесе Жинақ шоты/Жинақ шотының нақты сомасына тыйым салынған/ шығыс операцияларын тоқтату туралы өкім шығарылған жағдайда Салым бойынша Сыйақы жоғарыда көрсетілген шектеулер таратылмайтын Жинақ шотындағы сома қалдығына ғана осы тармақта көрсетілген шектеулер бойынша ҚР заңнама талаптарына сәйкес уәкілетті органдармен алып тастағанға дейін есептеледі және төленеді.

4.8. Шартты Салымдар бойынша осындай салымның әрекет ету мерзімі және қайтару шарттары Салым шарттарына байланысты жеке белгіленеді;

4.9. Банктік салымның әрекеті салым мерзімі аяқталу және салым сомасын және Клиент ол бойынша есептелген (бұрын төленбеген) Сыйақыны төлеу бойынша немесе салым шарттарына сәйкес (салымды мерзімінен бұрын бұзу) салым мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылады;

4.10. Салымды қайтаруды Банк қолданыстағы заңнамамен өзгеше көзделмесе, Клиенттің бірінші талабы бойынша жүргізеді. Банк салымды Клиенттен хабарлама алған сәттен бастап 5 (бес) күнізбелік күн ішінде беруге міндетті. Салым Клиентке/уәкілетті тұлғаға қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолма қол беріледі немесе Клиенттің жазбаша нұсқауы бойынша Банкте өзге шотқа аударылады. Және Клиент салым сомасын және есептелінген сыйақыны Банктің тарифтеріне сәйкес Клиенттің өзге банктегі шотына аударғаны үшін Банк қызметіне төлем жүргізеді;

4.11. Салымның әрекетін мерзімінен бұрын тотату туралы Өтінім берілгеннен кейін Тараптар орындалмаған барлық міндеттемелерді толық орындауға міндетті. Клиент Банктің жинақ шотынан тікелей дебеттеу жолымен Клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыруға құқылы екендігіне келіседі;

4.12. Салым Клиентке жинақ шотын жүргізу валютасында қайтарылады. Банк Клиентпен келісім бойынша осындай беру күніне Банкпен белгіленген валюта бағамы бойынша сома қалдығын теңгеде беруге құқылы;

4.13. Банктік салым Шартының тоқтатылуы бойынша және Салымды қайтару бойынша Банк Клиенттің Жинақ шотын жабады. Клиент Өтінімге қол қойған кезде Жинақ шотын жабуға қосымша Өтінімсіз өзінің сөзсіз және кері алынбайтын келісімін береді.

5-БАП.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк құқылы:

- ақшаны қате есепке алу фактісі анықталған жағдайда, сондай-ақ ҚР заңнамасымен және/немесе Банк және Салымшы арасындағы тиісті Өтініммен көзделген өзге де жағдайларда Салымшының келісімінсіз Жинақ шотынан ақша алуды жүргізуге, және Салымның қалған бөлігінен оның алынған бөлігіне, Салым бойынша Сыйақы салым ашуға Өтінімде көзделген тәртіпте және шарттарда төленеді;

- Салымның әрекет ету мерзімі шегінде өз қарауы бойынша Салымшының ақшасына иелік етуге;

- акцептсіз тәртіпте ақшаны алу жолымен және/немесе ҚР заңнамасына және Салым шарттарына сәйкес Жинақ шотынан тікелей дебеттеу жолымен Банктің тарифтерімен көзделген, Жинақ шоты бойынша жасалатын операциялар бойынша Банкке төленетін комиссиялық Сыйақыны алуға;

- Өтінімде және осы тармақта көзделген Салымды орналастыру мерзімін автоматты ұзартқан жағдайда бір тарапты тәртіпте Салым бойынша Сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге.

Салымның осы түрі бойынша Сыйақы мөлшерлемесін өзгерткен жағдайда Банк Клиентке сыйақы мөлшерлемесінің жаңа мөлшерлерін қолданған күнге дейін кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күнде Банктің таңдауы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-қор арқылы немесе Банктің операциялық залдарында тиісті хабарландыру ілу жолымен Клиентке хабарлайды.

- егер Банкпен сұратылған құжаттар/ақпарат кез келген себептер бойынша ұсынылмаса немесе Банктің талаптарын қанағаттандырмаса, немесе Салымшының тапсырмасы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына қайшы келсе, Салымшыға банктік қызмет ұсынудан бас тартуға;

- себептерін түсіндірместен Салымшымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға және Шот бойынша операциялар жүргізуге байланысты Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл» заңнамасымен көзделген тәртіпте және негіздер бойынша Салымшының өкімдерін орындаудан бас тартуға;

- бұзудың болжамды күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күнде бұл жөнінде Салымшыға хабарлаумен Салымды мерзімінен бұрын бұзуға. Бұл жағдайда Сыйақы Өтінімде көрсетілген мөлшерлеме бойынша Салым сомасын нақты сақтау уақытына төленеді.

5.2. Банк міндеттенеді:

- Салымшының шоттарындағы ақшаның барлығы және қозғалысы туралы құпияны сақтауға және үшінші тұлғаларға олар бойынша мәліметті ҚР заңнамасымен көзделген тәртіпте және жағдайларда ғана ұсынуға;
- ақшаның сақталуын және оларды есепке алуды қамтамасыз етуге;
- Салымшыдан Салымды бөлшектеп алу туралы талап алған жағдайда Салымшыдан талап түскен сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Салымды беруге;
- Салымшыдан Салымды қайтару туралы талап алған жағдайда Салымшыдан талап түскен сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Жинақ шотындағы қалдық шектерінде сомалар мәліметін оның Банктік шотына аудару жолымен осы Салымның шарттарына сәйкес Салымды және Салым бойынша тиесілі Сыйақыны беруге.

5.3. Салымшы құқылы:

- Өтінім және Жалпы Шарттар шарттарына сәйкес Жинақ шотындағы қалдық шектерінде сомалар мәліметін оның Банктік шотына аудару жолымен Салым сомасын және Сыйақы сомасын алуға;
- Өтінім және Жалпы Шарттар шарттарына, ҚР заңнама және Тараптардың өзге келісімдері талаптарына сәйкес Банктен оның Жинақ шоты бойынша операция жүргізуді талап етуге;
- талап ету бойынша Банктен өз есебінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;
- Салымшы бұл жөнінде Банкке 5 (бес) күнтізбелік күнде хабарлаумен бөлшектеп алуға құқылы;
- бұл жөнінде Банкке 5 (бес) күнтізбелік күнде хабарлаумен Өтінімді мерзімінен бұрын бұзуға.

5.4. Салымшы міндеттенеді:

- Салымды орналастырған кезде ҚР заңнама талаптарына сәйкес Өтінім және Жалпы Шарттар шарттарына сәйкес Жинақ шотын ашуға қажетті құжаттар пакетін Банкке ұсынуға;
- Өтінімге қол қойған күні Өтінімде көрсетілген сомада Жинақ шотына ақша енгізуге/аударуға;
- Салым сомасын және ол бойынша Сыйақыны алған кезде жеке басын куәландырушы құжатты ұсынуға.

5.5. Тараптар бір-бірінің алдында Өтінімнің және Жалпы Шарттардың міндеттемелерін әдейі орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауаптылық көтереді.

5.6. Өтінім және Жалпы Шарттар бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда Тараптар нақты залал мөлшерінде ғана жауаптылық көтереді.

V. ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-БАП.

ФОРС-МАЖОР

1.1. Тараптармен (Банкпен және/немесе Клиентпен) Жалпы Шарттар бойынша өз міндеттемелерін жүргізу жер сілкінісі, өрт, тасқын, ереуіл, соғыс (жарияланған немесе жарияланбаған), азаматтық соғыс, Қазақстан Республикасы банктік жүйесінің осы Өтінім бойынша төлем жүргізудің жалпы тұрақты қабілетсіздігі, сондай-ақ Тараптармен қолданыстағы заңнаманың кез келген ережесін және осы Өтінімге қол қойғаннан кейін заңды күшіне енген және осы Өтінімді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шешімдері сияқты Тараптардың саналы бақылауынан тыс себептер бойынша орындаудың мүмкін еместігі (әрі қарай – «форс-мажор») жағдайларында Өтінім бойынша Тараптардың міндеттемелері осындай жағдайлар тоқтатылғанға дейін тиісті кезеңге тоқтатылады;

1.2. Осындай жағдай туындаған Тарап форс-мажор жағдайлары туындағаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей өзге Тарапқа форс-мажор оқиғасы, туындаған күн және Өтінім бойынша өз міндеттемелерін жүргізу қабілетіне оның әсері туралы хабарлауға міндетті, және тиісті құзырлы органнан форс-мажор жағдайларын растау міндетті болып табылады. Егер Тарап осы тармақта көрсетілген мерзімде және тәсілде форс-мажор оқиғасы туралы өзге Тарапқа хабарламаса, Өтінім бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауаптылықтан босататын негіз ретінде форс-мажор жағдайларына сілтеме жасау бойынша өз құқығын жоғалтады;

1.3. Осы Өтінім бойынша форс-мажор жағдайларының міндеттемелерді орындауға ықпалы тоқтағаннан кейін Өтінімді орындау бұрынғы тәртіпте қалпына келтіріледі;

1.4. Егер форс-мажор жағдайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен аса созылған жағдайда кез келген Тарап бұл жөнінде өзге Тарапқа жазбаша хабарлаумен бір тарапты тәртіпте бұзуға құқылы. Және бір тарапты тәртіпте құқықтық қатынастарды бұзған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде нақты орындалған міндеттемелер және жүргізілген төлем бойынша өзара есеп айырысу жүргізуге және бір-біріне Өтінім бойынша барлық алынғанды, қарсы орындау бойынша алынбағанды қайтаруға міндетті. Бұл жағдайда Өтінім өзге Тараппен бір тарапты бұзу туралы хабарлама алған күнге тоқтатылған деп есептеледі, және Тараптардың ешқайсысы да өзге Тарапқа осындай бұзумен туындаған мүмкін залалды өтеуге міндетті емес.

2-БАП.

ҚҰПИЯЛЫҚ

2.1. Осы Шарттарға және қол қойылған Өтінімге байланысты Тараптармен бір-біріне берілетін барлық мәліметтер, олардың толық немесе жартылай мазмұны, сондай-ақ қаржылық, коммерциялық және келіссөздер жүргізу, осы Өтінімді жасасу және орындау барысында алынған өзге ақпарат құпия ақпарат болып табылады;

2.2. Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе жария ету өзге Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен немесе, егер осындай ашу қолданыстағы заңнамаға сәйкес ашу міндетті болған жағдайда ғана мүмкін;

2.3. Клиент өзге Тарапқа үшінші тұлғалардың құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді Тараптардың бірінен

алу әрекеті жағдайларында оған мәлім болғаны туралы Банкке дереу хабарлауға, сондай-ақ осы Тарапқа залал келтіруі мүмкін қызметпен айналысуға өзге Тараптың құпия ақпаратты білуіне пайдаланбауына міндеттенеді;

2.4. Кез келген Тараптың өзге Тарапқа құпия ақпаратты жария етуі немесе таратуы жағдайында кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан өзге Тарапқа келтірілген залалды өтеуге міндетті болады, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен көзделген жауаптылықты көтереді;

2.5. Клиент осымен қолданыстағы заңнама талаптарын сақтаумен, егер осындай ашу қолданыстағы заңнамаға, халықаралық талаптарға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес талап етілсе, Клиентке, Салымға, Өтінімге, Тараптармен өз міндеттемелерін орындауға қатысты, үшінші тұлғаларға, уәкілетті мемлекеттік органдарды қоса, кеңесшілерге, адвокаттарға, аудиторларға, банк-корреспонденттерге және өзге тұлғаларға және органдарға бүкіл және кез келген ақпаратты ашуға Банкке уәкілеттік береді;

2.6. Банк, егер құпиялылық Банктің құпиялылыққа қатысты ұсынымдарын сақтамау салдарынан Клиенттің өзінің кінәсінен бұзылған болса, сондай-ақ құпия ақпарат үшінші тұлғаларға өзге негіздерден мәлім немесе мәлім болған шарттарда, жауаптылық көтермейді.

3-БАП. АРНАЙЫ ШАРТТАР

3.1. Шот бойынша операцияны тоқтату және/немесе шоттағы ақшаға тыйым салу Банкпен қолданыстағы заңнамамен белгіленген негіздер бойынша және тәртіпке сәйкес жүргізіледі;

3.2. Сонымен қатар Банк Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақшаны акцептсіз алуға құқылы үшінші тұлғалардың нұсқаулары келіп түскен жағдайда осы Шарттар және қол қойылған Өтінім бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін жауаптылық көтермейді;

3.3. Банк Клиенттің нұсқауларын, оның ішінде қолданыстағы заңнамамен, осы Жалпы Шарттармен, Өтініммен, Банктің ішкі құжаттарымен көзделген жағдайларда төлемдерді/аударымдарды жүргізуге байланысты жағдайларда, орындамауға құқылы;

3.4. Шоттан қаражатты алу қолданыстағы заңнамамен, осы Жалпы Шарттармен, Өтініммен, Банктің ішкі құжаттарымен тікелей көзделген жағдайлардан басқа, Клиенттің келісімімен ғана жүргізіледі;

3.5. Үшінші тұлғаның төлем нұсқаулары тиісті сот немесе Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органының шешімі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге негіздер бойынша орындалуға қабылданады және Клиенттің қосымша келісімінсіз орындалады. Банк, егер үшінші тұлға Банкке шоттан ақшаны акцептсіз алу туралы Клиенттің келісімін қамтитын құжатты қоса берумен Банкке нұсқау ұсынса, Клиенттің Шоттарынан акцептсіз алуды жүргізуге құқылы;

3.6. Банк өз міндеттемелерін және Клиенттің нұсқауларын орындау және қол қойылған Өтінімге сәйкес өзге қызметті ұсынған кезде үшінші тұлғалардың қызметін пайдалануға құқылы, қоса, бірақ шектелместен, үшінші тұлғаларды пайдалану қолданыстағы заңнамамен тікелей белгіленген жағдайларда. Банк Өтінім бойынша үшінші тұлғалардың міндеттемелерді бұзуға себеп болған әрекеттерінің кемшілігіне жауаптылық көтермейді;

3.7. Банк Клиенттер арасында SMS-ақпарат арқылы Банктің жарнама-ақпараттық сипаттағы қызметтері туралы жаппай таратуды жүргізу құқылы;

3.8. Банк осы Жалпы Шарттардың 1-тарау. 2-бап 2.14.-т. сәйкес, сондай-ақ Клиентпен Банкке төленуге жататын кез келген және барлық соманы есептеу тәртібінде, Банк Банк тарифтері, Шарттар және оларға кейінгі түзетулер негізінде құқылы кез келген және барлық комиссияны қоса, Банктің түзету операцияларына қатысты Клиенттің оның алдын-ала келісімінсіз Клиенттің барлық және кез келген шотын дебеттеуге құқылы;

3.9. Банк өз беделін қорғауға ұмтылады және ақшаның «жылыстауымен» және күмәнді операциялармен күрес халықаралық стандарттарын ұстанады. Клиенттің шотына ірі сома (ірі мөлшер Банкпен дербес белгіленеді) енгізілген/есепке алынған/алынған жағдайда Банк Банкпен белгіленген мерзімде осы ақшаның заңдылығын растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге, ал Клиент ұсынуға міндетті. Аталған құжаттар ұсынылмаған жағдайда Банк ақшаның заңдылығы расталмаған деп есептейді және Клиенттің шотына ақшаны есепке алмауға және бермеуге және/немесе бір тарапты соттан тыс тәртіпте банктік қызмет көрсетуден бас тартуға және шотты жүргізуді және қызметті тоқтатумен шотты жабуға құқылы;

3.10. Банк Клиенттен, Банктің ерекше пікірі бойынша Клиентке банктік қызмет көрсетуге қажетті, шектеусіз шотт(-ард)(-ан) ақшаны есепке алу/алу және қолма қол ақша енгізу/алуды қоса, кез келген құжатты/ақпаратты талап етуге құқылы;

3.11. Егер Банкпен талап етілген құжаттар/ақпарат ұсынылмаған немесе кез келген себептер бойынша Банкті қанағаттандырмаған жағдайда Банк құқықтары шотты пайдалануға Банктің келісімімен қалпына келтірілетін, Клиентке банктік қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы;

3.12. Клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимылды реттейтін қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банк Клиенттің шоты бойынша кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға немесе жүргізуді тоқтатуға құқылы екендігінен хабардар және келіседі. Және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Клиенттің шоты бойынша операцияны орындаудан бас тарту, сондай-ақ операцияны тоқтату Банктің тиісті Өтініш (міндеттемелер) шарттарын бұзуға Банктің азаматтық-құқықтық жауаптылығы үшін негіз болып табылмайды;

3.13. Банк қолданыстағы заңнама аясында Клиентке осы жалпы Шарттармен көзделген тәртіпте Клиенттің

шоты бойынша өзінің кез келген операцияны жүргізуден бас тарту немесе жүргізуді тоқтату туралы Клиентке хабарлауға тырысады;

3.14. Банк, егер Клиент қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда, Банктегі шоттың барлығына байланысты өз міндеттемелерін орындамаған, Клиенттің банкротқа ұшыраған немесе таратылған, Клиент қылмыстық қудаланған немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылған, Клиентті халықаралық қуғындау, егер Клиентке қатысты қандай-да бір санкциялар немесе шетел/халықаралық/ұлттық ұйымдармен (FATF, OFAC, БҰҰ және т.б.) шектеулер қойылған, егер Банкте Клиент лаңкестік қызметке және/немесе кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимылға қатысады немесе Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген жағымсыз салдарларға әкелетін Клиентті қылмыстық қудалауға тартқан немесе тартуы мүмкін және/немесе өзге жағдайлардың туындауы мүмкін деген күмән болса (Банк өз күмәнін негіздеуге және дәлелдеуге тиісті емес), кез келген уақытта бір тарапты соттан тыс тәртіпте Клиентке алдын ала хабарламастан құқықтық қатынастарды бұзуға, сонымен шотты жүргізуді және қызмет көрсетуді тоқтатумен шотты жабуға құқылы. Және осындай жағдайлардың басталуы Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелерінің дереу орындалуына жатады. Сонымен қатар Банк Клиенттің төлем нұсқауларын кешіктірумен немесе орындауды тоқтатуымен келтірілген залалдарына ешқандай жауаптылық көтермейді. Банк мүмкіндігінше, Клиентке құқықтық қатынастарды бұздан осындай бас тарту және осы Шарттармен көзделген тәртіпте шотты жабу туралы кейінгі Хабарлама жөнелтуге құқылы, бірақ міндетті емес;

3.15. Банк осы Жалпы Шарттардың негізінде, егер Банк Клиентті хабар-ошарсыз жоқ болу/қайтыс болу/өлді деп хабарлау фактісін растайтын құжаттың тиісті куәландырған көшірмесін алса, шотты кейін жабумен шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға құқылы;

3.16. Қайтыс болған/өлді деп жарияланған Клиенттің шотынан ақша қолданыстағы заңнамамен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде және құжаттар негізінде тарифтерге сәйкес Банктің комиссиясын шегерумен, қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұрагерлеріне/уәкілеттенген өзге тұлғаларына беріледі.

4-БАП.

ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ.

ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ АЛЫП ТАСТАУ

4.1. Тараптардың әрқайсысы өзге Тарап алдында қолданыстағы заңнамаға және көрсетілген құжаттарға сәйкес осы Жалпы Шарттар бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді бұзғаны үшін жауап береді;

4.2. Тараптар бір-бірінің алдында осы Жалпы Шарттар бойынша міндеттемелерді әдейі немесе тиісті орындамағаны үшін ғана жауап береді. Осы Жалпы Шарттар бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда Тараптар нақты залал мөлшерінде ғана жауаптылық көтереді;

4.3. Клиент олармен жасасылған мәмілелердің заңдылығына, төлемнің заңдылығына және төлем құжаттарының тиісті ресімделуіне, сондай-ақ Клиент осы Жалпы Шарттарды бұзған жағдайда қате төлем тапсырысы сомасы шегінде соңғысының қате төлем тапсырмасын орындауға байланысты Банкпен келтірілген залалға жауап береді;

4.4. Банк Клиент алдында қолданыстағы заңнамамен белгіленген мөлшерде және тәртіпте төлем немесе ақша аударымы бойынша Клиенттің нұсқауларын тиісті орындамағаны үшін жауаптылық көтереді;

4.5. Тараптар осы Жалпы Шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайларға, егер осындай жағдайлар осы Шарттардың VI –тарау 1-бабында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы салдарынан болса, жауап бермейді;

4.6. Клиенттің шоты бойынша санкцияланбаған төлемдерден қорғау мақсатында Банк төмендегі әрекеттерді жүргізеді:

а. қағаз тасымалындағы төлем құжаттарының түпнұсқалары негізінде операция жүргізген кезде Банк төлем құжатындағы қойылған қолдардың және Банктің мөр бедерлемесі үлгісі бар уәкілетті тұлғалардың қолдарына және Клиенттің мөріне визуалды салыстыру жүргізеді, жеке тұлғалар бойынша – жеке басын куәландырушы құжаттағы қойылған қол қою үлгісіне;

б. Клиенттің электрондық төлем құжаттары негізінде операциялар жүргізген кезде санкцияланбаған төлемдерден қорғау тиісті шарттармен көзделген тәртіпте жүргізіледі;

4.7. Клиент жауаптылық көтереді:

4.7.1. карточканы тиісті пайдаланбағаны және/немесе Жалпы Шарттарды орындамағаны, тиісті орындамағаны үшін толық көлемде Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген залалға;

4.7.2. карта Ұстаушы/лармен/қосымша карта Ұстаушылармен Карталарды және Жалпы шарттарды пайдалану бойынша талаптарды орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Банкке келтірілген залалды толық көлемде;

4.7.3. карточка Ұстаушы(-лар)мен және/немесе қосымша карта Ұстаушы(-лар)мен карточканың жоғалғаны/ұрланғаны немесе оны уәкілетті емес тұлғамен пайдаланғаны және Банктің карточкаға тежеу қоюы фактісі туралы хабарлағанға дейін келтірілген үшінші тұлғалардың карталарды санкцияланбай пайдаланғаны нәтижесінде Банкпен және/немесе үшінші тұлғалармен келтірілген залалға;

4.7.4. Шотқа қате есепке алынған ақшаны Банкке қайтармағаны/уақытында қайтармағаны үшін – қайтарылмаған/уақытында қайтарылмаған сома мөлшерінде;

4.7.5. интернет арқылы, пошта және/немесе телефон тапсырыстары жолымен тауарларға және/қызметтерге төлем жүргізу үшін Карточканы (оның деректемелерін) пайдаланумен жүргізілген барлық карточкалық операциялар үшін.

4.8. Банк жауаптылық көтермейді:

- 4.8.1. Карточка Ұстаушының келген елінде валюталық шектеулер, сондай-ақ Банкоматтардан немесе ІҚК қолма қол ақша алу сомасына белгіленген шектеулер қандай дәрежеде болмасын карточка Ұстаушының мүдделерін қозғауы мүмкін;
- 4.8.2. Карточка бойынша алынған, онан кейін СҚК қайтарылған тауар үшін, Банк СҚК ресімделген кредит операциясы негізінде карточка Ұстаушының шотына ақшаны есепке алу жолымен қолма қол ақшасыз тәртіпте ғана тауардың құнын қайтарады;
- 4.8.3. егер ПИН-код немесе код сөзі үшінші адамдарға карточка Ұстаушының кінәсінен мәлім болса;
- 4.8.4. салдарынан сұрау Карточкалық операция жасау үшін Банкке келіп түспейтін, ІҚК және СҚК/ІҚК арасында байланыстың жоқтығы салдарынан карточкалық операцияны жүргізудің мүмкін еместігіне;
- 4.8.5. карточка Ұстаушының жоғалған/ұрланған Карточкасына уақытында тежеу қоймағаны үшін, сондай-ақ үшінші адамдардың Шотқа санкцияланбаған қол жетімділігі жағдайында;
- 4.8.6. ақшаны пайдалануға тыйым салынған, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылған уәкілетті органдардың және лауазымды тұлғалардың актілері негізінде, сондай-ақ олар бойынша міндеттемелерді толық өтегенге дейін картотекаға акцепт талап етпейтін төлем құжаттарын қойған кезде шығыс операцияларын тоқтатқан жағдайларда шот бойынша карточкалық операцияны жүргізудің мүмкін еместігіне;
- 4.8.7. карточка Ұстаушының үшінші адамдарға ПИН-кодты, карточканың деректемелерін берумен карточка Ұстаушыға келтірілген залалға;
- 4.8.8. тікелей бақылау жоқ ХТЖ, электрондық құрылғылардың, Банкоматтардың жұмысындағы іркіліске;
- 4.8.9. Карточканың (оның деректемелерін) пайдаланумен жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша интернет арқылы, почта және/немесе телефон тапсырыстары жолымен тауарларға және/немесе қызметтерге төлем жүргізгені үшін;
- 4.8.10. егер мобилді телефонның ұрлануы, жоғалуы нәтижесінде (бірақ шектелместен), алаяқтық және өзге әрекеттер Өтінімде көрсетілген мобилді телефон нөміріне алынған немесе жөнелтілген ақпарат (банктік операциялар, шоттағы ақша қозғалысы туралы мәтіндік хабарламалар және т.б.) телекоммуникациялық байланыс қызметкерлеріне және өзге үшінші адамдарға мәлім болған;
- 4.8.11. нөміріне SMS-ақпарат берілетін мобилді телефон жоғалған/ұрланған жағдайларда қызметке тежеу қойылған сәтке дейін банктік құпияны құрайтын мәліметтерді үшінші адамдарға жария етілуі мүмкін және басқа әрекеттер үшін;
- 4.8.12. «SMS-хабарлама» қызметі бойынша даулар мен келіспеушіліктер барлық жағдайларда карточка Ұстаушы және ұялы байланыс операторы арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Банктің кінәсінен туындамайды.

5-БАП.

ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

- 5.1. Клиент Банктен алынған, оның ішінде хабарламаларда көрсетілген барлық ақпаратты дереу тексеруге міндетті. Сонымен қатар Клиент Банкпен Клиент талаптарын дұрыс орындалуын тексеруге міндетті. Егер Клиент қандай-да бір дәлсіздіктерді, дұрыс орындамауды және/немесе толық орындамауды, санкцияланбаған операциялардың болуын байқаса, ол 1 (бір) жұмыс күні ішінде дереу бұл жөнінде телефон арқылы ауызша, онан кейін жазбаша нысанда Банкке хабарлауы керек;
- 5.2. Барлық даулар бойынша Клиент жазбаша сұраумен Банкке жүгінеді. Банк даудың маңыздылығына қарай оны қару мерзімін дербес белгілейді, алайда Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ол Банкке келіп түскен (Банкте тіркелген күннен бастап) 15 (он бес) күнтізбелік күннен кеш емес. Қолданыстағы заңнамамен көзделген жеке жағдайларда сұрауды қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, сонымен қатар Банк Клиентке осындай ұзарту туралы хабарлауы керек;
- 5.3. Клиенттің талабы негізді деп танылған жағдайда Банк жүргізілген операцияға түзету, сондай-ақ туындаған дауды реттеу үшін өзге де қажетті әрекеттерді жүргізеді;
- 5.4. Клиенттің талабы негізсіз деп танылған жағдайда Клиент Банкке қойылған талапты қарауға байланысты барлық мүмкін шығындарды өтейді. Банк осы Шарттардың негізінде және Клиенттің қандай-да бір қосымша келісімінсіз келтірілген шығындар сомасын Шоттан алуға құқылы.

6-БАП.

ЮРИСДИКЦИЯ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ

- 6.1. кез келген Шотқа қатысты осы Жалпы Шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі;
- 6.2. кез келген шотқа қатысты Қазақстан Республикасының соттары осы Жалпы Шарттарға байланысты туындайтын кез келген дауларды шешкен кезде ерекше юрисдикцияға ие. Клиент те, Банк те осындай соттардың юрисдикциясын үзілді-кесілді таниды.

7-БАП.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 7.1. Осы Жалпы Шарттар, Банктің Өтінімі Тараптар арасындағы барлық алдыңғы ауызша немесе жазбаша келісімдерді ауыстырады. Банк өзгерту Клиенттің келісімімен енгізілетін шарттардан басқа, осы Шарттармен көзделген тәртіпте Клиентке хабарлаумен қолданыстағы Жалпы Шарттардың шарттарын шарттарын және

тарифтерін өзгертуге құқылы;

7.2. Егер осы Шарттарда/Өтінімде қандай-да болмасын бір немесе онан көп ереже жарамсыз, заңсыз немесе кез келген қолданылатын заңнама бойынша қолданылмайтын болса, бұл ешқандай түрде аталған құжаттарда қамтылған оның қалған ережелерінің жарамдылығына, заңдылығына және қолданушылығына ықпал етпейді. Бұл жағдайларда Банк бір тарапты тәртіпте қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес осы Шарттардың ережелерін өзгертуге құқылы;

7.3. Банк Клиентке күшіне енгенге дейін он төрт күнтізбелік күнде осындай өзгертулерді хабарлаумен осы Жалпы Шарттарға өзгертулер енгізуге құқылы, бір тарапты өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, және Банк Клиентке хабарлаудың тәсілін дербес белгілеуге құқылы. Клиент осы Жалпы Шарттарға өзгертулер туралы ақпаратты алмауға байланысты жауаптылықты және мүмкін тәуекелді көтереді. Өзгертулер енгізілгеннен кейін осы Жалпы Шарттар өзгертілген түрде әрекетін жалғастырады;

7.4. Банк Банспен ұсынылатын жаңа қызметтер спектрін дербес ұлғайтуға құқылы. Осындай қызметтер туралы хабарлама Клиентке Банктің ресми сайтында, интернет желісінде немесе Банктің бөлімшелерінде хабарланады, немесе Клиентке Хабарлама жөнелту (Клиенттің осындай Хабарлама алуын растау талап етілмейді) арқылы немесе Шот бойынша үзінді-көшірмеге қосымша ақпарат енгізу жолымен хабарланады. Осылайша ұсынылған ақпарат тиісті хабарламада көрсетілген күннен бастап және тәртіпте автоматты түрде осы Шарттардың ажырамас бөлігі болып қалады;

7.5. Осы Жалпы Шарттарға/Шартқа қатысы бар барлық құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалған. Түрлі оқулар болған жағдайда түпнұсқа болып табылатын орыс тіліндегі балама басымдыққа ие. Өтінімдер, Клиенттің нұсқаулары Клиентке қолайлы көрсетілген кез келген тілде Клиентпен толтырылады және қол қойылады;

7.6. Тараптар осымен өзара қатынастардың негізгі қағидаларын белгіледі және Тараптар арасындағы кез келген келіспеушіліктер мен даулар әділ келіссөздер барысында осы қағидалар негізінде шешілуі тиіс. Егер осындай даулар әділ келіссөздер барысында реттелмесе, Тараптар Банктің қарауында Банк немесе оның филиалы орналасқан жердегі соттың көмегіне жүгінеді. Осы Шарттармен және қол қойылған Өтініммен тікелей реттелмеген қатынастар қолданыстағы заңнама тәртібіне сәйкес реттеледі;

7.7. Өтінімдегі кез келген өзгертулер мен толықтырулар, егер олар осы Жалпы Шарттарға және қол қойылған Өтінімге сәйкес бір тарапты тәртіпте Банспен енгізілетін өзгертулерді және толықтыруларды қоспағанда, олар Тараптармен қол қойылса, жарамды. Банк Өтінімге, оған өзгертулер мен толықтыруларға қол қойған кезде уәкілетті тұлғаның жеке қойған қолының (факсимиле) және Банк мөрінің бедерлемесінің ұқсастығын қолдануға құқылы.

Мәміле жасасқан кезде, егер бұл заңнамаға немесе қатысушылардың бірінің талабына қайшы келмесе, қойылған қолдың, электрондық цифрлық қолдың факсимильді көшірмесінің құралын пайдалануға болады. Және Клиент факсимилені пайдалану оның түпнұсқа ретінде танылуын растайды;

7.8. Тараптар осы Жалпы Шарттардың және қол қойылған Өтінімнің ауыртпалық шарттарын қамтымайтындығына, кіріптарлық болып табылмайтындығын, сондай-ақ ақылға қонымды ұғынықты мүдделерді ескерумен тиісті түрде Тараптардың қатынастарын сипаттайтындығына келіседі;

7.9. Осы Шарттармен көзделмеген және реттелмеген барлығы қолданыстағы заңнамамен реттеледі және белгіленеді.